Предлагаю следующее пути решения развития НПФ: 1. Внедрение инновационных проектов в развитие НПФ РҚ; 2. Своевременная индексация для предупреждения падения реальной стоимости пенсий в условиях инфляции; 3. Введение «мультипортфелей», дающих возможность принимать инвестиционные решения в вопросах управления своих пенсионных накоплений, основываясь на собственном предпочтении в соотношении риска и доходности; Для начала предполагается введение лишь трех портфелей, основанных на консервативной, умеренной и агрессивной инвестиционных стратегиях. Однако в будущем при определенных условиях возможна и иная модель сочетания уже большего числа стратегий инвестирования активов. Таким образом, возникает перспектива, в которой вкладчики будут наделены не только правами, но и ответственностью за управление своими пенсионными активами. Аналитики рассчитывают на то, что подобная мера будет эффективной как минимум по трем проблемным позициям: в преодолении низкого уровня финансовой и инвестиционной грамотности населения; в вовлечении в пенсионную систему тех, кто все еще предпочитает оставаться вне ее; и в развитии добровольного пенсионного обеспечения. Қстати, введение множественности инвестиционных портфелей наряду с обеспечением твердых гарантий сохранности пенсионных накоплений являются приоритетными задачами, поставленными главой государства в рамках дальнейшего развития накопительной пенсионной системы страны. 4. Расширение внутреннего рынка инвестиций и спектра предлагаемых финансовых инструментов. 5. Обеспечение сохранности пенсионных накоплений и дальнейшее совершенствование механизмов по защите прав вкладчиков и получателей, системы пенсионных выплат и переводов.

# ГОСУДАРСТВО И ПРАВО

## Азық-түлік жағдайы және ауыл шаруашылығы өндірісінің дамуының құқықтық мәселелері

Ерниязова Жанаргүл Аскаровна, студент
Ғылыми жетекшісі: Жомартқызы Мария, заң ғылымдарының кандидаты, доцент;
«Болашақ» университеті (Қызылорда қаласы, Қазақстан)

Азық-түлік жағдайы адамзат тарихында әлімсақтан келе жатыр. Адам баласы ғасырлар бойы өмір сүре отырып, азық-түлік молшылығын жасау жолдарын нәтижелі шешуді армандап келеді. Ғылым мен техника дамуымен таңқаларлық әр түрлі жобалар пайда бола бастады. Олардың көбісі бір жаңалықпен немесе өнертапқыштықпен бүкіл адамзатты азық-түлікпен қамтамасыз етуді мақсат етіп қойды.

Қазіргі уақытта жер шарында ауыл шаруашылғы өнімдерін өндіру үшін бар-жоғы бір миллиардқа жуық гектар жер аумағы пайдаланылады. Ал ауыл шаруашылғы қажеттілігіне жарамды жердің жалпы әлемдік қоры 10,5 миллиардқа жуық гектар дер құрайды. Өз кезінде Р.Р. Оспанов айтып кеткендей, егер планета бойынша адамдардың саны мұхит кеңістігіне ағаш салып өмір сүретіндей жағдайға жетсе де, біздің жеріміз соның барлық адамдарын қоректеуге қауқары жетеді [3].

Бұл үшін тиісті әлеуметтік-экономикалық және саяси жағдай керек. Жаппай қаруланудыі тоқтату көптеген елдердің экономикалық және техникалық артта қалуын жою, агарлық экономиканы реформалау және басқа жаңғыртуларды жүргізу мәселені шешуде ерекше рол атқарды.

Біртұтас әміршіл мемлекет ретінде КРСО-ның өмір сүруін тоқтатуды, бұрынғы республикалардың орнына жаңа тәуелсіз мемлекеттердің пайда болуы осы елдердің тұрғындары азық-түлікпен қамтамасыз ету жағдайын күн тәртібіне түсіре алмайды. Алайда, бұл жерде әлеуметтік және саяси жаңғыртылуларды жзеге асыру қажеттіліктері түр.

Барлық қажеттіліктерді, оның ішінде қоғамның барлық мүшелерін азық-түлікпен материалдық жағынан барынша толық қанағаттандыру туралы ұран көтерген өндірістің социалистік тәсілі іс жүзінде бұл міндеттерді орындауға қабілетсіз болып шықты. Халықты азық-түлікпен қамтамасыз етуде белгіді бір табысқа жеткеніне қарамастан шын мәнінде жоспарлы экономика кез келген өсірушіге, оның ішінде азық-түлік өндірушіге өндіріс құралдарын алыста қалып, өз шығарған өнімнің қожайыны бола алмайтындай өндірістік қатынастарды танудан әрі аса алмады. Нәтижесінде ауыл шаруашылығында бөлінген үлкен күрделі қаржы, өндірістегі өндіріс құралдарының айқын басымдылығы және жер шаруашылғы, мал шаруашылығы, механизациядағы, агрохимиялық жабдықтаудағы орасан ғылыми-техникалық өркениет және басқа жетістіктер уәде етілген тамақ өнімдері мен өнеркәсіп үшін шикізаттың молшылығын жасауға мәнді әсер ете алмады [3].

Азық-түлік проблемасын шешуді тежеудің негізгі себебі. Тіпті де материалдық ресурстардың тапшылығы немесе ауыл еңбеккерлерінің жалқаулығы емес әлеуметтік-саяси және экономикалық жүйенің ажырамас бөлігі болып саналатын басқарудың әміршіл-әкімшіл әдісі екенін ақыр-аяғында түсінгеннен кейін барып, кейіннен өз кезегінде саяси жүйенің ауысуына әкелегн экономикадағы нарықтық қатынастарға күрт қадам жасалынды.

Азық-түлік жағдайын түпкілікті жақсартпай, нарықтық тегергішті игеру жөніндегі жұмыстарды бір арнаға түсіру тіпті мүмкін емес. Егер өмір барған сайын қиындай берсе, ал халық қарыны тойып тамақ ішпей, қайыршылғын қоймаса, ең тартымды және көңілге қуаныш ұялтады деген бағдарламаның өзі қолдау таппай құрдымға кетеді.

Халықты азық-түлікпен қамтамасыз етуді жақсарту әлеуметтік абыржуды тоқтатуға немесе барынша байыпты арнаға түсіруге мүмкіндік беріп, этносқа проблемаларды шешуге толқуларды басып мұнай, газ, және басқа орыны толмас табиғи ресурстарды сыртқа шығаруды қысқартып, инфлияцияны ауыздықтап қаржылық және ақша жүйелерін сауықтырады.

Ауыл шаруашылық өндірісі басшылықтың білікті болғанына, жұмысшылардың белсенді күш-жігеріне қарамастан көптеген факторлардың әсерінен азапқа түскен адамдай ауыр халді басынан кешіреді. Мысалы, әзірге адамның бақылауын аз көнетін табиғи фактор, оның ішінде ауа райының жағдайын алайық. Қуаңшылық,

бұршақ жауу және басқа қолайсыз құбылыстар жұмысшылардың барлық ұтылысына айтарлықтай зиян әкелі немесе тіпті жоққа шығарып тынады [4].

Өндірістің ерекше саласы ретінде ауыл шаруашылғының ерекше белгісі онда өндірілген (тұқым, жем, малдың төлі, органикалық тыңайтқыш және басқалар) одан әрі өнімді көбейту үшін қолданылатындығы болып табылады. Биологиялық факторлар мен тірі организмдерді пайдалануға негізделген ауыл шаруашылғында бұл жағдай оның өндіріс техникалық да ерекшелігін білдіреді. Табиғи-биологиялық фактор өндірістің тиімділігін анықтауда ең басты факторы болып саналады. Мал мен өсімдіктер дамуының табиғи заңдылықтарын сақтамау басқа өндірістік экономикалық ресурстардың тиімділігін төмендетуіне әкеліп соқтыратын болатын техника, еңбек ұйымдастыру жүйесі аталмыш факторға қарай ыңғайланады.

Ауыл шаруашылығынның маусымдық қасиеті оның табиғи ерекшеліктері болып табылады. Мұның өзі өндіріс кезеңі мен жұмыс кезеңінің тура келмеуін туындырып, жыл бойы жұмысшы күші мен материалдық техникалық ресурстардың тепе-тең пайдалануға қолбайлау жасап, табыстың түсуінде ала-құла қылады.

Табыстың түсуінің маусымдық мәнде болуы барлық өндірістік циклдік өң бойында шығарылатын шығынның орнын толтырудың өте қажет көзі ретінде ауыл шаруашылық өндірістік несиелік ресурстар алуға итермелейді.

Ауыл шаруашылық жұмыстарының қарбалас кезеңдеріне шуруа уақытпен санаспай, демалыссыз, демалыс пен мерекелік күндерсіз ауа райының қолайлы сәттерін қалт жібермей, қымбат уақытты тиімді пайдалану үшін жан-тәнін салып жұмыс істейді. Оның есесіне кейбір кезеңдерде, әсіресе қысқы уақытта шаруа адамы апталап, тіпті айлап бос болады.

Аграрлық өндірістің жоғарыда айтылған ерекшеліктері, оның қоршаған ортамен тығыз байланысты, ауа райы мен жер бедері жағдайының әр түрлілігі, шаруа еңбегінің ерекше мәнде болуы өз бойында іскер қожайын, басқарушы менеджер және жкұмысшы орындаушы сияқты үш қасиетті жинақталған ерекше жұмысшының жұмыс істеуін талап етеді. Агробизнес дамыған елдердің фермерлік шаруашылғындағы тұрақтылық пен тиімдімділік бәл соларға арқа сүйейді. Шаруашылық отбасылық шаруашылықтар көптеген ауыл шаруашылық бірлігі болып табылады. Отбасы өндірістік ұжым ретінде өз бойына өндірістік қызметтің іскерлік, басқару және орындаушылқ міндеттерін тамаша жинақтай білді.

Бүгінде еліміздегі басты бағыттың бірі де бірегейі — отандық өнім сапасын арттырып, елді азық-түлікпен қамтамасыз ету болып отыр. Аграрлық бизнестің тиімді жүйесін қалыптастыру, отандық өнімнің бәсекеге қабілеттігін арттыру және сыртқы рынокта сату көлемін ұлғайту, азық-түлік импортының деңгейін төмендетуде ауқымды жұмыстар жасалып жатыр. Егін және мал шаруашылығын дамыту мен одан алынатын өнімдерді өңдеу мәселесіне жан-жақты назар аударылған.

Сонымен қатар ауыл шаруашылығы өнімдерінің негізгі қайнар көзі ауылшарушылық жерлері де өнімнің саны мен сапасына әсер етіп отыр. Ауылшарушылық кәсіпорындарын реформалаудың нәтижесінде, өнімі аз және сортаң жерлердің ауыл шаруашылығы айналымынан шығарылуына байланысты ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер 1991 жылғымен салыстырғанда 127,5 млн. гектарға немесе 2 еседен астам кеміді, сонымен бірге егістік жер 13,3 млн. гектарға (2,7 есе) азайды. Қазақстан Республикасының «Жер туралы» 2001 жылғы 24 қаңтардағы N 152-II Заңға сәйкес мемлекеттік емес ауыл шаруашылығы жер пайдаланушыларының жерді тұрақты пайдалану құқығы жойылды және 49 жылға дейін мерзімге жалға алу шартымен уақытша ұзақ мерзімді жерді пайдалану институты енгізілді [1]. 2003 жылғы 1 қаңтардан бастап уақытша ұзақ мерзімді жерді пайдаланудың енгізілуі ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің бір бөлігінің жағдайына теріс әсерін тигізеді; ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерге жеке меншіктің болмауы аграрлық секторда кепіл қатынастарының дамуын және күрделі қаржыны ұлғайтуды тежейтін факторлардың бірі болып табылады; тұрақты жер қатынастарының болмауы ірі және орта тауарлы ауыл шаруашылығы құралымдарын дамытуға ынталандырмайды; топырақтың сапасын анықтайтын қазіргі заманғы материалдардың болмауы (топырақтың сапасын анықтау жөніндегі соңғы толық көлемді жұмыс 1986–1987 жылдарда жүргізілген) нақты бағалауға және жер салығының көлемін саралауға мүмкіндік бермейді; топырақтың құнарлылығын арттыруға ынталандырудың, сондай-ақ топырақ құнарлылығының жай-күйін пәрменді қадағалаудың экономикалық тетігінің болмауы жер пайдаланушылардың жерді пайдалану жөніндегі жауапкершілігін төмендетеді.

Әдебиет:


1. Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін орнықты дамыту жөніндегі 2009–2011 жылдарға арналған шаралар кешенін бекіту туралы / Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 28 қарашадағы №1106 Қаулысы / Параграф ақпараттық жүйесі. 2010
2. Еркинбаева Л.Қ Аграрные правоотношения в Республике Казахстан: Автореферат дисс. на соиск. уч.степени д.ю.н.: 12.00.08 — Алматы, 2008. — 41 с.
3. Стамқұлов Ә.С., Стамқұлова Г.Ә. Қазақстан Республикасының жер құқығы. Жалпы бөлім. Оқу құралы — Алматы: Заң әдебиеті, 2006–334 б.

4. Архипов И.Г. Земельное право Республики Казахстан: Учебное пособие. Алматы.: Изд-во «Борки», 1997. — 295 с.
5. Жариков Ю.Г., Улюкаев В.Х. Земелное право. Учебник. Изд — Былина, 1997–400 с.
6. Боголюбов С.А Земельное право. Учебник — Москва: Норма — ИНФРА, 1999. — 400 с.

# Жер қойнауын пайдаланушылар төлейтін салықтар мен арнаулы төлемдердің құқықтық негіздері

Ерханов Дархан Меирбекович, студент
Ғылыми жетекшісі: Сарыбаев Азамат Мухамедович, оқытушы
«Болашақ» университеті (Қызылорда қаласы, Қазақстан)

Жер қойнауын пайдаланушылар төлейтін салықтар мен арнаулы төлемдерге: үстеме пайда салығы; экспортталынатын ішкі мұнайға салынатын рента салығы; бонустар; роялти; өнімді бөлу бойынша Қазақстан Республикасының үлесі жатады.

Аталған салықтар мен арнаулы төлемдер және бюджеттке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша салықтық міндеттемелерді есептеу оларды төлеу жөніндегі міндеттемелер пайда болған кезде қолданылып жүрген Қазақстан Республикасы салық заңдарына сәйкес жүргізіледі.

Қазақстан Республикасының Үкіметі немесе құзыретті орган мен міндетті салық сараптамасынан өткен отандық немесе шетелдік жер қойнауын пайдаланушылар арасындағы жер қойнауын пайдалануға арналған келісім-шарттарда айқындалған салық салу шарттары олардың қолданылуының белгіленген бүкіл мерзімі ішінде сақталады және қолданылады әрі Қазақстан Республикасы салық заңдарының өзгеруіне байланысты тараптардың келісімі бойынша түзетілуі мүмкін.

Өнімді бөлу туралы келісім-шартта белгіленген салық салу шарттары келісім-шартқа қол қойылған (жасалған) күні қолданылатын жеке және заңды тұлғалардың салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді төлеуін реттейтін Қазақстан республикасының салық заңдарының ережелеріне сәйкес болуға тиіс.

Салық сараптамасы жүргізілген күн мен өнімді бөлу туралы келісім-шартқа қол қойылған күн аралығындағы кезеңде Қазақстан Республикасының салық заңдары өзгерген жағдайда қайтадан сараптама жүргізіле отырып, салық режимі осы өзгерістерге сәйкес келтіріледі.

Бірнеше салық төлеуші жер қойнауын пайдалануды өнімді бөлу туралы бір келісім-шарт бойынша жүзеге асыратын жағдайда осы келісім-шартта белгіленген салық режимі олардың барлығы үшін ортақ болып табылады.

Осындай келісім-шарт аясында жүзеге асырылатын қызмет бойынша салық төлеушілер салық салу мақсатында бірыңғай шоғырландырылған есеп жүргізуге және келісім-шартта белгіленген барлық салықтар мен төлемдерді төлеуге міндетті.

Бір келісім-шарт бойынша қызметті жүзеге асыратын резидент емес қойнауын пайдаланушыларға келісім-шартта белгіленген салықтар бойынша Салық кодексінің 184–186 баптарына сәйкес салық салынуға тиіс.

Келісім-шарт аясында жүзеге асырылатын қызмет бойынша салық міндеттемелерін есептеу және осы келісім-шарт аясынан тыс қызмет бойынша салық міндеттемелерін есептеу үшін жер қойнауын пайдаланушы бөлек есеп жүргізуге міндетті.

Қазіргі уақытта жер қойнауын пайдаланушылардың келісім-шарттары мен мемлекеттің салық салу аясында салық режимінің екі үлгісі қолданылады.

Бірінші үлгі өнімді бөлу бойынша Қазақстан Республикасының үлесін есепке алмағанда Салық кодексінде көзделген салықтар мен басқа да міндетті төлемдердің барлық түрлерін бюджетке төлеуді көздейді.

Екінші үлгі жер қойнауын пайдаланушының өнімді бөлу бойынша Қазақстан Республикасының үлесін төлеуін (беруін), сондай-ақ Салық кодексінде көзделген салықтар мен басқа да міндетті төлемдердің барлық түрлерінің бюджетке төленуін көздейді. Алайда олардың қатарына экспортталған шикі мұнайға салынатын рента салығы, газ конденсатын қоса алғанда, шикі мұнайға салынатын акциз және мүлік салығы қосылмайды.

Салық кодексінің 283-бабында көрсетілген екінші үлгі бойынша салық салу шарттары өнімді бөлу туралы Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен жасалған келісім-шартта ғана айқындалады.

Үстеме пайда салығы

Үстеме пайда салығы заң жүзінде көзделген белгілі бір жағдайға орай оны төлеу міндеттілігі туындайтын, төлеушілері жер қойнауын пайдаланушылар болып табылатын фискальдық (мәжбүрлі) алыным нысаны ретінде роялти, бонустар сияқты және тағы басқа да міндетті төлмедер қатарынан көрініс табады.

Үстеме пайда салығын төлеушілерге салықтық кезеңде тапқан таза пайдаларының шегерімге қатысты нормасының деңгейін 20 проценттен асыруларына байланысты нақты келісім-шарттар бойынша үстеме (қосымша) табысқа қол жеткізген жер қойнауын пайдаланушылар жатады.

Күнтізбелік жыл үстеме пайда салығы үшін есепті кезең болып табылады. Жер қойнауын пайдаланушылар салық органдарына үстеме пайда салығы жөніндегі де-

кларацияны салық кезеңінен кейінгі жылдың 10 сәуірінен кешіктірмей табыс етеді. Үстеме пайда салығы сол салық кезеңінен кейінгі жылдың 15 сәуірінен кешіктірілмей төленуге тиіс.

Экспортталған шикі мұнайға, газ конденсатына салынатын рента салығы

Шикі мұнайды, газ конденсатын экспортқа өткізетін (шығаратын) жеке және заңды тұлғалар, өнімді бөлу туралы келісім-шарттар жасасқан жер қойнауын пайдаланушыларды қоспағанда, экспортталатын шикі мұнайға және газ конденсатына салынатын рента салығының төлеушілері болып табылады.

Экспортқа өткізілетін шикі мұнайдың, газ конденсатының көлемі экспортталатын шикі мұнайға, газ конденсатына рента салығын салу объектісі болып саналады.

Экспортқа іс жүзінде өткізілетін шикі мұнайдың, газ конденсатының көлемі оларды тасымалдауға жұмсалған салық төлеушінің шығыстарын шегере отырып, шикі мұнайдығ газ конденсатының сапасына төмендетілген баға (үстеме баға) ескерілген нарықтық бағасын негізге алып есептелген экспортталатын шикі мұнайдығ газ конденсатының құны экспортталатын шикі мұнайға, газ конденстаына рента салығын есептеу базасы ретінде айқындалады.

Бонустар

Бонустар пайдалы қазбаларды геологиялық зерттеуге және өндіруге байланысты жер қойнауын пайдалану мақсатында жасалған келісім-шартта бекітілген тәртіппен жер қойнауын пайдаланушы төлейтін тіркелген төлемдер болып табылады.

Жер қойнауын пайдаланушылар тиісті келісім-шарттарында көзделген қызметтерді жүзеге асыруларына орай бонустардың мынадай түрлерін: қол қойылатын бонусты және коммерциялық табу бонусын төлейді.

Қол қойылатын бонус келісім-шарттың ауқымындағы аумақта жер қойнауын пайдалану жөніндегі қызметтерін жүзеге асыру құқығын алғаны үшін жер қойнауын пайдаланушы төлейтін біржолғы тіркелген төлем болып табылады.

Жер қойнауын пайдаланушы кең таралған пайдалы қазбалар мен жерасты сулары бойынша Пайдалы қазбаларды өндіргені үшін салық, олардың тұтынушыларға сатылғанына немесе өз қажеттеріне пайдаланылғанына қарамастан төлейді.

Мынадай заңды және жеке тұлғалар:

1) жеке тұлғалар өзінің жеке меншік құқығындағы жер учаскелерінде қндіретін жерасты сулары бойынша, осы сулар сыртқа сатылмайтын және кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру кезінде өндіріс пен технологиялық қажеттерге жұмсалмаған жағдайда;

2) жерасты суларын өзінің шаруашылық қажеттері үшін өндіруді жүзеге асыратын мемлекеттік мекемелер;

3) жер қойнауын пайдаланушылар өндірілген ілеспе жерасты суларын жер қабатының қысымын қалпында ұстау үшін кері айдағанда роялти төлемейді.

Роялти төлеу бойынша салық кезеңі күнтізбелік ай болып табылады.

Алдыңғы тоқсандағы Пайдалы қазбаларды өндіргені үшін салық бойынша орташа айлық төлемдер 1000 айлық есептік көрсеткіштен кем болған жағдайда салық кезеңі тоқсан болып табылады.

Жер қойнауын пайдаланушылар пайдалы қазбалардың барлық түрлері бойынша Пайдалы қазбаларды өндіргені үшін салық салық кезеңінен кейінгі айдың 15-інен кешіктірмей төлеуге міндетті.

Жер қойнауын пайдаланушы Пайдалы қазбаларды өндіргені үшін салық жөніндегі декларациясын өзі тіркелген жеріндегі салық органына салық кезеңінен кейінгі айдың 10-ынан кешіктірмей табыс етеді.

Әдебиет:

1. Болашақтың іргесін бірге қалаймыз. Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы.
2. Қазақстан Республикасының Конституциясы, 35-бап. (Конституция 1995 жыл 30 тамызда Республикалық референдумда қабылдынған. 1998 ж. 7 қазанда және 2001 жыл 21 мамырда және 2 ақпан 2011 жылы енгізілген өзгертулер және толықтыруларымен).
3. Қазақстан халқының әл-ауқатын арттыру — мемлекеттік саясаттың басты мақсаты. Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы.
4. Найманбаев С.М. Салықтық құқық. — Алматы, Жеті Жарғы, 2006. — 20 б.

# ИСТОРИЯ

## Қазақстандағы мұражайлардың қалыптасуы

Абикенова Сауле Муратбековна, магистрант
Ғылыми жетекшісі: Еспенбетова Алтын Түменбайқызы, тарих ғылымдарының кандидаты
«Болашақ» университеті (Қызылорада қаласы, Қазақстан)

Қазақстан тарихын зерттеуде қол жеткізген табыстар аз емес. Алайда, ғылымның бұл саласында зерттелмей жатқан тың және жаңа тұрғыдан қарауды қажет ететін мәселелер баршылық. Қазақстан Республикасының тәуелсіздікке қолы жетіп, қоғамның саяси-әлеуметтік, экономикалық, мәдени, рухани салаларындағы пайда болған түбегейлі өзгерістер зиялы қауым алдына оларды жаңаша зерделеу міндетін қойды. Осы міндетті жүзеге асыруда өткенді бүгінгі күннің биіктері тұрғысынан тарихи талдаудың маңызы зор. Өйткені қоғам өміріндегі бұрын-соңды болмаған саяси-әлеуметтік өзгерістер тарих ғылымына да сын көзбен үңіліп, оның түбегейлі мәселелеріне жаңаша баға беріп, нақты мұрағаттық тарихи материалдар негізінде жаңа тарихи таным тұрғысынан зерттеуді талап етуде.

Қазақстан Республикасы Президентінің жарлығымен 1998 жыл — «Халық бірлігі мен ұлттық тарих жылы» деп жариялануы еліміздің тарихының зерттелмей келген қырларын ашуға, ақтандақтардың орнын толтырып, шындықты қалпына келтіруге мол мүмкіндіктер берді. 2000 жылдың — «Мәдениетті қолдау жылы» деп жариялануы мәдени мекемелер мен өнер шаңырақтарының алдында тұрған өзекті мәселелерді шешуге мұрындық болғандығы баршамызға айқын. Заман талабына сай ұлттық, елдік тарихымызға қайта қарауға, оның сабақтары мен үлгілерін, ұлтымыз бен тәуелсіз республикамызды бүкіл әлемге танытуға және жас келешек ұрпаққа тәлім-тәрбие беру үшін пайдалануға мемлекеттік көлемде назар аударылып отыр. Осы тұста айта кететін болсақ, еліміздегі музейлердің алатын орны ерекше..

Кеңес өкіметі орнаған кезде Қазақстан жерінде төрт ірі музей Орынбор (1831), Орал (1859), Жетісу (1898), Семей (1883) өз жұмыстарын жалғастырды. [1.20–21]. Алдында екі рет құлдырауды басынан кешірген Орынбор губерниялық музейін 1919 жылы көктемінде атаман Дутовтың әскері талқандап, құнды заттарын талан-таражға салды. 1919 жылдың наурызында Семей Кеңестерінің съезі шешімімен Семей тарихи-өлкетану музейі Орыс жағрафиялық бөлімшесінен алынып, Семей халық ағарту бөлімінің құзырына берілді. Орал тарихи-өлкетану музейінің жұмысы қайта жанданып, тарихи-өлкетану бағытында өз қызметін жалғастырды.

1920 жылы Қырғыз (Қазақ) АҚСР Халық ағарту комиссариаты құрылып, оған басшылық ету белгілі қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсыновқа жүктелді. Ағарту саласын басқару елде болып жатқан өте келеңсіз жағдайлармен тұс келгенімен, А.Байтұрсынов мәдени-ағарту саласында қордаланған мәселелерді шешуге тырысып, қазақ зиялыларын комиссариат жұмысына тартты. Мысалы, ғылым, білім, ағарту саласында маңызды мәселелерді талқылау барысында Е. Омаров, С. Сәдуақасов, Ә. Бөкейханов, Х. Болғанбаев, Т. Шонанов, Ж. Аймауытов сынды азаматтар болған. 1921 жылы 18 қаңтарда бірінші Бүкіл қазақстандық конференцияда республиканың халық ағарту жұмысының өзекті мәселелері қаралды. «Қырғыз (Қазақ) АҚСР-сы Халық Ағарту Комиссариаты мен оның жергілікті халық ағарту бөлімдері туралы Ереже» бойынша оның құрамына Бас мұрағат және Бас музей басқармалары енді. [2.579].

Республикада музей ісін ұйымдастыру және дамыту бағытындағы үкімет шаралары нәтижесіз қалған жоқ. 1921 жылдың 23 тамызында Қырғыз (Қазақ) АҚСР Халық ағарту комиссариаты музей бөлімінің отырысында Орынбор өлкесінің музейі қорында Қырғыз (қазақ) өлкесі, Сібір, Орынбор аймағын бейнелейтін заттар жинақталғандықтан, оны Бүкілқырғыздық (қазақтық) тарихи-мәдени музейі етіп бекіту уақыт күттірмес міндеттердің бірі екендігі атап көрсетілді. 1920 жылы Көкшетау және Қостанай тарихи-өлкетану музейлерінің негізінің қалануына жергілікті оқу-ағарту мекемелерінің үлесі зор болды. Жаңа ашылған музейлердің қорын жергілікті оқу орындарының көрнекі құрал-жабдықтары, Колчак әскерімен бірге қашқан жергілікті ауқатты адамдардан қалған ескі қару-жарақтар, тұрмыстық заттар, түрлі киім-кешектер және өлкенің табиғатын бейнелейтін өсімдіктер мен жәндіктер құрады. 1930 жылы желтоқсанда Мәскеуде өткен бүкілресейлік музей съезі музейлерге тез арада жаңа маркстік-лениндік ілім тұрғысынан экспозициялар құруды ұсынды. Музей

құрылысындағы диалектикалық материализм әдістеріне арналған «Диалектикалық материализм және музей құрылысы» тақырыбындағы баяндамасында Халық ағарту комиссариаты ғылыми бөлімінің меңгерушісі П. К. Луппол музейді партияның идеологиялық қаруы ету міндеттерін анықтап, экспозицияларды марксистік негізде құру керектігін жеткізді.

Қазақстан музейлерінде тарихи-жаратылыстану, табиғи, этнографиялық бөлімдерге қоса өлкенің кеңес кезеңі тарихы және социалистік шаруашылық құрылысы, мәдениет бөлімдері ашылуға тиіс болды.

Ұлы Отан соғысы жылдары Қазақстан музейлері өз экспозицияларында жауынгерлердің ерлігін насихаттау арқылы халықтың рухын көтеріп, жігерлендірді. Музейлердің ғылыми-зерттеу және жинақтау қызметі Отанды қорғау тақырыбы төңірегінде өрбіді. Соғыстан кейін қаржы тапшылығы, кадр жетіспеушілігінен музейлердің ғылыми жұмыспен айналысуға мүмкіндігі болмады. Сондықтан, Қазақ КСР Ғылым Академиясының музейлердің ғылыми-зерттеу жұмысын жүргізуде айтарлықтай әсері болды. Атап айтсақ, Оңтүстік Қазақстан облыстық музейінің қызметкерлері профессор А. М. Бернштамның басқаруымен Қазақ КСР Ғылым Академиясының археологиялық экспедициясына қатысып, оңтүстік өңірдегі ертедегі Отырар, Сауран, Исфиджаб қалаларының тарихына қатысты құнды жәдігерлер жинады.

1990 жылдардың аяғы 2000 жылдардың басында Қазақстанда республикалық маңызы бар музейлер 13, мекемелік музейлер 5, облыстық музейлер 25, қалалық музейлер 31, аудандық музейлер 47, қорық музейлер 7, сонымен қатар мемориалдық музейлер 11 болған. [3.85]. Қазіргі қоғамдық өзгерістерге байланысты музейлерге деген сұраныстар өсуде. Жаңадан бой көтеріп жатқан музейлердің мазмұндық деңгейі, құрылымдық жүйесі өзгеше. Олардың қатарына музейлендірілген ашық аспан аясындағы қорық-музейлер, экомузейлер, саяси қуғын-сүргін құрбандарына арналған музейлер, яғи мемориалдық музейлер, Президенттік музей, қоғамдық немесе антропологиялық музейлер жатады. Бүгінгі күні тәуелсіздік алғаннан бері елімізде жүріп жатқан күрделі, қарама-қайшылығы мол мәдени үрдістер қарқыны мәдени-ағарту мекемелері жүйесіндегі музейлердің жұмысынан айқын көрініс табуда.

Музей адамзат өркениетінің ең керемет жетістігі болып табылады. Музей — тарихи-ғылыми дерек ретіндегі ескерткіштерді, өнер туындыларын, мәдени құндылықтарды, т.б. мұраларды сақтап, жинақтап, ғылыми-танымдық қызмет атқаратын мекеме. Музей гректің «museion» сөзінен алынған, «муза сарайы» деген мағынаны береді. Бүгінгі таңда музейлер өткен дәуір құндықтарын болашақ ұрпақ үшін сақтап қана қоймайды, заттық және рухани құндылықтарды танытуда, ғылыми тұрғыда зерттеп, оның нәтижелерін насихаттауда, осы негізде тәлім-тәрбие беруде маңызды рөл атқарады, ғылыми-ағартушылық және ғылыми-зерттеу ісімен айналысады. Сондай-ақ комплектациялау, экспозициялау, музей құндылықтарын насихаттауды жүзеге асырады. Музейлердің қалыптасуы ұлттық сана-сезімді оятуға, мәдени-саяси идеяларды (ой-сезімді) насихаттауға көмектесті. Музей ғылымның, білімнің, мәдениеттің қалыптасуына ықпал ететін ғылыми мекеме ретінде өскелең ұрпақтың тәрбиесіне, тарихи сананың қалыптасуына ықпал етеді.

Музейлер өзінің қызметі мен бағытына қарай бірнеше топтарға бөлінеді: тарихи музейлер (жалпы тарих, археологиялық, антропологиялық, этнографиялық, нумизматикалық, т.б.), көркемөнер музейлері (көркемөнер, мүсін, қолөнер, қолданбалы өнер, театр, музыка, кино, т.б. музейлер), жаратылыстану музейлері (биологиялық, зоологиялық, геологиялық, минералдық, палеонтологиялық, т.б), техникалық музейлер (авиация, автокөлік, кеме жасау, тау-кен ісі, өнеркәсіп, өндіріс өнімдері, т.б.), кешенді музейлер (тарих, шаруашылық, жаратылыстану, т.б. бағыттарды біріктіріп, жұмыс істейтін кең профильді өлкетану музейлері), мемориалдық музейлер (мемлекетке, өнерге, әдебиетке ғылымға еңбегі сіңген белгілі адамдардың жеке өнері мен қызметіне арналған музейлер). Соның ішінде мемориалдық музейлер деп үздік тарихи оқиғаларға, мемлекеттік, қоғамдық және әскери саяси қайраткерлерге, ғылым, әдебиет және өнер қайраткерлерінің өмір жолдарына арналған музейлерді айтамыз. Мемориалды музейлер — адамға немесе маңызды тарихи оқиғаға қатысты музейлар, сонымен қатар мемориалдық тұлғамен немесе оқиғамен қатысты орны бар музейлер. Бұл байланыс мемориал музейі үшін анықтаушы фактор және экспозициялық мәдениетті-білім беретін қызметтің анықталу және интерпретация байланысына бағытталған. Ең бастысы мемориалдық музейде сол мемориалдық тұлғаның заттары комплектке алына отырып жасалады.

Мемориалдық музейлер мемлекетпен қорғалатын ұмытылмас кешендердің базаларында әдетте былай жасалады: оқиғалар болған аумақтар, үй-жайлар және атақты қайраткерлердің қызметі мен өміріне қатысты пәтерлер — мемориалдық музей заттарының коллекциялары болып есептеледі.

Мемориалдық музейлер музей саласының кеш дамыған бағыты. Дегенменде қазіргі таңда әлемнің көптеген елдерінде мемориалдық музейлер қалыптасқан. Әсіресе Батыстың, Азияның дамыған елдерінде мемориалдық музейлер туристердің саяхат объектісіне айналған. Дүние жүзіндегі көптеген мемлекеттер мемориалдық музейлерді дамыту арқылы әлемдің музейлер тарихынан ойып орын алып отыр. Мысалы, Лондондағы Виктория мен Альберт музейі тек Ұлыбритания ғана емес, жалпы Европадағы ірі мемориалдық музей. Бұл ағылшын королі мен жұбайы атындағы музей, 1852 жылы Оңтүстік Кенсингтонде негізі қаланған, музей ғимараты викториан стилінде салынған. Музей итальян мүсіншілері Лоренцо Бернини мен Антонио Канов туындыларын, әлемдегі қолданбалы өнер туындыларының әртүрлі бағыттарын

кеңінен насихаттайды, онда керамика, шіркеу заттары, тоқыма бұйымдар, музыкалық аспаптар, жиһаздар т.б., барлығы 4 миллион экспонат бар. Әсіресе шыны галереясы, XIX ғасыр фотосуреттері галереясы өте танымал. Ал, Микеланджелло Буанарроти, Донателло, Андреа Верроккьо еңбектерінің көшірмелері сақталған. Музейдің осы мемлекеттің туризм саласындағы алатын орны да ерекше. Сондай-ақ Испанияның Мадрид қаласында орналасқан Королева София музейі, Тиссен-Борнемис музейінің, Батыс елдеріндегі корольдық музейлердің әлемдегі мемориалдық музейлердің озық үлгісі ретінде әлемдік музейлер кеңістігінен алатын орны ерекше. Сондай-ақ Ресей мемориалдық музейлері экспозиция жасау ісінде әлемнің озық технологияларын пайдаланып, музей нарығындағы виртуальды музейлер ретінде көшірмесін жасау ісін қолға алып, оны айналымға ендірген.

Еліміздің мәдени-саяси дамуында мемориалдық музейлердің орны ерекше зор. Мемориалдық музейлер де Қазақстанның тарихи-мәдени рухани өмірінде маңызды рөл атқаруда. Олардың ірілері: Абайдың мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейі, Абай-Шәкерім кешені, Д. Қонаевтың, Қ. И. Сәтбаевтың, Ж. Жабаевтың, С. Мұқанов пен Ғ. Мүсіреповтің, Ғазиза және Ахмет Жұбановтардың, Ш. Уәлихановтың (Алтын Емел), т.б. мемориалдық музейлері.

Қазақстандағы мемориалдық музейлер саласын мәдениет және өнер қайраткерлері, мемориалдық музейлері және қоғам қайраткерлерінің мемориалдық музейлері деп екіге бөлуге болады.

Жалпы музейлердің алдына қойған мақсаты, олардың жүргізілетін іс-шаралары, ғылыми-ағарту, тәрбиелік бағытының дұрыс айқындалуы маңызды мәселе болып табылады. Музей беретін мәліметтің шынайылығы келушінің алған білімін бекіте түседі. Ал мұндай мәлімет әсіресе,жастар үшін өте бағалы. Музей келермендердің саяси, кәсіби тәрбиесінің, көркемдік және эстетикалық талғамдарының дамуына,өз бетімен жұмыс жасау қабілетінің шыңдалуына әсерін тигізеді.

Тәуелсіз Қазақстанда қоғам қайраткерлері мемориалдық музейлерінің құрылысы мен қызметі атап айтарлықтай дамыды. Қазіргі өскелең жастарды қоғам және мемлекет қайраткерлерінің тағылымы, өмір жолдары негізінде тәрбиелеу — жастарға патриоттық тәрбие берудің бір саласы болып табылады.

Қазақстандық жас буын бойында отаншылдық, іскерлік, жауапкершілік қасиеттер қалыптастырмай, жастардың ізгілікті, рухани өркендеуіне, сондай-ақ, өткен буынның әлеуметтік-мәдени тәжірибесін, әлем өркениеті жетістіктерін игеруіне жол ашпай әлеуметтік ұстанымдағы экономикасы бар демократиялық қоғам құру мүмкін емес. Мұндай мақсаттарды жүзеге асыру жастарға, жалпы қоғамға қатысты саясатты қалыптастыру мен жүзеге асыру ісіне жастардың өздерін белсенді түрде тартуды көздейді. Мемлекет жастарға, олардың материалдық деңгейі мен әлеуметтік жағдайына қарамастан, өмір жолын таңдау мен жеке жетістіктерге жету үшін мейлінше мол мүмкіндіктер ашып отыр. Осы мүмкіндікті оңтайлы іске асырғанда ғана жастар саясатының өзекті міндеті — жастардың тұлғалық қалыптасуын қамтамасыз етуі іске асатын болады.

Қорыта айтқанда жоғарыда аталған музейлердің Қазақстанның мәдени өмірінің дамуында алатын орны айтарлықтай зор.

Әдебиет:

1. Қайназарова А. Е. Музейное дело в Казахстане (2-пол. XIX — нач. XX вв.), — Алма-Ата, 1979.
2. Мұстапаева Д. Ө. Қазақстандағы музей ісінің құрылуы. — Түркістан, 2011.
3. Қартаева Т. Музей. Ұлттық Энциклопедия. — 6 том. — Алматы, 2005. — 579 б.

## Арал өңірінің балық шаруашылығы тарихы (XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың 80 жылдары аралығы)

Озбекбай Ерлан Серикович, студент
Ғылыми жетекшісі: Тоқболат Сейілхан Тоқболатұлы, тарих ғылымдарының кандидаты
«Болашақ» университеті (Қызылорда қаласы, Қазақстан)

XIX ғасырдың ортасында Түркістан өлкесіне орыс қоныстанушыларының келуіне дейін жергілікті тұрғындар балық аулау ісімен кәсіп түрі ретінде айналысқан емес. Сыр бойы мен Солтүстік Арал теңізі маңын мекендеген жергілікті ру-тайпалар балықты тұрмыс кешудің қосымша көзі қылып пайдаланған. Ерте дәуірде және орта ғасырларда осы аймақты мекен еткен рулар қол жабдықтармен, торлы дорбамен және шанышқымен күнделікті азық үшін ғана балық аулаған. Қазақ жері патшалық Ресейдің қол астына өткеннен кейін Сырдария өзені мен Арал теңізі орыс зерттеушілерінің басты зерттеу нысанына айналады. Осы кезеңде Арал балығы туралы алғашқы ғылыми мәліметті 1820 жылы Г.Мейндорф ұсынған болатын [1]. 1848 жыы патша әкімшілігінің ар-

найы тапсырмасы бойынша келген орыс теңіз офицері А.И. Бутаков Арал теңізінде зерттеулер жүргізіп, бұл теңіздің толық картасын қағаз бетіне түсіреді. Ал 1857–1872 жылдары белгілі орыс зерттеушілері Н.А.Северцов пен А.П. Федченко Сырдария өзеніндегі зерттеу жұмыстарын одан әрі жүргізеді [2]. 1874–1879 жылдары Қ.Ф.Кесслердің басшылығымен Арал-Каспий экспедициясы жұмыс істеді [3]. Кешенді түрде Қазақстандағы ихтиофаунаны зерттеуге үлкен үлес қосқан ғалым Л.С. Берг болып табылады. Ол 1899 жылы Арал мен Сырдария өзенінің ихтиофаунасын зерттеуге төрт жылын жұмсайды. Нәтижесінде 16 томнан тұратын «Аральское море» атты еңбегі жарық көреді [4]. Осы өңірдегі зерттеу жұмыстарын 1920–1921 жылдары Ф.А.Спичаков жалғастырады. 1929–1940 жылдары Шу, Іле, Сырдария өзендері мен Арал теңізінде мекен еткен балықтарды танып білуге үлес қосқан Г.В. Никольскийдің ғылыми еңбектерінің алатын орны ерекше болып табылады. 1940 жылы професссор Г.В. Никольский Арал теңізіндегі балықтардың түрі мен олардың қандай терендікте мекен ететіні жөнінде арнайы карта жасайды [5].

XIX ғасырдың 40-жылдарында Ресей капиталистері Арал теңізіне Сырдарияның құяр түсына жақын жерден қызыл балық аулау үшін өндіріс кәсіпорнын құрады. Алайда бұл кәсіпорын шаруашылығының дұрыс ұйымдастырылмауынан және өндіріс орнынан шалғай орналасуына байланысты табысқа жете алмайды. Өңірдегі балық шаруашылығы Сырдария мен Әмудария бойында 1875 жылы Орал казактарының келуімен жандана бастайды. Сырдың Арал теңізіне құяр түсы олардың негізгі балық аулау орнына айналады. Сондай-ақ орыс көпестері ауланған балықты көптеп сатып алып, ішкі Ресей губернияларына жеткізіп отырды. 1876 жылы Ресейдің көпестері ағайынды Ванюшиндер Арал теңізіне 3 ірі және 10 кіші кеме түсіріп, дауыл кезінде екі кемесінен айрылуына қарамастан алғашқы жаз айларында Арал теңізінің оңтүстік бөлігі мен Әмудариянның құяр түсынан 26000 дана шабақ өндіреді. 1880 жылы ағайынды Ванюшиндер патша әкімшілігіне бүкіл Арал теңізі мен Әмудария бойын өздеріне жалға беру туралы өтініш білдіреді, бірақ бұл өтініштері жауапсыз қалады. XIX ғасырдын 80–90 жылдарында Арал теңізі мен Сырдария өзендерінде балық кәсіпшілігі қалыптасып, балық өңдейтін ірі кәсіпорын пайда болады. Нәтижесінде мұнда тұрмыстық, шаруашылық құрылыстары орналасқан тұрақтар пайда болады. Кейіннен осы тұрақтар балықшылар ауылына айналады.

XX ғасырдың алғашқы жылдарында балық кәсіпшілігі өркендей бастады. Орынбор-Ташкент темір жолының салынуына байланысты балықтың мол байлық көзіне ішкі Ресей аумағынан балықшылардың алғашқы легі келді. Каспий мен Азов теңіздерінен, Дон жағалауларынан, Қара теңіз бен Ақ теңіздерден, Қиыр Шығыстан балықшылар ағылып келе бастады. Өңірдегі балық шаруашылығы орыс өнеркәсіп иелерінің қолдарына көшті. Кеңес мемлекеті құрылғаннан кейін өңірдегі балық шаруашылығы мемлекет қарамағына өтеді. Қазақстанда 1919 жылы Гурьев қаласында Жайық-Жем балық аулау және аңшылық басқармасы, Арал қаласында Түркістан өлкелік балық шаруашылық басқармасы құрылады. Кейін бұл сала тұтынушыларға тағамдық белоктың жиырма пайызын беретін, қуатты аулау кемелерімен жабдықталған, өндірістік үдерістері механикаландырылған аса іргелі тамақ индустриясының саласына айналады. Балық шаруашылығында бағалы тұқымдық балықтарды өсіріп, көбейтетін балық өсіретін питомниктер, көл және тоған шаруашылықтары, машина-мелиоративтік станциялар, арнайы оқу орындар, балық сататын фирмалық дүкендер пайда болды.

Тез арада жаңа үш кәсіпшілік, екі қабылдау пункті ашылды, жаңа күз қоймалары салынды. Қолданылған шаралардың арқасында 1922 жылдың өзінде-ақ Арал теңізінде балық аулау 2,2 есе көбейді. Осылайша Сыр бойы мен Арал өңірінде балық шаруашылығы жаңа қарқын алады. Балық аулау еселеп артты. Мысалы, социалистік құрылыстың алғашқы екі бесжылдығында 3 миллион 131 мың центнер балық ауланса, Ұлы Отан соғысының алдындағы үшінші бесжылдықта 2,5 миллион центнерден артық балық өнімін алады [6, 7-б.].

1929 жылы Арал қаласында Бүкілодақтық балық шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының Арал балық шаруашылығы станциясы құрылуы өңірдегі балық шаруашылығының дамуына зор зерпіліс береді. Бұл станция Арал теңізінің гидрологиялық және гидрохимиялық режимін зерттеп, балық жемінің көбеюі және балық қорын анықтау қызметімен айналысты. 1957 жылы Қазақ КСР-і Министрлер Кеңесінің 22 қазан айындағы қаулысына сәйкес Арал балық шаруашылығы станциясы Қазақ КСР-і Ғылым Академиясының қарамағына беріліп, Зоология институтының Арал ихтиологиялық бөлімшесі деп аталды. 1959 жылы Қазақ балық шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының құрылуына байланысты Арал бөлімшесі осы институттың бақылауына көшеді.

1933 жылы Арал балық шаруашылығы станциясының ғылыми еңбектерінің бірінші жинағы шықты. Бұл ғылыми еңбекте Г.В. Никольский Арал бекіресінің Сырдария өзенінде уылдырық шашатын орындарын зерттеген жұмыс қорытындыларын жазды. Осы жылы станцияның ғылыми еңбектерінің екінші жинағы шықты. Бұл жинақта М.И. Маркун Арал және Түркістан қаяздарының систематикасы, биологиясы және аулану мерзімдері туралы мағлұмат берді. С.Я. Ягудина Арал теңізінен 1921–1933 жылдары ауланған балықтың түрлерін және көбею динамикасын көрсетті. Арал теңізі туралы өте құнды еңбек Г.В. Никольскийдің «Арал теңізінің балықтары» монографиясы 1940 жылы баспадан шықты. Бұл ғылыми еңбекте Г.В. Никольский теңізде мекендейтін 20 балықтың систематикасы және биологиясы туралы толық мағлұматтар келтіреді [5, с. 65]. Аталған ғалымдар өлкенің балық шаруашылығының тиімді жұмыс жүргізуіне негіз қалайды.

1946 жылы Арал теңізінен 23432 тонна балық ауланған. Аралдың солтүстік бөлігінде 5 балық зауыты, 1 балық

комбинаты, 45 балық қабылдау пункті құрылады. Ал Өзбекстан Республикасы аумағында орналасқан Аралдың оңтүстігінде 5 балық зауыты, 30-дан астам балық қабылдау пункті жұмыс жүргізді. [7, с. 82]

1967 жылы тыран, сазан, торта, шемая балықтарының уылдырық шашатын өрісінің ауданы 5 есе тарылды. Сазан, тыран, торта балықтарының бір бөлігі бұрын теңіз суының тұздылығы 10,6—11,6 пайызы кезінде уылдырығын теңізге шашатын. 1968 жылы теңіз суының тұздылығы 11,9—13,4 пайызға дейін көтерілгенде аталмыш балықтардың уылдырық шашатын өрісінде сол балықтардың уылдырығын жейтін майда жыртқыш балықтар көбейіп кеткені байқалды. Бұл өзгеріс аталған құнды балықтардың құрып кетуін тездетті. [8, с.165]

Қазақ балық шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының Арал бөлімшесі 1960 жылдан бастап теңізде балықтың қорын сақтау мақсатында бірінші кезеңде Арал қаязын, ал алпысыншы жылдардың аяқ кезеңінде сазан, шабақ, ақ балықтарды қолдан ұрықтандырып өсіру биотехникасын іске асыруға кіріседі.

Ал 1968—1972 жылдары Н.С.Бабаев ақ балықты зауыттық тәсілмен қолдан ұрықтандырып өсіру биотехникасын іске асырып, өндірісте қолдануға мүмкіндік берді. 1971—1976 жылдары Арал теңізі бассейніндегі балықтардың өсіп-өнуіне Сырдария және Амудария өзенінен ауыл шаруашылығына судың көп алынуының әсері жөнінде ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізілді. Бұл зерттеулердің қорытындысы бойынша Арал теңізін гидрологиялық, гидрохимиялық режимдері, балықтың табиғи өсіп-өнуінің жағдайы, балық қорын анықтау және дамытудың келешегі және балық жемінің күй-жағдайы, көбеюі туралы мағлұматтар алынды [8, с. 166].

Жерсіндіру жұмыстары нәтижесінде 1927 жылдан 1972 жылға дейін Аралға 17 түрлі жаңа балық жіберілгенімен, оның 14 ғана толық жерсіндірілді. Теңіз ихтиофаунасындағы балықтың саны 20-дан 34-ке көбейгенімен, өндірістік маңызы бар балықтардың құрамы аз өзгерді [9, С. 95].

1980 жылы Арал теңізінің орташа тұздылығы 18 пайыздан асқан кезде теңіз өзінің толықтай балық шаруашылықтық маңызын жоғалтты. Арал ихтиофаунасының құрамында тек өндірістік маңызы жоқ балықтар ғана қалды. Олар теңіздің байырғы балығы — арал шаншар балығы, жерсіндірілген балықтар — бұзаубас балықтар, каспий атеринасы және балтық майшабағы. Тек Сырдария және Амудария өзендерінің құяр сағасында өндірістік маңызы бар балықтардың ересек түрлерінің бірең-сараңы ауланды.

XX ғасырдың 70-жылдарының орта шенінен бастап Қазақ балық шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты Арал бөлімшесінің қызметкерлері теңіздің гидрологиялық және гидрохимиялық режимдерінің өзгеруін негізге ала отырып тұздылығы жоғары суларда өмір сүре алатын балықтармен тәжірибе жұмыстарын жүргізеді. Тәжірибе сынақ жұмыстары көрсеткендей 17—60 пайыз тұздылықта өмір сүре алатын азов түйетабанының Арал теңізінде жерсіндіру мүмкіндігі бар екенін көрсетті.

1976—1977 жылдары азов түйетабанының Арал теңізінің әр түрлі тұздылықтағы суында тіршілік етуін тәжірибелік сынақтан өткізді. Тәжірибе сынақтарының қорытындысы бойынша азов түйетабанын Арал теңізіне жерсіндіру туралы биологиялық негіздеме дайындалды. 1979—1987 жылдары азов түйетабаны Арал теңізіне Азов теңізінен әкеленіп жіберілді. Азов түйетабаны Арал теңізінде жақсы жерсініп, саны жағынан көбейіп, сол кездегі теңіздегі өндірістік маңызы бар жалғыз балық болды [10, С. 65].

Арал теңізінің экологиялық жүйесінің осындай тоқырауға ұшыраған кезеңде, теңізге азов түйетабан балығының жерсіндірілуі үлкен жетістік еді. 80-жылдардың аяқ кезенінде Арал теңізінде түйетабан балығының өндірістік қоры өсіп жетілді. Алайда Кеңес Одағының тарқауы және Қазақстан Республикасындағы экономиканың тоқырауы Арал теңізіндегі түйетабан балығының қорын толық игеруге мүмкіндік бермеді [11, с. 43].

Қорыта келгенде балық шаруашылығымен айналысқан теңіз төскейінің тұрғындары толқыны арнасынан асқан Арал теңізінен мол несібеге кенелген. Балық шаруашылығы өркен жайған өткен ғасырдың 60—70 жылдары Арал бассейнінде балық шаруашылығы жоғары қарқында дамыды. Сол уақыттарда өңірде балық аулайтын және өңдейтін ірі шаруашылықтар жұмыс істеп, балық аулау техникасы мен технологиясы жоғарғы деңгейге дейін өсіпті. Алайда теңіз суының тартылып, тұзы көбеюі салдарынан балық қоры күрт төмендеді.

Әдебиет:

1. Мейендорф Е.К. Путешествие из Оренбурга в Бухару / предисл. Н.А. Халфина. — М., 1975. — 180 с.
2. Жизнь красной рыбы в уральских водах. // Журнал Министерства Государственных Имуществ. 1863. — т.83. — Вып.2. — С. 92
3. Кесслер К.Ф. Ихтиологическая фауна Туркестана //Известия Общества любителей естествознания. СПб. — 1872. — Т.10. — Вып. 1. — С. 47—79.
4. Берг Л.С. Рыбы Туркестана // Известия Туркестанского отдела Русского Географического Общества. // Научные результаты Аральской экспедиции. СПб. — 1905. — Т.4. — Вып. 6. — 262 с.
5. Никольский Г.В. Рыбы Аральского моря. // Бюллетень МОИП. Нов. серия. Отдел зоол. — 1940. — Москва, 1940. — Вып.1. (XVI) — 216 с.
6. Күленов К. Аралдың озат балықшылары. — Алматы. — 1952. — 48 б.

7. Яблонская Е.А. Кормовая база осетровых Южных морей//Труды ВНИРО. Т. LIV. Сб.2. Осетровые Южных морей Советского Союза. — М., 1964. — 112 с.
8. Ермаханов З., Глотова Р.М. Особенности изменения гидрофауны Аральского моря под влиянием антропогенных факторов. // Вестних с-х наук Казахстана. 1994. — №5. — с. 163–170.
9. Филиппов А.А. К вопросу о солеустойчивости донных организмов Аральского моря // Тр. зоол. ин-та РАН. — СПб, 1995. — Ч.1. — с. 65–102.
10. Андреев Н.И. Ихтиофауна Аральского моря в связи с выселением новых видов и его регрессий //Омск. гос. пед. ун-т. — Омск, 1996. — с. 126. — Библиогр.: с. 191. — Рус. — Деп. в ВИНИТИ, №821-В 96.
11. Андреев Н.И., Лим Р.М., Ермаханов З. Акклиматизация рыб в Аральском море // Омск. пед. ун-т. — Омск, 1995. — с. 51. — Библиогр.: с. 89. — Рус. — Деп. в ВИНИТИ, №2318-В 95.

## Ашаршылық қасіреті

Шайхиева Улмекен Абатовна, магистрант
Ғылыми жетекшісі: Еңсепов Асқар Әлиұлы, тарих ғылымдарының кандидаты
«Болашақ» университеті (Қызылорада қаласы, Қазақстан)

Кеңес дәуірінде тарихи оқиғаларға берілетін баға жалған мәліметтермен бұрмаланып берілгендігі бәрімізге аян. Тәуелсіздік алғаннан кейін терең зерттеуге жол ашылған тақырыптардың бірі Қазақстандағы кеңестік ұжымдастыру саясаты.

Қазақстандағы ұжымдастыру бүкіл елдегі науқанның құрамдас бөлігі бола тұрса да, одан қазақ халқының басқа ұлт өкілдеріне қарағанда аяусыз қырғынға ұшырағанын көрсетеді.

Кеңес қоғамындағы өзгерістер халықтың белгілі бір бөлігін құрбан ету арқылы іске асырылды. Бұл әсіресе ауыл шаруашылығын ұжымдық негізде күштеп қайта құру саясатында айқын көрінді. Қазақ даласында жүргізілген жаппай ұжымдастыру, отырықшыландыру және кәмпеске науқанының салдары қазақ жеріне үлкен қоғамдық — экономикалық және әлеуметтік өзгерістер әкелді.

Күні бүгінге дейін ашаршылық геноциді тәуелсіз Қазақстан тарихында обьективті бағасын ала алмай келеді. Кеңестік ұжымдастыру зардаптарының бірі болған осы ашаршылық жылдары ел тарихының тұтас кезеңі ретінде арнайы зерттеуді және ашаршылық кезінде құрбан болғандардың жалпы саны әлі де болса терең зерттеп, анықтай түсуді қажет етеді.

Қазақ байларының малдарын тәркілеу науқаны қазақ даласындағы дәстүрлі мал шаруашылығын күйретуге әкелді. Ашаршылық Кеңес өкіметінің Қазақстандағы мал атаулыны тәркілеу туралы шешімінен бастау алды. Бұл кезде қазақ жұртын бар тіршілігі малдан айырған жағдайда аштан өлуден басқа жол жоқ еді. Сонымен қолындағы барынан айрылған қазаққа біржолата жойылу қаупі төнді. 1931–32 жылдары болған қуаңшылық жағдайды мүлдем шиеленістіріп жіберді.

1932–33-ші жылдардағы ашаршылық — ел тарихындағы ең қасіретті оқиғалардың бірі болып саналады. Қазақ даласындағы ашаршылық туралы қазақ зиялылары Тұрар Рысқұлов, Смағұл Сәдуақасов, Нығмет Нұрмақов, Ораз Исаев, Сұлтанбек Қожанов және т.б. Мәскеуге ресми хаттар дайындады. БК (б)П ОК-нің Бас хатшысы И. В. Сталин мен Қазақ өлкелік партия комитетінің бірінші хатшысы Ф. И. Голощекинге жолданған Т. Рысқұловтың «Сталинге хаттары», Ғ. Мүсірепов, М. Ғатаулин, М. Дәулетқалиев, Е. Алтынбеков, Қ. Қуанышев жазған «Бесеудің хаты» және т.б. хаттарда қазақтың аштықтан қырылуы мен шетел асуының негізгі себептерін, экономикалық және демографиялық шығынды айғақтайтын нақты мәліметтер берілді.

Ашаршылыққа душар болғандарға көмек беру ол бастан дұрыс ұйымдастырылмады. Оған республика басшыларының, әсіресе, Ф. И. Голощекиннің көзқарасы да әсер етті. Алматы, Шымкент, Семей, Әулиеата, Қызылорда, Ақтөбе және басқа да қалалардың көшелерінде аштан өліп жатқандар көп болды. Оларды жинап, көмуге арнайы жасақтар құрылды. Алыс ауылдардан елді пункттерге жете алмаған аналар балаларын суға лақтыруға, тастап кетуге мәжбүр болған..

Облыстық мұрағат қорындағы осы кезең барысына шолу жасасақ, 1932 жылы 28 ақпанда өткен Қызылорда аудандық атқару комитеті мәжілісінің күн тәртібінде көшіп — қоныстанушылар мен панасыз балаларды орналастыру мәселесі қаралып, панасыздықпен күрес бөлімінің жұмысы сынға алынған. Онда азық — түлікпен қамтамасыз етудің дұрыс жолға қойылмағандығы, есебі жүргізілмегендігі, желтоқсан айында берілетін азық — түлік қаңтар айының соңында үлестіріліп, талан — таражға түскендігі айтылып, кінәлілерді жауапқа тарту ұсынылған.

Ақтөбе облысынан және Қарсақпай ауданынан келіп жатқан көшпенділер мен панасыз балалар саны күннен — күнге көбейген. Бұл көрсеткіш ақпан айында 835 болса, наурыз айының басында 928-ге жеткен. Осы айдың ортасында тағы да Қарсақпайдан — 630, Батпаққарадан — 510, Қостанайдан — 47, Торғайдан — 14, Ырғыздан —

2 адам, 1665 панасыз балалар келген. Олардың 1500-і балалар үйіне, 150- сәбилер үйіне орналастырылған, 10- оқуға, 5- кәсіпорындарға жұмысқа жіберілген, балалар үйіне және сәбилер үйіне жіберілгендер арасында 109 бала аштықтан өлген. Азық — түліктің жетіспеушілігіне байланысты үнемдеу мақсатында адам басына 1 айға 1 килодан дән бөлінген. Осыдан кейін жиналған панасыз балалар Қазалы, Қармақшы, Тереңөзек, Түркістан балалар үйіне жіберілген [1.23].

1933 жылдың 1 қаңтары мен 20 ақпаны аралығында панасыз балалардың саны 1311 болса, оның 44- коопкомбинатқа жұмысқа жіберілген, 2- кәсіпорынға, 20 адам «овцевод» кеңшарына жіберілсе, 105 бала сәбилер үйіне орналастырылған. 315 бала қайтыс болған. Ескертпеде берілген мәліметте балалардың көпшілігінің өліміне аштық себеп болғандығы көрсетілген [2.2]. Ал енді бір деректе 1933 жылдың 10–20 наурызы аралығында 1759 панасыз баланың 1660- балалар үйіне, ал қалған 99- сәбилер үйіне орналастырылған. 59 бала балар үйінде, 38 бала сәбилер үйінде барлығы 97 бала қайтыс болған. Ғ.Мұратбаев балалар үйіндегі мәлімет бойынша 1933 жылдың 1 қаңтары мен 20 ақпаны аралығында 5 баланың қайтыс болғандығы айтылған, оның 1- туберкулез, 4- өкпесіне салқын тиген. Ал қазан революциясы балалар үйінің хабарлауынша осы жылдың қаңтары мен ақпаны аралығында 26 бала аштықтан өлген. Сәбилер үйінің дерегі бойынша 1933 жылдың 21 қаңтары мен 1 ақпаны аралығында 45 бала, 15 ақпан — 20 ақпанда 50 бала, 20 ақпан — 11 адам, оның 5- қыз бала, 6 — ұл бала, 25 ақпаннан -20 бала, оның 9- қыз бала, 11 — ұл бала, 26 ақпанда 2 ұл, 7 қыз қайтыс болған [3.3,5]. Балаларды қабылдап бөлетін балалар үйінде 1933 жылдың 1 қаңтары мен 20 ақпаны аралығында 46 бала аштан өлгендігі көрсетілген. Ал қаңтар — наурыз аралығында барлығы 61 баланың аштықтан өлгені туралы мәлімет бар [60.10]. Қызылорда қаласындағы барак ішіндегі балалар туралы 1933 жылдың 7–20 маусымы аралығындағы мәліметтер берілген. 7 маусымда болған балалар саны — 1532, келгені — 219, кеткені — 76, өлгені — 28, бары — 1581, ал 20 маусымда балалар саны- 1390, келгені 79, кеткені -71, өлгені — 14, бары 1386 болған [3.18]. Бұл мәліметтен 13 күн ішінде 42 баланың аштықтан өлгенін көруге болады.

1933 жылдың 20 қаңтар — 20 ақпан аралығында панасыздықты жою айлығы жарияланып, барлық ұжымдарда жедел жиналыстар өткізіліп, қаржы жинау, панасыздар пайдасына 10 тиындық талон маркасын енгізу ұсынылған. Панасыздықпен күрес штабының Халық ағарту комиссариатының төрағасы С.Меңдешевтің қатысуымен 1933 жылы 28 маусымда өткен кеңейтілген мәжілісінде 25 маусымнан 25 шілдеге дейін тағы да айлық өткізу, аудандық оқу бөлімінде кеңестік бюро құрып, балалар коммунасы қызметкерлеріне тұрақты түрде әдістемелік көмек көрсету, семинарлар мен мәдени шараларға ағарту қызметкерлерін жұмылдыру керектігі айтылды. Балаларды әдеби кітаптармен, ойыншықтармен қамтамасыз ету жұмыстарын бақылау, жасөспірімдерді егіндікке жұмысқа шақырып, еңбекке баулу тәрбиесі қаралды.

Үкіметтің жергілікті ауыл және село мұғалімдерінің тұрмыстық жағдайын жақсарту жөніндегі шығарған бірқатар шешімдері орындалмады, айлық жалақылары берілмеді, азық — түлік айына бір рет қана бөлінді. Ауылдық партия және қоғам қайраткерлерінің де тұрмыстық жағдайлары айтарлықтай болмады. Олар ешқандай азық — түлік пайын алмады. Алматы қаласында Қаскелең ауылдық кеңесіне жіберген хатында ашыққандарды тамақтандыру орны мәлімет бойынша ашылғанымен бұл пункттерде адамдардың жоқтығы, жоғарыдан берілген директивалардың орындалмағандығын айта отырып, үкіметтік шараларға салғырттық танытқандар жауапкершілікке тартылатындығы айтылған [4.32].

Қазақ АКСР Халық комиссарлар Кеңесі мен өлкелік комитетінің 1933 жылдың 3 қыркүйегіндегі «Панасыздарға қарсы күрес жағдайы туралы» қаулысында Алматы облысы Қаратал- Аягөз ауданы, Оңтүстік Қазақстан облысы Арыс, Қызылорда аудандарындағы орын алған кемшіліктер, атап айтқанда балалардың өліміне апарып соқтырған жағдайлар, медициналық көмектің берілмейтіндігі, балалар қорына бөлінген қаржының жымқырылуы т.б. жағдайлар қатты сынға алынды. Осыған байланысты балалар үйіндегі 8–10 жас аралығындағы балаларды мектепке оқыту, 3–7 жастағы балаларды балалар бақшасымен — интернаттармен, 3 жастағы балаларды сәбилер үйімен қамтамасыз ету, қиын балалар үшін 1100 балаға арналған 8 балалар коммунасын құру міндеттелді. [2.8].

Қазалы ауданында шаруашылықтарды жаппай жою және малдарды құрту салдарынан халықтың да саны азайды. Мәселен, Қазалы ауданында 1932 жылдың 1 қаңтарында 29896 адам болса, 1933 жылдың 1 қаңтарында 14840 адам болған. Сонда 15000 адамға азайған [5.3]. 1932–1933 жылдардағы аштық салдарынан көптеген көшпелілер туған жерлеріне — Арал бассейніне оралды. Қысқа уақыт ішінде көшпенділердің 3500 шаруашылықтары Қазалы ауданына келген. Олардың көпшілігі аштық жағдайында, араларында жалғыз бастылар, ата — анасыз балалар көп болған. 1932 жылдың қазан айында Жосалы станциясына келген 300–400 жанұяның ішінде 100 адам өлген.

Қазақстандағы күшпен ұжымдастырудың және зорлап отырықшыландырудың алып келген ауыр зардаптарының бірі- демографиялық апат еді. Тарихи зерттеулерде Қазақстандағы 1931–33 жылдардағы ашаршылыққа байланысты әртүрлі пікірлер мен деректер айтылып жүр. Қазақстандық тарихшы демограф ғалымдар осы жылдардағы ашаршылық құрбандарын 1,5 миллионнан 3 миллионға дейін жеткізіп жүр. Академик М.Асылбеков бір зерттеуінде 1926 жыл мен 1939 жыл аралығында республикамыздың өз ішіндегі қазақтар 1 миллион 180 мың адамға немесе 33,0 пайызға азайғанын нақты деректерге сүйене отырып, шығарады. [6.50].

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесі Төралқасының осы мәселелерді зерттеген комиссиясы (төрағасы — академик М.Қ. Қозыбаев) өзінің

қорытындысында тарихшы демографтардың жүргізген алдын- ала талдауларында «Қазақ елі аштықтан және соған байланысты індеттерден, сондай-ақ табиғи өлім деңгейінің үнемі жоғары болуынан 2 млн. 200 мың адамынан яғни барлық қазақ халқының 49% айырылғанын» атап көрсете отырып, сонымен қатар «қасірет құрбандарының саны туралы мәселе әзірге ашық қалып» отырғанын да ескертеді. Республика мұрағаттарында ауылдық жерлерден, аудандардан қанша мал, астық дайындалғаны туралы мәліметтер баршылық болғанымен, аштан өлген адамдар жөнінде нақты деректер табыла бермейді. Әліби Жангельдиннің 1918 жылдың көктемінде Халық Комиссарлары кеңесіне жазған бір хатында қазақ даласында 10 миллион адам тұрады. Оның 6 миллионы байырғы тұрғындар да, қалған 4 миллионы орыс және басқа ұлттар шашырандылар деген дерек бар. Арада 21 жыл өткеннен кейін, 1939 жылы жүргізілген санақта Қазақстан ғана емес, бүкіл Одақ бойынша үш миллионнан сәл — ақ асатын қазақ бар екені анықталды. 1918 жылғыдан тең жарымы кеміп кеткен [7.3 ].

Сталиндік режим күштеп ұжымдастыру жылдарында орын алған, алапат аштықтан туындаған демографиялық апатты анықтауға мүдделі болған жоқ. Мұның өзі «ауыл шаруашылығын социалистік жолмен қайта құру» деген атпен жүргізілген шын мәнінде шаруаларға орасан зор қасірет әкелген кінәсіздерді жаппай жазалау саясатын әшкерелеу болар еді. Көршілес қырғыз, өзбек, түркмен, тәжік республикалары мұндай нәубетсіз, апатсыз, шығынсыз-ақ ұжымдастыру қайшылықтарын жеңе білгенде Қазақстанның мұндай трагедияға ұшырауы өкінішті. Сонау нәубет жылдары 2 млн-ға дейін азайып кеткен қазақ бүгіннің өзіне 9 млн-ға әзер жетіп отырмыз. Бұл демографиялық регресс жалғыз ғана 1932 жылғы аштықтың ғана емес, 1921 жылғы аштықтың да және көшпенді халықтың республикадағы асыра сілтеуге шыдамай туған жерден кетуінің де салдары.

Әдебиет:

1. Қызылдар қырғыны. /Құраст. Қыстаубаев З. Хабдина Б.-Алматы: Өнер, 1993–254 б
2. ҚОММ Р-2-қор. 2-тізбе.5-іс.
3. ҚОММ. Р-2-қор.1-тізбе.2-іс.
4. Саланчина Н. Әбдірахманова А. Ашаршылық тауқыметі мұрағат құжаттарында (1932–1933 ж.ж.).//Қазақ тарихы, 2007 №5
5. ҚОММ Р-2-қор. 2-тізбе.7-іс
6. Асылбеков М. Об изменениях в национальном и социальном составе населения Казахстана. //Вестник АН КазССР. 1991 г. №3
7. Әсіпов С. Ашаршылықтың себеп-салдары // Заң газеті. — №4, 1995. — 21–27 қаңтар

# ПОЛИТОЛОГИЯ

## Заманауи қоғамдағы саяси кеңес берудің рөлі

Абдулла Айман Болатбековна, студент
Ғылыми жетекшісі: Насимов Мурат Орленбаевич, саяси ғылымдарының кандидаты
«Болашақ» университеті (Қызылорда қаласы, Қазақстан)

Консалтинг (ағыл. consulting) ұғымының аудармасы кеңес беру, ақылы кеңес беру дегенді білдіреді. Жалпы бұл кез келген құбылыстың ұйымдастырушылық дамуы мен басқару салаларының күрделі мәселелерін шешуге бағытталған интеллектуалды шара. Сонымен қатар, кеңес берушілік және тәжірибелік қызметтердің кең дәрежелі кешені, сараптамалық, техникалық және экономикалық мәселелер бойынша арнайы кеңес беру қызметі.

Жалпы бұл ұғым XX ғасырларда батыстан енгендіктен, оның консультация түсінігі баршамызға баяғыдан белгілі. Мәселен, С. И. Ожеговтың «Орыс тілінің сөздігі» еңбегінде: «1. Кез келген іс жөніндегі мамандардың кеңесуі. 2. Мамандарға берілетін кеңес. 3. Осындай кеңес беретін ұйым. 4. Оқушыларға пәнді игеруге беретін ұстаздың көмегі» [1], — деп жазылған.

Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде: «1. Белгілі бір мәселеге байланысты мамандардың жиналысы. 2. Белгілі бір маманның тарапынан берілетін кеңес. 3. Кеңес беретін мекеме. 4. Тақырыпты ұғындыру үшін мұғалімнің оқушыға көмек көрсетуі» [2], — деп жазылған.

Үлкен Совет Энциклопедиясында «консультация» деп көрсетіліп, оның оқу, медициналық, құқықтық түрлерінің бар екендігі баяндалады [3] және Қазақ Совет Энциклопедиясы Бас редакциясының ұсынған төмендегідей анықтамалары сәйкес келеді: «Консультация (лат. consultatio, consulto — кеңесемін, талқылаймын, қамқоршы боламын) 1) қандай болмасын бір мәселе жөніндегі маманның кеңесі, оқытушылардың оқушыларға, студенттерге емтиханға дайындық кезіндегі көмегі; 2) бір мәселе бойынша мамандар кеңесі; 3) белгілі практикалық мәселе жөнінен мамандар кеңесі арқылы халыққа көмек беретін мекеме» [4].

«Қазақстан» ұлттық энциклопедиясында бұл ұғым консалтинг (ағыл. consult — кеңесу, кеңес құру, назар аудару) деп беріледі және мынадай анықтама ұсынылады: «шаруашылықты басқарушыларға және түрлі ұйымдардың басқарушы қызметкерлеріне кәсіби көмек көрсету, кеңес беру, оқыту» [5].

Бұл терминге қатысты өзге де анықтамаларға тоқталсақ. Консалтинг — нарықта тауарларды болжау, қызмет және инновацияны зерттеу, фирманы тізімдеу және жасау, сыртқы экономикалық байланыс, қаржы, сатып алушыларға кең көлемдегі экономика төңірегіндегі сұрақтары, сатушылар, өндірушілерге қорытындылаушы кеңес беру жөніндегі серіктестіктің жұмысы. Кеңес беру жұмыс көрінісінде жекелеген мамандаған консалтингтік фирма болуы мүмкін. Жаңа мекемені құрғанда, құрушы құжат пакеттерін дайындауда консалтинг құрылу көмегінің болуы [6].

Экономика және басқару бойынша кеңес берушілердің Европалық ассоциация федерациясының ұсынысы бойынша: «Басқару мәселелеріне қатысты тәуелсіз кеңес пен көмек беру, оны орындау жөніндегі мүмкіндіктерді айқындау мен бағалаудағы жоғарғы санатты мамандардың ұсынысы» [7].

Ресейлік В. М. Попов секілді т.б. авторлар пікірінше: «Клиенттің мәселесі мен берілген саланың ғылыми-техникалық және ұйымдастырушылық-экономикалық инновациялары ескерілген даму басымдықтары айқындаған сараптамаларды негізгі міндет деп санаған интеллектуалды қызметтің түрі» [8].

Жалпы саяси кеңес беру арқылы даярланады:

— саяси міндеттерді шешуге бағытталған ұсыныстарды дайындау;

— көпшілік имиджін алға жылжыту;

— репутациялық консалтинг;

— тапсырыс берушінің ақпараты негізіндегі баяндамалар, есептер мен бағдарламаларды дайындау;

— белгілі бір ұйымның бағдарламасы мен идеологиясын дайындау;

— тұрғындармен тиімді үгіт-насихат жұмыстары әдістері;

— саясаткер, кандидат, партияның имиджіне психологиялық сараптама мен жөндеу жұмыстарын ұйымдастыру;

— саяси бәсекелестер имиджіне салыстырмалы сараптама;

— электоратқа ықпал етудің психологиялық тәсілдеріне сараптама;

— бәсекелестердің үгіт-насихат науқандарына қарама-қайшы әдістер, деструктивті саяси технологияларды жою;

— бұқаралық саяси акцияларды өткізу ерекшеліктері;

— жеке әлеуметтік категориялармен (жастар, зейнеткерлер және т.б.) жұмыс жүргізу ерекшеліктері;

— мақсатты аудиторияның негативті ұстанымдары мен стереотиптерін жеңу жүйесін дайындау;

— БАҚ, партиялық бағдарламалар мен басқа материалдар мәтіндерін арнайы зерттеу;

саяси баяндамалар мәтіндерін дайындау және психологиялық сараптама, спичрайтинг.

— саяси ұстаным технологиялары;

— сайлау науқанының менеджменті;

— ақпараттық қауіпсіздік ұйымдастыру;

— сараптамалық материалдарды дайындау;

— саясаткерлер мен саяси құрылымдарды ақпараттық-сараптамалық қолдау;

— ұзақмерзімді имиджтік бағдарламаларды дайындау және енгізу.

Қазақстан Республикасы саяси консалтингі нарығының негізгі басымдығы ретінде саяси процестер мазмұнын терең талдау, саясаттағы негізгі ойыншылар қимылдарын модельдеу мүмкіндігі, оқиғаның дамуын болжау болып табылады. Біздің ойымызша, аталған тұжырымдар осы құбылыстың түрлі сипаттамалық феноменін айқындайды [9].

Әдебиет:


1. Ожегов С.И. Словарь русского языка // Под общей редакцией академика С.П. Обнорского. — 2-е издание, исправленное и дополненное. — М., 1952. — С. 255.
2. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. — Алматы: Ғылым, 1980. — 5 т. — 73 б.
3. Большая Советская Энциклопедия (В 30 томах) / Гл. Редактор А.М. Прохоров. — Изд. 3-е. — М.: Советская Энциклопедия, 1973. — Т. 13. — С. 58.
4. Қазақ Совет Энциклопедиясы / Бас редакторы М.Қ. Қаратаев. — Алматы: Қазақ Совет Энциклопедиясының Бас редакциясы, 1974. — 5 т. — 571 б.
5. Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. / Бас ред. Ә. Нысанбаев. — Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, 2002. — 4 т. — 634 б.
6. Орысша-қазақша қазіргі уақыттағы экономикалық түсіндірме сөздік (2100 жалпыға әйгілі сөздер) / Құраст. Қ.Ж. Оразалин, М.М. Жантасов. — Алматы: LEM, 2001. — 156–157 бб.
7. Кларин М.В. Корпоративный тренинг от А до Я. — М.: Дело, 2002. — С. 99.
8. Попов В.М., Ляпунов С.И., Филиппов В.В., Медведев Г.В. Современные бизнес-технологии. — М.: Кнорус, 2006, — С. 91.
9. Насимов М.О., Паридинова Б.Ж. Кеңес берудің саяси ғылымдардағы орны // Молодой ученый. — 2014. — №1 (2). — 47–48 бб.


## Ақпараттық қоғам дәуіріндегі мемлекет имиджі


Абуталип Акан-Сери Нуржанович, студент;
Далбабай Мереке, студент
Ғылыми жетекшісі: Паридинова Ботагоз Жаппаровна, философия магистрі
«Болашақ» университеті (Қызылорда қаласы, Қазақстан)


Қазіргі ақпараттық қоғам дәуіріндегі саяси имиджді қалыптастыру билік қатынастары жүйесіндегі өнер ретінде қарастырылады. Бұл контекске орай нақты айқындалған технологиялық тетіктер мемлекеттің имиджін қалыптастыруда ерекше мәнге ие. Алғашында мұндай тәсілдер биліктегі жеке тұлғаларға қолданылды. Кейінірек бұл жүйе бұқарамен ашық байланыс орнату барысында саяси жүйенің жетілдірілуіне оң ықпал тигізу ниетінде мемлекеттің даму стратегиясында пайдаланыла бастады.

Қазақстанның халықаралық саяси аренадағы позициясын ақпаратпен қолдау көрсету шараларының қажеттілігі мемлекеттің оң имиджін қалыптастырудың негізі болып табылады. Аталған мәселенің шешімін табуда отандық ғалымдар бірнеше міндеттерді шешуі қажет. Дегенмен, еліміздің сыртқы саясаттағы имиджінің қалыптасуы мен дамуы тетіктерін айшықтайтын арнайы ғылыми жұмыстар аз [1]. Сонымен қатар, мемлекетіміздің ақпараттық саясаты шеңберіндегі халықаралық аренадағы имиджі теориялық жағымен қатар, тәжірибе жүзінде толықтай зерттелмегені де шындық.

Бүгінде Қазақстан Республикасының дамуын жаһандық кеңістіктен тыс қарау мүмкін емес. Елдің мемлекеттік құрылыс тәжірибесі көрсеткендей, бүгінгі шарттардағы маңызды мемлекеттік шешімдерді қабылдауда жаһандық халықаралық үрдістерді ескеру қажет. Өйткені, қазіргі

халықаралық саяси және экономикалық қатынастардың жаһандануы шарттарында еліміздің ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселесі өзекті болып табылады.

Сондықтан мемлекет имиджі — бұл мемлекеттік жүйенің сипаттамалық белгілеріне ие өзара объективті байланыстар шегіндегі экономикалық, географиялық, ұлттық, демографиялық қарым-қатынастардың кешені. Ол әлеуметтік-экономикалық, қоғамдық-саяси, ұлттық-конфессиялық үрдістердің үдерістерін айқындайды. Мемлекет бейнесі сыртқы әлеммен байланыстар нәтижесіндегі әлемдік қоғамдастықтың санасында қабылдануының өзіндік көрсеткіші іспеттес.

Ақпараттық қоғам кеңістігінде имиджелогияның өзіндік ерекше орны бар. Мемлекет имиджін қалыптастыруға байланысты қойылатын талаптар қоғамдық өмірдегі ақпараттық технологиялардың өсуімен байланысты. Имидж толықтай ақпараттық өнімге айналды. Имиджеология — бұл имидждің қалыптасуы мен оны жүзеге асыру технологиялары мәселелерін зерттеуге әлеуметтану, психология, мәдениеттану, философия және саясаттану секілді ғылымдарды тоғыстырған теория. Ол — ақпараттық қоғамдағы мәдени шараларды жүзеге асырудағы маңызды қызмет атқаратын гуманитарлық технология.

Жалпы мемлекет имиджі оның құрылымын құрайтын бірнеше элементтерден тұрады: Қазақстан демократиясының бейнесі; билік имиджі; Қазақстан экономикасының имиджі; Қазақстан Қарулы Күштерінің имиджі; Қазақстанның сыртқы саясаттағы имиджі; мемлекеттің ақпараттық саясат имиджі.

**Қазақстан демократиясының бейнесі.** Елімізді демократияландыру барысында мемлекеттік реформаларды жүзеге асыру сәтті жүргізілді. Ашық ақпараттық қоғам құру демократия жолындағы маңызды қадам болып табылды. Қазақстандағы соңғы жылдардағы реформалардың негізгі мақсаты болып елді демократияландыра түсу саналады. Осы шарттардағы саяси дамудың негізгі заңдылықтарын пайдалана отырып, тиімді жаңғырулардың орын алуына, алдыңғы қатардағы әлеуметтік-экономикалық деңгейге шығу саяси жүйенің барлық күштеріне байланысты. Реформалар үдерісі жалпылай қоғамды қамтып, экономика, әлеуметтік сала, рухани мәдениет пен саяси жүйенің динамикалық өзгерістері негізінде шешімі табылуы тиіс жағдайларға да ықпалын тигізеді. Еліміздегі жаңғырған қоғамды азаматтық қоғам, құқықтық мемлекет пен нарықтық экономиканың өзара бірлігі ретінде анықтаймыз.

**Билік имиджі.** Мемлекет бейнесінің қабылдануын түсіну үшін ең алдымен билік пен азаматтар арасындағы қарым-қатынастарды айқындау қажет. Биліктегі азаматтардың тұлғалық имиджінің бағалануы олардың халықпен жақындығымен өзара байланысты. Бұқаралық сананың биліктің тиімді қызметін бағалауы имидждің сипаттамалық белгісінің бір бөлігі болып табылады. Билік бейнесі мен сыбайлас жемқорлық мәселесі де мемлекет имиджінің құрамдас бір бөлігі. Сыбайлас жемқорлық барлық адами және қоғам құндылықтарының даму үдерісіне кедергі жасайтын дерт екендігі белгілі. Бүгінгі күні қоғамымызда кездесетін теріс жағдаймен тек құқық қорғау орындары ғана емес, ел болып күресу қажеттілігі туындап отыр.

**Қазақстан экономикасының имиджі.** Мемлекет имиджінің негізгі аспектілерінің бірі ретінде биліктің экономикалық саясатты жүргізудегі тұрғындардың қатынасын атап өте аламыз. Қазақстан экономикасының оң имиджін қалыптастыру барысында еліміз көптеген маңызды ресурстарға ие болмақ. Тек жағымды имидж ғана ұлттық экономиканың бәсекелестік деңгейін жоғарылата алады.

**Қазақстан Қарулы Күштерінің имиджі.** Азаматтардың Қарулы Күштерге көзқарасы — мемлекеттің ішкі имиджіне ықпал ететін қарым-қатынасы. Бұл — күшті әскери державалық мемлекеттің қалыптасуына оң ықпал ететін факторлардың бірі. Телеарналардағы отансүйгіштікке тәрбиелейтін әскери хабарларды көбейтумен қатар, көрші Ресей түсіріп отырған өзімізге тән әскери фильмдер түсіру орынды болар еді.

**Қазақстанның сыртқы саясаттағы имиджі.** Қазақстан беделді халықаралық ұйымдардың қатысушысы ғана емес, осы уақытқа дейін ТМД, ШЫҰ, ЕурАзЭҚ, АӨСШҚ секілді аймақтық ұйымдардың төрағалығын сәтті атқара білді. Еліміздің былтырғы Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық жөніндегі ұйымға төрағалығы ел имиджін жоғарылатқаны анық. Еліміздің ЕҚЫҰ төрағалығын иеленген посткеңестік республикалар арасында ғана емес, Азиядағы және мұсылман әлеміндегі тұңғыш мемлекет екендігін әрқайсымыз мақтан етуіміз керек. 11 жылғы үзілістен соң жаңа ғасыр, жаңа мыңжылдық және жаңа әлемдік шарттарда Астана Саммитін өткізу еліміздің жетістігі ғана емес, ЕҚЫҰ-ның да жетістігі деп атап көрсетті көптеген сарапшылар. Саммиттің жемісті өтуі Қазақстан Республикасының әлемдік имиджін жаңа деңгейге көтерді.

**Мемлекеттің ақпараттық саясат имиджі.** Бұқаралық ақпарат құралдары — ақпараттық саясат ұйымдастырудағы билік пен мемлекеттің бейнесін қалыптастыратын негізгі саяси идеяларды жүргізетін маңызды коммуникациялық құрал. БАҚ қоғамдық пікірді қалыптастырып, тұрғындар мен биліктегілер арасындағы өзара қатынастарды реттеуге септігін тигізеді. БАҚ-та берілетін ақпараттар қоғам қажеттілігіне сәйкес дайындалуы тиіс. Осы себептерге байланысты ақпаратты таратушы барлық хабарламаны тұрғындар мүддесіне сәйкес дайындаулары тиіс [2].

Тәуелсіз Қазақстанның саяси дамуы, ішкі саяси реформаларының сипаты бүгінде әлем елдеріне үлгі саналады. Қазіргі Қазақстанның негізгі міндеті серпінді экономикалық даму, тұрақтылықты сақтау арқылы саяси және экономикалық жаңғыруды жалғастыра дамыту екендігі анық. Сондықтан Қазақстан Республикасындағы саяси тұрақтылық мемлекет имиджін қалыптастырудың негізі болып табылады.

Әдебиет:


1. Насимов М.О. Image of the country and the city on the example of the Republic of Kazakhstan and Astana // Молодой ученый. — 2013. — №5. — С. 564–566.
2. Насимов М.Ө. Жаһандық ақпараттық кеңістік шарттарындағы тәуелсіз Қазақстанның имиджін қалыптастыру мәселелері // Егемен Қазақстан. — 2011. — 22 ақпан.

# ПЕДАГОГИКА

## Болашақ педагогтарда салауатты өмір салтына тәрбиелеу проблемаларының зерттелу жайы

Абжалиева Жаухар Ерлановна, студент
Ғылыми жетекшісі: Тәуіпбаева Айнұр Төребекқызы, оқытушы
«Болашақ» университеті (Қызылорда қаласы, Қазақстан)

Қазақстан Республикасының әлемдік өркениетке, демократиялық дәстүрге өту жағдайында адамзат қоғамының ғасырлар бойы жинақтаған жалпы құндылықтар мұрасына ден қоюы, рухани-адамгершілік негізінде дені сау жан-жақты дамыған, салауатты өмір сүру дағдыларын арқылы мәдениетін қалыптастырудың өзектілігі артуда. Бұл мәселе «Білім туралы» Заңында, білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі ретінде көрініс тапқан [1].

Сыр сымбат, сыртқы және ішкі мәдениетті жетілдіру, жаңа технология мен озат тәжірибені ұлттық және жалпы адамзаттық құндылық қағидаларымен сабақтастыра зерттеу — бүгінгі күн талабынан туындап отырған педагогика ғылымының міндеттерінің бірі. Денсаулықты сақтап, оны жетілдіру мәнін бүгінгі жаңа заман талабына сәйкес қарастыру — бұл адамды өзі өмір сүрген ортаның жемісі ғана емес, сол ортадағы дене мәдениеті, адамгершілік қарым-қатынасы әрекетімен көрінетін субъект деп танылуымен айқындалады. Қоғамның елеулі өзгерістерге түсуі, адамның мақсат-мұраттарына, тұрмыс-тіршілігі мен мінез-құлқына, сондай-ақ өзінің жеке басына да субъект ретінде өзгеріс енгізуде. Оның үстіне қоғамдағы салауаттылық, дене мәдениеті мен рухани құндылықтардың табиғаты, мәні, шығу тегі және атқаратын қызметтері туралы жан-жақты зерттеу, оқушылардың тәрбиенің құрамдас бөліктерінің бірі салауаттылық мәселесімен байланысты қарастыру қажеттігі біздің тақырыбымыздың өзектілігін айқындай түседі [2].

Ғылым, техника, мәдениет және білім дамуының өзара байланыстылығы мен өзара сабақтастығы тарихи сипатта екендігін ескере отырып, жүргізген теориялық зерттеулеріміз қорытындылары, озат тәжірибелерді оқып үйрену мен жүйелеу, көп жылдық тәжірибе көрсетіп отырғандай, болашақ педагогтарды бәсекеге қабілетті, дені сау етіп тәрбиелеу болашақ мұғалімдерді сапалы даярлауда олардың болашақ кәсіби әрекетінде білімгерлердің салауатты өмір сүру дағдыларына баулу, салауатты өмір сүру салтын теориялық талдаудың маңыздылығы өте жоғары екендігі айқындалды.

Салауатты өмір сүру салты әлеуметтік жүйе және қоғамдық құбылыс оның қалыптасуы мен дамуының негізгі заңдылықтарын, оның қызметі мен құрылымын танып, білудің қажеттілігі білім мен тәрбие талаптарына сәйкес өсіп келе жатқан ұрпақтың жан-жақты дені саулығын қамтамасыз ету үшін керек. Салауатты өмір салтын қалыптастыру сабақтан тыс, мектептен де тыс денсаулыққа байланысты шаралар жүйесі екенін ескерсек, қазіргі кезеңдегі білім беру орындарындағы салауаттылық жүйесі жастардың денсаулықтарын нығайтумен қоса, тұлға бойындағы биологиялық-психологиялық қажеттіліктердің жан-жақты жетілуіне, өмірге белсенді ұстаным мен ізгілікті қатынастарын дамытуды меңзейді. Мұндай маңызды әдістеме ғылыми және оқу пәні ретінде жетекші рөл атқаратынын, болашақ педагогтардың тәрбиесі саласындағы кәсіптік бағытта дайындауды жүзеге асыратын жоғары оқу орындарындағы оқыту жүйесіне тікелей байланысты екені белгілі.

Салауатты өмір салтын қалыптастыру мәселелерін шығармашылық тұрғыда шешуге, өзгермелі өмір жағдайында инновациялық процестер мен жаңашыл бағыттарды дер кезінде меңгере отырып, тәжірибеге сын көзбен қарап, салауаттылықты қалыптастыру міндеттерін жүзеге асыруға белсенді, салауаттылық пен денсаулығы мықты маман даярлаудың маңыздылығы артуда.

Демек, жоғары оқу орындарына болашақ мамандарды кәсіби дайындау денсаулығы мықты, жан-жақты дамыған, алуан түрлі дене және ақыл-ой еңбектерін тәрбиелеуге қабілетті ұрпақты тәрбиелеу жөніндегі мемлекеттік қажеттілік талаптарына байланысты жүргізілетін іс. Қазақстан Республикасы 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасының алға қойып отырған басты міндеттерінің бірі — халықаралық білім жүйесіне ену.

Жоғары білімді дамытудың жаңа ұлттық тұжырымдамасы мен бағдарламасына, жоғары білімдегі құрылымдық өзгерістерге байланысты білім мазмұнына оның жаңаша педагогикалық негіздерін енгізу қажеттігі

туды, біздің зерттеуіміз салауатты, денсаулығы мықты болу үшін жүргізіліп жатқан іс-шаралар аз емес.

Республикамыздағы білім беру саласында және әртүрлі қолдану салаларына байланысты жаңа бағыттағы білімді де, денсаулығы мықты жан—жақты дамыған мамандарға деген сұраныстардың артуы, оларды дайындаудағы білімділігі мен қабілеттілігі, біліктіліктің қазіргі талаптарға сай болуы өте үлкен маңызды жұмыстарды атқаруды талап етеді және болашақ педагогтардың кәсіби даярлығын, білім стандартына, мазмұнына сай жетілдіру мәселелері көкейкесті мәселеге айналып отыр.

Денсаулықты нығайту, білім беру, дамыту, тәрбиелеу міндеттерін шешуге арналған педагогикалық жұмыстардың бірі бола отырып, жеке тұлғаның денсаулық деңгейін арттыру, табиғи күш-қуатын нығайту, дене мүшелерін гигиеналық негіздері мен дене-қозғалыс қабілеті мүмкіндіктеріне сай, өз бетінше қимыл-қозғалыс жаттығуларын орындап, өзін-өзі үнемі дамытып, көңілді де сергек жүруге баулиды [3].

Болашақ ұрпағымыздың денсаулығының мықтылығы, салауатты өмір сүруі мектеп мұғалімінің жеке басымен оның жоғары оқу орнындағы теориялық жеке тәжірибелік дайындығының дәрежесіне тікелей байланысты. Осыған орай білімгерлердің салауатты өмір сүру салтын қалыптастыру жүйесін жүзеге асыру жұмыстарын болашақ мұғалімдерді даярлау ісін кәсіби дайындықтың ажырамас бөлігі ретінде қарастыру керек.

Бүгінгі таңда болашақ мұғалімдерді оқушылардың спортпен шұғылдануға, жаман әдеттерден бойын аулақ ұстау жүйесін жүзеге асыруды ескере отырып дайындаудың қажеттігі мен бұл мәселенің ғылыми-теориялық тұрғыда талданбауы және болашақ мұғалімдердің кәсіби дайындығын ғылыми — әдістемелік тұрғыдан жеткілікті деңгейде қамтамасыз ету сұранысы мен осы уақытқа дейін педагогика ғылымының мәселенің арнайы жүйе ретінде қарастырылмауы арасында **қарама-қайшылықтар** орын алып отырғанын байқадық. Қарама-қайшылықтар бізге зерттеу проблемасын айқындап, тақырыпты «**Болашақ педагогтарды салауатты өмір салтына тәрбиелеудің ғылыми педагогикалық шарттары»** деп таңдауымызға себепші болды.

Президентіміз Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан — 2030» стратегиялық бағдарламасында «Салауатты әрі гүлденген экономика құрмайынша, біз қуатты мемлекет пен қарулы күштер құра алмаймыз, демографиялық, экономикалық және әлеуметтік міндеттерді шеше алмаймыз, әрбір адамның жеке басының қадір-қасиеті мен әл-ауқатын арттыра алмаймыз», — деген болатын [3].

Соған байланысты көптеген құжаттар бар, мәселен: Қазақстан Республикасы Президентінің 1998 ж 18 мамырдағы «Халық денсаулығы» атты мемлекеттік бағдарламасы, Қазақстан Республикасының үздіксіз білім беру жүйесінде «Салауаттану-денсаулықты сақтау» бағдарламалары. Бұл құжаттардағы негізгі мәселенің бірі —салауатты өмір салтын қалыптастыру, жастар тәрбиесі. Сондықтан да болашақ мұғалімдерге қойылатын жаңаша талаптар мен өзгерістер туындап отыр. Бұған себеп қазіргі кезде жеке тұлғаның қоғамдық және әлеуметтік мәні болашақ мұғалімінің назардан тыс қалмауы қажет.Оқу тәрбие үдерісіндегі сауықтыру, білімдік, тәрбиелік міндеттерімен қатар, педагог кәсіби жұмысын атқарып қоймай, оқушылардың рухани жеке тұлғасын қалыптастыруды жүзеге асыруы керек [2].

Салауатты өмір сүру салтының теориясы мен әдістемесінің қайнар көздерін, тарихи даму кезеңдерін сараласақ, олардың мынадай жағдайларға байланысты пайда болатынын анықтауға болады:

— салауаттылық дағдысы жетілген, денсаулығы мықты адамдардың қажеттілігінен туындаған қоғамдық өмірдің іс-тәжірибесі;

— әр түрлі тарихи кезеңдерде ойшылдар мен ағартушылардың жан-жақты жетілген жеке тұлғаны тәрбиелеу туралы ой-тұжырымдары мен идеялары;

— үйлесімді дамыған, жан-жақты, білімді де білікті ұрпақ тәрбиелеудегі озат педагогикалық іс-тәжірибелер мен ұсыныстар;

— кәсіби білім беру саласындағы ізденістер мен ғылыми негізделген тұжырымдамалар;

— кәсіби білім беру саласын дамыту жөніндегі мемлекеттік сұраныстар.

Салауатты өмір сүру салты адам әрекетінің сан — қилы сипатымен, өзіне тән ой-сана мен даму заңы, өзара ішкі байланыстары мен өзара ықпалдастықта дамитын ерекшеліктері, әдістері мен өзіндік тарихы қалыптасқан. Нәтижесінде салауаттылықты қалыптастыру теориясы ғылым ретінде қалыптасып, мәні мен мазмұнын анықтауға мүмкіндік береді. Тарихи деректерді сараптасақ, адамзат қоғамы пайда болып, алғашқы өмір сүру кезеңінен-ақ дене мәдениетіне көңіл бөлініп, сол еңбек пен тұрмыстық өмірдің шарты ретінде дамыды. Алғашында ұйымдасқан ойындар мен ойындық-қимыл қозғалыстар түрінде көрініс берді. Бұл кезеңдегі ойындар мен денешынықтыру жаттығулары қарапайым болғанымен, олардың адамды қалыптастыру мен тәрбиелік маңызы зор болды [4].

Салауатты өмір сүру салтына тәрбиелеудің басқа тәрбиелермен сабақтастығы мәселесі Орта Азия және Ұлы дала ғұламалары еңбектерінде де ерекше аталған. Солардың ішінде ерекше тұлға Әл-Фараби тәрбие мәселесіне бағыт-бағдар бере отырып, «Әлеуметтік-этикалық трактаттар» атты еңбегінде бала денесін жетілдіруді оның бойындағы абзал қасиетті тани біліп, мінез-құлқының жақсы сипаттарын тәрбиелеп, өзін-өзі үнемі дамыту қажеттігіне тоқталады. Ол *«дененің саламаттылығы»* ұғымын енгізе отырып, әр адамның тәрбиесінде мынадай үш қасиет болу қажет деп есептейді: дене күші, рухани және ақыл-ой, олар өзара үйлесімді дамыған жағдайда ғана жан-жақты дамыған жеке тұлғаны қалыптастыруға болатынын дәріптейді.

Еліміздің белгілі қайраткерлері Ш. Құдайбердиев, А. Байтұрсынов, М. Дулатов, М. Жұмабаев, Ж. Аймауытов, С. Торайғыров, Ө. Тілеуқабылұлы т.б. салауаттылық мәселелерін халықтың дәстүрлері,

халықтың мұраларындағы орамды тұстарын дәлелдеп, оның құндылық бағытына тоқталған.

Кейінгі жылдары жастардың тәрбиесіне байланысты бірқатар құжаттар, заңдар, тұжырымдамалар жарық көрді. Оларда тәрбиенің мазмұны, ұстанымдары, мақсаты мен міндеттері қайта қарастырылып, оларды түбегейлі жаңалау қажеттілігі атап өтілген. Мұндағы мақсат — ұрпақты қазақ халқының жауынгерлік тарихымен, ерліктің өшпес үлгісін қалдырған қас батырлардың өмір өнегесімен таныстыру, өз жерін, елін қорғай алатын ел-жанды ұлттық намысы бар жігерлі азаматтарды тәрбиелеу, басқа ұлттардың өкілдерімен жастардың өзара сыйластық, достық негізінде өмір сүруіне ықпал жасау, ұлтаралық қатынастың жақсы негіздерін бойына сіңіру. Бұл қағидалар қазіргі таңда қазақ педагогикасында тәрбиенің негізгі ережелерінің бірі болып саналады [5].

Соңғы уақытта қоғамымызда зор саяси және әлеметтік өзгерістер жүріп жатыр. Осыған байланысты адамдардың түрмыс тіршілігінің, сана-сезімі мен әдет-ғұрпының да өзгерістерге ұшырайтыны заңды құбылыс. Яғини, бұл болашақта біздің ұрпағымыз жаңа өмір салты бойынша өмір сүреді деген сұрақтар төңірегінде қазірден бастап ойланып, оның теориялық негізін жасауымыз, жастарымызды сол бағытта тәрбиелеуге назар аударуымыз керек.

Әдебиет:


1. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы. — 27.07. 2007
2. Қазақстан Республикасы Президентінің 1998 ж. 18 мамырдағы «Халық денсаулығы» атты мемлекеттік бағдарламасы.
3. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан-2030. Барлық Қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. — Алматы: Білім,1997. — 176 б.
4. «Қазақстан республикасындағы мемлекеттік жастар саясаты туралы» ҚР Заңы. — 2004 ж. — 7 шілде, №581.
5. Қазақстан Республикасындағы білім беру мекемелерінің 2006—2011 жылдарға арналған тәрбие жұмысының кешенді бағдарламасы. — ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2005 жылғы 13 маусымдағы №401 бұйрығы.


## Мектеп оқушыларының шығармашылық дарындылығын дамыту

Абильтай Айгерим Жаксылыковна, студент
Ғылыми жетекшісі: Уразымбетова Макпал Ормановна, педагогика ғылымдарының магистрі
«Болашақ» университеті (Қызылорда қаласы, Қазақстан)

Қазіргі жаһандану заманында еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуы, индустрияның қарыштап өсуі, мәдени дамудың әлемдік деңгейіне көтерілуге бет бұру кезеңінде, қоғамның сұранысы өсіп тұрған шақта дарынды балалардың интеллектуалдық дамуын қанағаттандыруын қамтамасыз етудің маңыздылығы артуда.

Оқу тәрбие процесінде әр түрлі әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, оқушылардың қабілетін арттыруға бағытталған жұмыс түрлерін ұйымдастыру кезек күттірмейтін міндеттердің бірі болып табылады. Бүгінгі таңда жаңа талап, жаңа заманға сай оқушыларға тәлім-тәрбие мен білім берудің басым бағыттарында дарындылықты айқындау, ақыл-ой, интеллектуалдық шығармашылығын дамытуға баса назар аударылуда.

Әр адам балалық, жасөспірім және жастық шағынан бастап, өмірде үлкен жетістіктерге жетуді армандайды. Жасөсіпірімдік шақ- бұл ізденіс, үміт, күмәндану, мазасыздану кезі. Көптеген балалар ерте кезден бастап, әртүрлі іс-әрекет түрлеріне қабілеттілік білдіреді (сурет салады, билейді, музыкалық инструменттерде ойнайды, ән айтады т.б.). Бірақ уақыты келе, бұл қабілеттіліктердің көрінісі бәсеңдеп, жас адамның мамандығының негізіне айналмайды, ол адам жай ғана «орташа» кәсіпкерге айналады.

Қазіргі кездегі жаңа әлеуметтік — экономикалық жағдай бойынша, кәсіпкерлік іс-әрекетте табысқа жалпы және әдейі қабілеттің ең болмағанда аз ғана бөлігімен, білімділікпен, шығармашылықпен қамтамасыз етілгенде ғана жетуге болады. Сондықтан, балалар алдында, сонымен қатар, ата- аналар, мұғалімдер алдында да жаңа міндет тұр, яғни жеке тұлғаның потенциалды мүмкіндіктерін зерттеу, дамыту және осының негізінде баланың болашағын анықтау.

Әр түрлі іс-әрекеттерге байланысты адам қандай да қызметті орындауы қажет және сол істің тиімді нәтижесін қамтамасыз етуге жәрдем беретін сапаларға ие болуы тиіс. Мұндай дара психологиялық ерекшеліктер міндетті түрде, бір жағынан, өзіндік психикалық табиғатына ие болудан, екіншіден — әркімде өз алдында, қайталанбас көрінісін жеке адам қабілеті деп атаймыз.

Адам қабілеттілігінің даралық ерекшеліктеріне дарындылық, шеберлік, талант, данышпандық, шабыт кіреді [1].

Әр түрлі іс-әрекеттер аймағына қажет білім, ептілік-дағдылар бірлігін жеңіл әрі нәтижелі игеруді қамтамасыз

етуші жалпы қабілеттер ерекшелігін дарындылық деп атайды. Дарындылық әрбір адамның ақыл-сана, оқу, шығармашылық, көркем-өнер, адам аралық қатынастар түзу және психомоторлық қызметтерінде көрініс береді. Дарынды адамдарға тән қасиеттер: зейінділік, жинақылық, тұрақтылық, әрқашан қызметке дайын болу; мұндай тұлғалар, сонымен бірге, мақсатқа жетуде ақылға сай табандылыққа ие, еңбекте шаршап-шалдығуды білмейді, басқалармен салыстырғанда интеллекттік деңгейі анағұрлым жоғары.

Дарындылықтың дәрежесінің артуы қажетті білімдер мен ептілік, дағдыларды игеріп, жетілдіріп дамытуға тікелей тәуелді.

Дарынды балалар — жалпы және арнайы дарындылығын (музыкаға, сурет, техникаға т.б.) байқатқан балалар. Дарындылық қарқыны бойынша басқадай жағдайлар бірдей болғанда баланың өз құрдастарының озықтық дәрежесі бойынша диагностикалау қабылданған (ақыл-ой дарындылығы тестері осыған негізделген).

Баланың дарындылығы деп — бірдей өмір шартында, өз құрбыларымен салыстырғанда оқуға қабілеттілік және шығармашылық құбылыстары жоғары болып табылуы түсіндіріледі.

Бүгінгі таңда дарынды балалар мәселесін зерттеуге қатысты маңызды ой-пікірлер жинақталған. Бұл мәселенің түп тамыры ғасырлар тереңінде жатыр. Адамның психологиялық ерекшеліктері жөніндегі идеялар, оның ішінде қабілеттілік туралы ойлар сонау ертедегі грек философтарының еңбектерінде, қайта өрлеу дәуірі ғалымдарының және алдыңғы қатарлы әр елдің озық ойлы педагогтерінің еңбектерінде кездеседі.

Ерте дәуірде адам психикасы танымдық құбылыстың ішіндегі танып білуге, ұғынуға өте қиын мәселелердің бірі болғандықтан, жекелеген адамдардың табиғи ерекшелігі мен оларда ерекше табиғи қабілеттіліктің болуы құдіреті күшті құдайдың жаратқаны деп есептеген. Платонның пікірінше, ақын туындылары өзінің өнерлілігі мен білімінен емес, құдайдың құдіретінен, оның белгілеуінен. Платонның еңбектерінде «… поэт творит не от искусства и знания, а божественного предопределения и одержимости» деп жазады. Бұл пікірді Демокрит те қолдаған [2].

Дарындылықты, ақыл-ой қабілетін дамытудағы оқыту әдістемесінің негізін алғашқылардың бірі болып қалаған ұлы педагог Я.А.Коменскийдің XII ғасырда жазған «Ұлы дидактика» атты еңбегінде: «Заттың не құбылыстың түп тамырына жету, анықтау қабілетін дамыту, оны шынайы түсіну және оны қолдана білу қажет», — деп ерекше атап өтті. Я.А.Коменский дидактикалық принциптерді ұсына келіп, ақыл-ой әрекетін дамытуда мұғалімнің рөлі туралы жазған болатын. Ол: «Таным бастамасы -сезімнен, бала сезіне білмесе, оның ой-өрісінде ешқандай өзгеріс болмайды. Оқытуды зат туралы сөзбен емес, сол затты бақылау арқылы шәкірттің ойын дамыту керек», -дейді. «Мен өз шәкіртімнің әрқашанда өз бетінше бақылауын, практикада өздігінен тұжырым жасауын дамытуды — білім берудегі негізгі жетістікке жету құралы ретінде қарастырамын», — деп жазды [3].

Қазақ ағартушылары дарындылықтың туа бітетін қасиет екенін мойындай отырып, адам қабілеттілігінің дамуына білім мен тәрбиенің, еңбектің, қоршаған ортаның зор ықпалының бар екенін айтады.

Ш.Уалиханов шығармаларында жеке тұлға тәрбиесіндегі білім мен тәрбиенің шешуші рөлі көрсетілген. Оның жалпы қазақ халқының ақыл-ой қабілеттілігі жөніндегі пікірі мынадай: «Қырғыз-қайсақтар табиғатының ақыл-ой жүйріктілігімен, таңқаларлық көңілшектілігімен ерекшеленеді». Ш.Уалиханов тәрбиеге үлкен маңыз бере отырып, адам қабілетінің дамуына оның табиғи бейімділігінің мәні зор екендігін алға тартады [4].

Оқушының шығармашылық мүмкіндіктерін тиімді әдіс-тәсілдермен дамыту мұғалімнің шеберлігі мен біліктілігіне байланысты. Мұғалім оқу мазмұнын түсіндіруде оқушы санасына «ұғыну», «ой операцияларын» меңгертеді және оқушыны танымдық белсенділігі мен өздігінен білім алу жолдарына қалыптастырып, оларға бағыт беріп, жолдарын көрсетуі керек. Қарама-қарсы нәрсені салыстыра алушылық, түсініксіз жағдайды таба білушілікпен өз бетімен жұмыс істеуге оқушы үйренеді.

Оқудағы белсенділік оқып-үйренетін тақырыпқа, пайда болған мәселеге, міндетке тұрақты ынтаның пайда болуымен, назар мен ой-сана операциясының бағыттылығымен (талдау мен синтез, салыстыру мен салмақтау т.б.) оқып жатқан материалды түсінуімен бейімделінеді.

Қорыта айтқанда, оқушылардың шығармашылық дарындылығын дамыту үшін оқу процесі және мұғалімнің жеке тұлғасын ұйымдастырудың үлкен мәні бар. Ягни, білім беруші мен білім алушы екеуінің арасындағы дидактикалық үдерістің барлық аспектісі педагогикалық тұрғыдан зерттелуі тиіс. Дарынды балаларды теориялық деңгейде оқыту үшін арнайы бағдарлама мен білікті мұғалім қаншалықты қажет болса, соншалықты оқу- танымдық қызметін шебер ұйымдастыруға болатыны сөзсіз.

Демек, жеделдете дамыту да, мектеп курсын тереңдету де, тренингтік бағдарламалар да барлық оқыту мәселелерін және дарынды балалар дамуын толық қамтамасыз ете алмайды. Бұл мәселелер тек қана оқыту мен дамыту бағдарламасында ғана шешіледі. Өйткені бұл бағдарламалар балалардың дамуына ықпалын тигізіп, оқытудың барлық тәсілдерін жүзеге асыру мүмкіндіктерін ашады.

Оқыту мен дамыту бағдарламалары баланың қабілеттерінің дамуы мен білімді меңгеру бағыттарын бірдей дамытатын бағдарламалар болуы қажет. Бұл тәсілдердің оқыту процесіне енгізу мысалы ретінде Д.Б.Эльконин — В.В.Давыдовтың дамыта оқыту теориялары негізінде жасалған бағдарламаларды келтіруге болады [5,6].

Мектеп дарынды балаларды оқыту, дамыту ортасы болу үшін оқыту процесі осындай бағдарламалар талаптары негізінде құрылуы тиіс.

Оқу мазмұнын арттырудың бірінші тәсілі, әр тақырыпты терең, шығармашыл сипатта меңгерту болып саналады. Ал екіншісі — тиімділік принципі, пән бойынша идеялар мен түсініктерді ортақ сапа ретінде қолдану оқу материалын тиімді меңгертуге, оқу процесінің тиімділігін ұлғайтуға мүмкіндік береді.

Зерттеушілер пікірінше, дарынды балаларды осы жүйемен оқыту тиімді деп саналады. Дегенмен, дарынды балаларды оқыту жөнінде сөз қозғалған кезде бұл жүйенің мүмкіндіктері баланың дүниеге деген тұтас көзқарасын, жаңа мәселелерді қабылдауын дамытуға жеткіліксіз.

Сонымен, дарынды балаларды оқыту мен тәрбиелеуді өз деңгейінде жүзеге асыруды мақсат етсек, олардың білімге деген құштарлығын, мүмкіндіктері мен абстрактылы теориялар мен ойларға қызығушылығын дарынды балалардың ерекшеліктері тізіміне енген барлық жайларды ерекше назарға алуымыз қажет.

Әдебиет:

1. Бабаев С. Жалпы психология. — Алматы: Дарын, 2005. — 352 б.
2. Избранные философские произведения. В 2-х томах. — Т.2. — М., 1996. — 546 с.
3. Коменский Я.А. Избранные педагогические сочинения. В 2-х т. — М., 1982. — 384 с.
4. Уалиханов Ш. Таңдамалы. — Алматы: Жазуша, 1986. — 560 б.
5. Эльконин Д.Б. Возрастные и индивидуальные особенности младших подростков. — М., 1947. — 234 с.
6. Давыдов В.В. Принципы обучения в школе будущего. — М., 1974. — 295 с.

# Жастарды тәрбиелеу мен білім берудегі гуманитарлық технологиялар

Алибек Айгуль Сагидуллаевна, студент
Ғылыми жетекшісі: Насимов Мурат Орленбаевич, саяси ғылымдарының кандидаты
«Болашақ» университеті (Қызылорда қаласы, Қазақстан)

Мемлекетіміздің тұрақты экономикалық және әлеуметтік дамуын қамтамасыз етудің негізгі жолы білім беру және тәрбие беру жүйесін жоспарлы түрде құру болып табылады. Бүгінгі күнде XXI ғасырдың көшбасшы мемлекеті болу білім беру арқылы тәрбиелеудің тиімді жүйесін қалыптастыруда жатыр. Білім әлемдегі барлық мемлекеттердің негізгі басымдықтарының бірі болып саналады. Тәрбие жеке тұлғаның адамдық бейнесін, ұнамды мінез-құлқын қалыптастырып, өмірге бейімдеу мақсатында жүргізілетін жүйелі процесс. Сондықтан қазіргі бәсекелестік заманындағы шарттар бойынша оқытудағы ақпараттық және коммуникациялық технологиялар жүйесінің маңызы зор. Қазіргі заманғы философияның өзі гуманизм дағдарысына ұшырағаны жасырын емес. Дағдарыстың негізгі себебі — адамзаттың рухани-адамгершілік дамуы ғылыми-техникалық прогрестен артта қалуында деген пікірдеміз.

Білім беру тұлғаның қоғам талаптарын игеру жағдайындағы және оны реттеп отыратын тұлғаның қалыптасу процесі болып табылады. Бұл адам баласының оқу нормасы, тәрбиесі және әлеуметтік құндылықтарды игеру дағдысы ретінде саналады. Сондықтан білім беру процесі арқылы тәрбие жүргізу келесі сатылар негізінде дамиды: ***имитация*** — ересектердің мінез-құлқын кішкентай балалардың көшіруі; ***ойындық*** — бала мінез-құлықты оның мағыналық рөлі ретінде атқаруы; ***топтық ойындар*** — рөлдер негізінде күтілетін мінез-құлық.

Жастарға білім беру мен тәрбиелеудегі негізгі міндеттер тұлғаның рухани, адамгершілік, шығармашылық дамуының жоғарғы деңгей сапалық белгілеріне сәйкес болуы тиіс. Білім берудегі жаңа міндеттер тәрбие мәніне жаңа түсініктер береді. Тәрбие қызметінің қазіргі заманғы тұжырымдамалары бойынша негізгі мәселелер төмендегідей: 1) тұлға дамуын басқару үрдісі; 2) тұлға дамуының шарттарын құру бастамасы; 3) тұлғаны әлеуметтендіру үрдісін бақылау; 4) тұлға дамуындағы психологиялық және педагогикалық қолдау үрдісі.

«Технология» термині тек ғылымда ғана емес, күнделікті өмірде де кеңінен қолданылады. Сонымен бірге қазіргі шетелдік және қазақстандық ғылымда берілген түсінікке қатысты нақты ұғымдар жоқ. Ғылыми әдебиетте «технология» ұғымы алғаш рет машина, фабрикалар мен өндірістік индустрияның XVIII ғасырларда Европада дамуы барысында, ал Кеңестік ғылымда бұл термин XIX ғасырдың басында қалыптасты. Оның пайда болуы И.А. Двигубскийдің химиялық технологияға қатысты «Начальные основания технологии, или краткое показание работ, на заводах и фабриках производимых» (1808 ж.) оқу құралы, «Технологический журнал» (1840 ж.) топтамасының жарық көруі мен «Курс химической технологии» (1851 ж.) оқулығының шығуымен байланысты.

Демек, химияда «технология» арнайы ғылыми термин ретінде бекітілді. Қызметтің өзге салалары мен ғылыми әдебиетте «технология» түсінігінің орнына «өнер», «іс» секілді терминдер жиі қолданылады.

Сонымен бірге, технология ұғымын жеке түсінік ретінде ғылымға енуіне «техника» терминінің қолданылуы кедергі келтіріп, көп жағдайда «технология» ұғымын ауыстырып отырды. Сондықтан ғылыми пәндер классификациясында технология ұғымын техникалық ғылымдармен байланыстырылып отырады.

Дегенмен, кейбір зерттеушілер технологияның техникалық пәндерінен бөлек ғылым салаларында кеңінен пайдалануға болатынын дәлелдейді. М. Корач пікірінше, техника адамның табиғатты игеруін көрсететін өркениет пен мәдениеттің бір саласы болып табылады және бұл салаға экономикалық қызметтегі материалдық құралдарға жетудің мақсаттарын енгізеді.

Басқа зерттеушілер техникалық ғылымдарды екі үлкен топқа бөледі:

1) техника мен еңбек құралдарының материалдық құрылысы туралы ғылым;

2) техникалық жүйелердің құрылымы мен қызметтері туралы ғылым. Олар технологияны ғылымның екінші тобына жатқызып, оның көптеген бағыттарын ерекшелейді: металл өңдеу технологиясы, машина жасау технологиясы, құрылыс өндірісінің технологиясы, химиялық технология және т.б.

А. Д. Бондаренко «техника» және «технология» терминдерінің эволюциясын сараптай келе, оның келесі хронологиялық кезеңдерін көрсетеді:

Бірінші (XIX ғ. басы — XIX ғ. үшінші ширегі): «технология» терминінің арнайы әдебиетке енуі және оның химия мен химиялық өндірісте бекітілуі.

Екінші (XIX ғ. үшінші ширегі — XIX ғ. соңы): «техника» терминінің кең тарауы және оның табиғат күшін игерудегі дағдылар, икемдер, тәсілдер мен білімдердің жиынтығы ретінде түсініктеме берілуі.

Үшінші (XIX ғ. соңы — XX ғ. бірінші ширегі): «техника» терминінің үстемдігі және оның адамзат қызметінің жеке салаларында кәсіпқойлық ретінде түсініктеме берілуі.

Төртінші (XX ғ. екінші ширегі): «технология» терминінің дамуы, оның өндірістің барлық салаларында таралуы және бекітілуі. Технология ғылыми және тәжірибелік дифференцияға ұшырады. «Техника» терминімен еңбектің материалдық нұсқалары белгіленді.

Бесінші (XX ғ. үшінші ширегі): «техника» мен «технология» терминдерін қолдануға қатысты қатал талаптар. Теориялық технологияның пәнін негіздеу қолға алынды. «... материя өмірінің формалық өзгерістерін зерттеуге бағытталған процестерді зерттейтін ғылым...» Берілген кезеңді зерттеушілер ғылыми технологияның бекітілуімен байланыстырады.

Алтыншы (XX ғ. соңғы ширегі): технологияның әрі қарай дифференциялануы, теориялық бөлімінің қалыптасуы мен дамуы. Техника термині бөлінді және жеке категориялық түсінік ретінде қалыптасты [1].

Бүгінгі күндегі әлеуметтік-саяси және экономикалық жағдайлар педагогикалық ұстанымдарды қайта қарап, тәжірибелі, сапалы білім беру арқылы болашақ мамандарды даярлаумен қатар, білім берудегі рухани-адамгершілік, ақпаратты шығармашылық және сыни өңдей алатын, құбылыстарды терең сараптайтын технологияларды қажет етеді. Оның негізгі рөлін гуманитарлық технологиялар атқарады. **Гуманитарлық технологиялар** — стратегиялық сипаттағы болашаққа болжам жасау, көпшілікке жария ету және даралығын танытатын әлеуметтік жүйелерді басқару әдістерінің кешені болып табылады.

Сондықтан «технология» түсінігінің мазмұны көпқырлы. Оның ғылыми шеңберінде теориялық және тәжірибелік салалары қоғамдық даму мәселесін шешу барысында қиындықтар туындатады.

«Технология» түсінігі ең алдымен шаруашылық өндірісі, техникалық прогресс, техникалық конструкциялар мен өндірістік процесс жүйелерімен байланысты. Сонымен бірге, технология материалдық өндіріс саласының пайда болуы арқылы дамыды.

Гуманитарлық технологиялар бойынша индивидтің әлеуметтік құрылымындағы өзгерістерді айқындауда «мінез-құлық стратегиясы» термині кеңінен қолданылады. Бұл ұғымды институтталған жүйешіктердің келісім теориясындағы өзара байланыстарды қарастыратын «әлем» түсінігімен қарастыруға болады. Ғылымда мұндай әлемнің жеті түрі көрсетілген:

1) нарықтық әлем; 2) индустриалдық әлем; 3) дәстүрлік әлем; 4) азаматтық әлем; 5) қоғамдық пікір әлемі; 6) экологиялық әлем; 7) шабыттану және шығармашылық қызметі әлемі.

Көрсетілген әлем түрлері сипаты мен құндылықтарына қарай бөлінеді:

1. Ақпарат көзіне қарай: нарықтық әлем — баға; индустриалдық әлем —техникалық және технологиялық стандарттар; дәстүрлік әлем — дәстүр, сенім аңыздар мен салт-дәстүр; азаматтық әлем — заңдар, мінез-құлық ережелері; қоғамдық пікір әлемі — саяси жарнама, өсек-аяң; экологиялық әлем — қоршаған ортаның жағдайы туралы мәлімет; шабыттану және шығармашылық қызметі әлемі — дарындылық.

2. Мінез-құлық нормаларының басымдығына қарай: нарықтық әлем — индивид қажеттілігінің жоғарылығы; индустриалдық әлем — өндіріс үдерісінің үздіксіздігін қамтамасыз ету; азаматтық әлем — жеке мүдделерді ұжыммен байланыстыру; қоғамдық пікір әлемі — танымалдылық жетістігі; экологиялық әлем — адамдар арасында өзара байланыстарды экология талаптарымен байланыстыру; шабыттану және шығармашылық қызметі әлемі — қайталанбас нәтижеге жету мүмкіндігі.

3. Институтталған жүйешіктер пәндік белгілері бойынша бөлінеді: нарықтық әлем — әлеуметтік өзара байланыстардың негізі болып табылатын тауар мен ақша; индустриалдық әлем — құрал-жабдық; дәстүрлік әлем — табыну құралдары; азаматтық әлем — қоғамдық игілік; қоғамдық пікір әлемі — мәртебе көрсеткіштері; экологиялық әлем — табиғат нысандары; шабыттану мен шығармашылық әлемі — өнертабыс және инновациялар [2, 58–68 бб.]. Демек, аталған жеті әлем бір-бірімен

өзара байланысты және өз кемшіліктерін біріге реттеп отыруға мүмкіндіктері бар.

Жалпы гуманитарлық технологияларды білім берудегі инновация ретінде қарастырамыз. Білім беру процесінде инновацияның маңыздылығы зор. Инновация — жүйені жаңарту, дамуын қамтамасыз етуге бағытталған, жаңа сапалық белгілерге өту жолы. Білім берудегі инновациялық ізденіс гуманитарлық технологиялар түсінігіндегі парадигмалар өзгерісіне байланысты. Сондықтан оқыту процесіне инновациялар енгізу уақыт талабына сай болуы тиіс. Бұл бағытта гуманитарлық технологиялардың білім беру процесіндегі маңыздылығын ескерген жөн.

Инновациялық педагогикалық процестер әлеуметтік зерттеулер мен педагогикалық тәжірибе салаларының пәні ретінде зерделенуі елімізде кеш қалыптасты. Әлемдік педагогикалық қауымдастық бұл мәселеге ерекше қарайды. Мәселен, ЮНЕСКО жанында әлемнің барлық елдеріндегі педагогикалық тың жаңалықтар жиынтығын жүйелеп, ақпарат беретін білім беруді дамытудағы педагогикалық инновациялар орталығы қызмет атқарады.

Инновация адамзат секілді өмір циклінен өтеді. Инновация дамуының келесі кезеңдері бар: 1) инновацияның пайда болуы; 2) оның қалыптасуы және нақты ортада жылдам өсімі; 3) кемелденуі, оның өзге ортаға кең таралуы; 4) жаңа бастамалардың дәстүрге айналуы.

Дәстүрге айналған инновацияның төртінші сатысы ұзақ уақыт қоғам үшін қажетті болады. Бірақ, оның қажеттілік шарттары өзгерсе, инновациялық дамудың бесінші кезеңі қалыптасып, дағдарысқа ұшырау байқалады [3, 125 б.].

Еліміздегі гуманитарлық технологиялардың қазіргі жағдайын талдауға байланысты оның екі мен үшінші сатылары арасында десек те болады. Бүгінде ол қоғамның барлық салаларына кеңінен тарап, білім беру мен тәрбиелеудегі маңызы артты. Біздің ойымызша, саясиәлеуметтік, философиялық, діни, ұйымдастыру-басқару, әлеуметтік-мәдени инновациялардың педагогикалық инновацияларға ықпалы мол.

Қорыта айтсақ, гуманитарлық технологиялар білім берудегі инновациялық дамудың деңгейі мен жастар тәрбиесіндегі құндылықтарды айқындауға ықпал жасайды. Болашақ мамандарға қазіргі қоғамға қажетті кәсіби шеберлікті орындауға тәрбиелейді. Білім беру мен тәрбиелеу интеграциясы әлемнің жаһандық мәдениеті мен өзара түсіністік арасындағы байланыстың адамзат тұлғасының даму көрсеткішін танытады. Сондықтан білім беруді модернизациялау қоғам мүшелерінің ойлары мен қызметінің нәтижесі саналады.

Әдебиет:

1. Насимова Г.О. Политическая конфликтология. — Алматы, 2008. — 246 с.
2. Олейник А. В поисках институциональной теории переходного общества // Вопросы экономики. — 1997. — №10. — С. 58–68.
3. Соломин В.П. Гуманитарные технологии как инновация в образовании // Вестник ТГПУ. — 2011. — №4 (106). — С. 125.

## Тұлғаға бағдарлану тұғырының мектеп жасына дейінгі балалардың еңбек іс-әрекеті субъектісі ретінде тәжірибесін қалыптастыруға әсері

Альмухамедова Алия Бауыржановна, студент
Ғылыми жетекшісі: Түнғатова Нұргүл Әмірханқызы, магистр, оқытушы
«Болашақ» университеті (Қызылорда қаласы, Қазақстан)

Қазіргі қоғамда өзекті мәселелерінің бірі —әлеуметтік, экономикалық өзгермелі жағдайда өмір сүруге дайын болып қоймай, сонымен қатар оны жақсартуға игі ықпал ететін жеке тұлғаны қалыптастыру. Бүгінгі күні мектепке дейінгі ұйымдардағы оқыту-тәрбие үрдісінің мазмұны тұлғаның жеке өмірінің, өзіндік білім мен тәрбиесінің субъектісі ретінде қалыптастыруға бағытталып, дамытушылық, тұлғаға бағдарлы тұрғыдан қарастырылуы өзекті мәселе болып танылады. Мектеп дейінгі ұйымдарда педагогикалық үрдісте көптеген тұғырлар қолданылып, тек білім білік дағдыны меңгеру, балалармен әдістемелік жұмыста репродуктивті ақпараттар берумен шектеліп келді. Сондықтан әлеуметтік-педагогикалық, пәндік -дидактикалық және психологиялық дамыту үлгілеріне негізделген білім берудің дәстүрлі философиясын өзгерту қажеттігі туады.

«Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту» тұжырымдамасында білім берудің мақсат, міндеттері мен мазмұны ізгілік пен демократиялық идеяларға негізделген мемлекетіміздің білім берудегі стратегиялық бағытын айқындайды [1, 3 б.]. Аталған идеяларды жүзеге асыру білім берудің жаңа технологияларын, білім берудің жаңа үлгісін оқыту үрдісіне енгізу арқылы мүмкін болатыны белгілі. Осындай жаңа білім беру үлгілерінің бірі — тұлғаға бағдарлы педагогикасы. Бұл педагогиканың басымдылығы — мектеп жа-

сына дейінгі балалардың тұлғасын өзін-өзі анықтау және өзін-өзі жүзеге асыру мақсатында тәжірибеге бағыттау және оны есепке алуды қажет етеді. Осыған орай біздің зерттеуіміздің үшінші әдіснамалық бағыты — тұлғаға бағдарлану тұғыры. Білім беруге осы тұрғыдан қарайтын болсақ, мектеп жасына дейінгі балалардың еңбек іс-әрекеті тәжірибесін жеке тұлғадан оқшау емес, жеке тұлғаға тікелей қатысты қалыптастыру қажеттігін мойындауымыз керек, сонда еңбек іс-әрекеті барысында «…бала сыртқы педагогикалық әсерлерді жай ғана ішкі санасымен қабылдап қоймайды, берілген білім субъектісінің жеке тәжірибесімен «кездесіп», соңғысы мәдениеттенеді, баийды, өседі, өзгереді, мұның өзі тұлғаның жеке даму «векторын» құрайды. Мұндайда дербестікке, өзіндік ізденіске, өзін өзектендіру талпынысына және басқа да жеке тұлғаның өзін-өзі дамытуының ішкі тетіктеріне ерекше мән берген жөн.

Педагогикалық сөздіктерде: «Тұлғаға бағдарлану тұғыры—қазіргі педагогиканың теориялық-әдіснамалық негіздері, баланың жеке, шығармашылық ерекшеліктерін ашу және есепке алу. Жеке тұлғаның әлеуметтік-педагогикалық, заттық-дидактикалық және психологиялық моделі» деп анықтама беріліп, рухани және интеллектуалды сапаларының қалыптасуына бағытталады [3]. Жеке тұлғаға бағдарлану тұғыры әлемдік деңгейдегі практикада қолданыста болып, бірнеше жолдары белгілі болған.

Тұлға — адамгершілік ұстанымдары өзі үшін және қоршаған орта үшін маңызды болып саналатын, өзін байланыстар мен қарым-қатынаста көрсете алатын, әлеуметтік тұрғыда негізделген, оның психологиялық сипаттамаларының жүйесінде қарастырылатын жеке адам болып табылады. Ғалымдардың пікіріне сүйенсек, жеке адамның негізгі қызметі қоғамда қалыптасқан адамның тәжірибесін жасампаздықпен қабылдау болып табылады.

Ә. Мұханбетжанованың зерттеуінде «тұлғаға бағдарлы білім берудің негізгі ерекшелігі педагогикалық технологияға қатысты қарастырылады. Оның негізі түсіндіруден-түсінуге, монологтан-диологқа, әлеуметтік бақылаудан-дамытуға, басқарудан өзін-өзі басқаруға көшу, ал педагогтың негізгі міндеті қарым-қатынас болып табылады» [2, 35 б.]. Тұлғаға бағдарлы білім берудің басты идеясы оқыту үрдісіндегі субъектілік қатынастарда қалыптастыру болып табылады. Ғалымдардың пікірінше, тұлғаны құндылық ретінде қабылдау, субъектілік тәжірибесінің ерекшелігін, даралығын, тұлғаның әлеуеті мен мәндік күшін ашуға бағыттап, оның қатынастар жүйесі мен бағдарларының өзара әрекеттесуіне ықпал етеді. Біздің зерттеуімізде тұлғаға бағдарлы тұрғыдағы көзқарастар талдана отырып, мектеп жасына дейінгі балалардың негізгі әрекетінің бірі еңбек екендігі айқындалды. Ғалымдардың көзқарасынан білім берудің тұлғаға бағдарлануы деп баланы еңбек іс-әрекетінің субьектісі ретінде өзін өздігінен жетілдіруге, шығармашылық қабілеттерінің дамуы, өздігімен еңбектенуі, өзін-өзі танытуға, өзіндік тәжірибесінің негізінде жеке тұлға ретінде қалыптасуына бағыттау деп түйіндейміз.

Тұлғаға бағдарлану тұғырын әдіснамалық негіздеген И.С.Якиманский бағдарлы оқытуда баланың субьектілі тәжірибесіне сүйену керек деп есептейді. Субьектілі тәжірибе танымда айқындалатын жеке іс-әрекеттің негізі болып табылады. Сондықтан білім беру үрдісінде баланың субъектілі тәжірибесі тәрбиешінің беретін тәжірибесі арқылы мәдени сипатқа ие болып өзгереді, дамытады, жетілдіреді. Біздің зерттеуіміз үшін әсіресе ғылымның жеке тұлғаға бағдарланған оқыту үлгісінің негізгі қағидалары төмендегідей:

— мектепке дейінгі ұйымда арнайы ұйымдастырылған оқуға дейін қалыптасқан субъектілік тәжірибесі бар баланың жекелігіне, өзіндік құндылығына, өзіндік ерекшелігіне басым көңіл бөлу қажет (бала басынан таным субъектісі болып табылады);

— оқу үрдісін жобалауда әлеуметтік маңызды нормативтерге сай өзгерту енгізгенде жеке іс-әрекет ретінде қайда жаңғырту мүмкіндігін қарастыруы тиіс;

— білім беру үрдісін жобалап, жүзеге асырған кезде әрбір баланың тәжірибесін анықтау бойынша ерекше жұмыс жүргізіп, оны әлеуметтендіру (мәденеттендіру) қажет; оқу жұмысының қалыптасып жатқан тәсілдерін бақылап отыру керек;

— түрлі мазмұндағы тәжірибені алмасуға бағытталған бала мен тәрбиешінің ынтымақтастығын іске асырған жөн; білім беру үрдісінде қатысушылардың арасында ұжымдық бөлінген жұмысты арнайы ұйымдастыру қажет;

— білім беру үрдісіде оқытумен берілетін қоғамдық тарихи тәжірибе мен оқуда жүзеге асырылатын баланың субъектілік тәжірибесі «кездеседі»;

— екі түрлі тәжірибенің (қоғамдық-тарихи және жеке) өзара әрекеттестігі жеке тәжірибені ығыстырып, оның орнына қоғамдық тәжірибені «толтыру» бағытында емес, олардың үйлесімдігі негізінде, балалардың таным субъектісі ретінде жеке өмірінен жинағандарын пайдалану бағытында жүзеге асырылуы тиіс; оқу, сондықтан, оқытудың тікелей кескіні бола алмайды;

— балалардың жеке тұлға ретінде дамуы (оның әлеуметтенуі) оның нормативтік әрекеттерді меңгеруі арқылы ғана емес, сондай-ақ өзіндік дамудың маңызды негізі ретіндегі субъектілік тәжірибенің үнемі байып, өзгеріп отыруы арқылы да жүзеге асырылады;

— баланың негізгі нәтижесі тиісті білімдерді меңгеру не гізінде танымдық қабілеттерді қалыптастыру болуы тиіс [3, 65 б.]. Ғалымның белгілеуінше, тұлғаға бағдарлы оқытуда балалардың субъектісі тәжірибесіне сүйену керек. Ғалымның ой пікірінің біздің зерттеу жұмысымыздың мектеп жасына дейінгі балалардың еңбек іс-әрекеті субъектісі ретінде тәжірибесін қалыптастыруда арқау болатын тұстары мол. Мектеп жасына дейінгі баланың білім, біліктерінің қалыптасуын, оларды оқыту үрдісінде берілмеген жағдайларда қолдануын қамтамасыз ететін оқу жұмысының тәсілдерін меңгеруі арқылы таным үрдісінде өзін-өзі жүзеге асыру құқығы жүзеге асырылатынын айтып өтеді. Оқу әрекетінде басшылыққа алатын

қағидаларды ұсынып,оның ішінде біздің зерттеу объектімізге сәйкес келетін тұстарын іріктеп алдық. Жаңа деңгейде дамыту үшін баланың субъектілі тәжірибесі мен танымның ішкі құрылымына, қабілеттер мен таным стратегияларын есепке алуға көңіл бөлуді қажет етеді.

Ересек адамдар баланың еңбек іс-әрекетінде әрбір баланың даралығы мойындалатындай және құрметке ие болатындай жағдайында ұйымдастыруы қажет. Мектеп жасына дейінгі балалардың көпшілігінде іс-әрекеттің белгілі бір түрлеріне немесе мазмұнына деген қызығушылықтары, қабілеттерінде айырмашылықтар байқалады, мысалы, іс-әрекеттің көркемдік және ойлау типіне қарай пайда болады. Көркемдік типтегі балалар илеумен, сурет салумен, жапсырумен, музыкамен, би билеумен айналысады. Олардың көп жағдайда математикаға деген қабілеттері байқалады, олар өз кезегінде олардың қиялын дамытады, эксперимент жасауға қызығады, олардың эмоционалдығы, импульсивтігі анық байқалады. Ойлау типі анықталған балаларда тілдік қабілеттер байқалады, олар ережелер жаттаудан өз қажеттіліктерін қанағаттандырады. Бұл жастағы балаларға өзіндік реттеудің жоғары деңгейі тән, олар іс-әрекеттің реттелген түрлеріне мән береді. Көркемдік және ойлау типіндегі балаларда әлемді танудың және өзіндік реттеудің құралдары мен тәсілдеріндегі айырмашылықтар ажыратады. Көркемдік типіндегі балалар қолданатын белгілер жүйесінің негізінде бейнелер болады. Ойлау типіндегі балалар сүйенетін жүйелер жүйесінің денелік сипаты болады. Бұл аталған ерекшеліктерді біз мектеп жасына дейінгі балалар еңбек іс-әрекетінің субъектісі ретінде тәжірибесін қалыптастыруда ескереміз.

Қазіргі заманда қоғамдық өмірде болып жатқан түбегейлі өзгерістер әрбір адамнан жаңа идеяларды жүзеге асыру қабілетін, бастамашылдық көрсетуді талап етеді, яғни өз тұлғасының даралық мүмкіндігін жүзеге асыруды талап етеді. Гуманистік психология идеяларының әсері жаңа педагогикалық парадигманың пайда болуына, балаға оқыту мен тәрбиенің субъектісі ретінде көзқарасының қалыптасуына, педагогикалық үрдісте баланы негізгі құндылық ретінде түсіну және мойындау, қабілеттері мен өзіндік дамуға құқығын, субъективті еркіндігін, баланың психологиялық жағынан қорғалуын және дүниеге деген көзқарасын талап ететін баламен өзара іс-әрекетті құруға байланысты жаңа көзқарастарды туындатты. Қалыптасу объектісінен бала өзіндік даму субъектісіне, қайталанбайтын даралық иесіне айналады. Сондықтан толыққанды адамзаттық өмір сүрудің принципі ретінде әрбір адамның даралығы анықталады.

Қазіргі таңда тұлғаға бағдарлы технология түрінде оқу-тәрбие үрдісінде қолданылып, бірқатар зерттеу жұмыстары арналып келеді. С.М. Башихаеваның пікірінше, гимназияны тұлғаға бағдарлы технология негізінде басқарудың шарттарын белгілеп, «тұлғаға бағдарлы технология негізінде басқару- білім беру субъектілерінің өзіндік сапаларының қалыптасуы мен дамуына ықпал ететін ұстанымдарға, шарттарға және іс-әрекеттерге негізделген өзара қарым-қатынастар» [3, 74 б.]. Мектеп жасына дейінгі балалардың даралығын дамыту мақсатында ересектер мен балалардың бірлескен еңбегін қолданумен қатар, бірқатар зерттеушілер еңбек іс-әрекетіндегі қарым-қатынасын өз құрдастарымен ұйымдастыру маңызды. Еңбек іс-әрекетін осылай ұйымдастырудың түрі мектепке дейінгі балалардың еңбек іс-әрекеті субъектісі ретінде тәжірибесін қалыптастыру күнделікті еңбектің тиімді формасы болып табылады. Сонымен, жоғарыдағы ой пікірлерімізден мынандай тұжырым жасаймыз: еңбек іс-әрекетінде тұлғаға бағдарлы тұғырының мақсаты әрбір баланың даралығын ашу мен дамыту, қоғамдық маңызды жеке тәжірибесін жинақтау құқығы беріледі. Педагог тең дәрежеде әрбір баланың даралығына құрметпен қарайды және өз жұмысын осы даралықты ескеру арқылы құруға ұмтылады. Жоғарыдағы ғалымдардың тұжырымдамаларын басшылыққа ала отырып, біз зерттеу мәселемізге байланысты тұлғаға бағдарлану тұғырының бірнеше бағыттарды белгіледік:

— еңбек іс-әрекетінің субъектісі ретінде жеке тұлғаның дамуын;

— баланың еңбек іс-әрекеті субъектісі ретінде тәжірибесін қалыптастырудың мәнін, шартын және құралдарын белгілеу;

— әрбір баланың мүмкіндігін, даралығын және қоршаған материалды әлемді тану және қайта құруда субъектілі тәжірибесін қалыптастыруға бағытталу, күнделікті өмірде технология сабағында, еңбек іс-әрекеті арқылы өзіндік дамуын көздеу.

Әдебиет:


1. Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы // Қазақстан мұғалімі. — 2004. — 20 қаңтар.
2. Мұхамеджанова Ә. Бастауыш білімнің интеграциясы арқылы оқушыларда дүниенің ғылыми бейнесін ұйымдастырудың теориялық-әдіснамалық негіздері / 13.00.01 — жалпы педагогика, пед. ғыл. док... дис. — Алматы, 2001. — 288 б.
3. Жиенбаева С.Н. Мектепалды және кіші мектеп жасындағы балалардың еңбек іс-әрекеті субъектісі ретінде тәжірибесін қалыптастырудың теориялық негіздері. — Алматы. — 2008. — 294 б.

# Жетім балалардың мәселесін шешудің жолы — патронаттық тәрбиені қолға алу

Зинаханова Ұлбосын Төребекқызы, студент
Ғылыми жетекшілері: Куанова Сәуле Байтөреқызы, педагогика ғылымдарының кантидаты, доцент;
Аккутанова Меруерт Мырзахановна, педагогика ғылымдарының магистрі
«Болашақ» университеті (Қызылорда қаласы,Қазақстан)

Біздің болашаққа барар жолымыз қазақстандықтардың әлеуетін ашатын жаңа мүмкүндіктер жасауға байланысты. XXI ғасырдағы дамыған ел дегеніміз- белсенді, білімді және денсаулығы мықты азаматтар мен азаматшаларды тәрбиелеп шығару [1]. Бүгінгі таңда Қазақстандағы және ТМД елдерінің құрамына енетін көптеген республикалардағы аса көкейкесті мәселелердің бірі — балалардың әлеуметтік-психологиялық жағдайы, денсаулығы, қоршаған ортаның баланың өміріне белсенді қатынасуы, өздеріне және әлеуметке оңды қатынасы және оларды құқықтық жағынан қорғау. Бұл мәселелердің оңтайлы бір шешімі жетім және ата-анасының қамқорлығынан айырылған балаларды дамытуға, тәрбиелеуге, оқытуға қатысты, теориялық және практикалық педагогикалық, психологиялық негіздерді айқындаумен байланысты.

Мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаев еліміздегі жетім, тастанды, ата-анасының қарауынан айырылған балалардың көптігіне және балалар үйлері мен интернат мекемелерінің қазіргі жай-күйніе назар аударып отыр. Бұл әлемдегі бірінші орында тұрған мәселе. Дамыған елдерде жетім балалар мәселесі қоғамдық жобалар арқылы шешіліп келеді. Мысалы, Америка Құрама Штаттарында баланы асырап алған адамдар немесе оған қамқорлық көрсеткен мекемелерге мемлекет және қоғам қолғабыс көрсетеді. Швецияда бала асырап алған отбасыларға қосымша қаржы беріліп, кеңес беретін психологтардың жұмысы тегін көрсетіледі. Еліміздегі мемлекеттік емес ұйым өкілдері тастанды немесе жетім балалар, ата-анасының қамқорлығынан айырылған балалар үшін жастар үйлерін ашуды ұсынған болатын. Енді бірі балалар үйлерін жанұя түріндегі үйлерге ауыстыру керектігін айтады. Оның себебін балалар үйінен бала асырап алғандардың көбісінің баланы кері қайтарып жатқанымен түсіндіреді. Жетім балалар саны артқан сайын Үкімет тарапынан бөлінетін қаржы да арта түседі. Осы орайда, әлеуметтік сала бойынша жұмыс істеп жатқан үкіметтік емес ұйым мамандары ата-анасыз қалған балаларды жекелеген отбасыларына беру керек дейді [2,56].

Жетім балалардың әлеуметтендіруге қиыншылық тудыратын себептерге тоқталар болсақ, олар әлеуметтік бейімделу деңгейлерінің, әлеуметтік белсенділіктерінің, әлеуметтік құзыреттіктерінің, әлеуметтік құндылықтарының қалыптасуы төмендегідей болып отыр. Оларды әлеуметтендіру әлеуметтік педагогтар, тәрбиеші педагог қоғам жүйесі арқылы іске асырылуы тиіс деген тұжырым жасауға болады. Демек, жетім балаларға әлеуметтік-педагогикалық тұрғыдан көмек көрсету, өмір сүруге үйрету, өзімен қатар алып жүру әлеуметтік педагог, психологтардың, тәрбиешілердің, кәсіби іс-әрекеттерінің жүйесі болып табылады. Бұл жетім балаларды өзімен қатар алып жүру баланың бойындағы жеке қасиеттерге сүйену арқылы іске асырылады. Жетім балалардың тұлғалық әлеуметтенуіне бағытталған педагогикалық алғы шарттар жасалуы және теориялық тұрғыдан жүйеге келтірілуі, әдістемелік тұрғыдан нақты қарастыру, кезек күттірмейтін мәселе деп айтуға болады. Ол мәселелердің шешімін елі бір, руы бір адамдардың бірін-бірі «бауырым» деген сөздеріне көреміз. Сондықтан, ата-анасынан айырылған тұл жетімдерге немесе ата-анасы баласын бағып-қағуға күйі келмегенде, бір тусы болмаса екіншісі қамқоршы бола білген. Оған бір ғана мысал. Қазақтың ата заңы «Жеті Жарғыда» жесір дауына жеке бір тарау арнауында үлкен мән бар. Мәселе, рулық қауымның жесір әйелді әмеңгерлік жолмен күйеуінің туысына қосуда емес, оның астарында әкесінен айырылған балаларды жетімдік азабынан құтқару, ағайынның қамқорлығына алу идеясы жатыр. Сонымен бірге, екі елді татуластыру, жұртынан алшақтамау, туыстықты жаңарту мақсатында бала алмасу, ол баланы өз балаларынан кем көрмей өсіру жағдайлары түркі халықтарында көптеп кезіккен. Қазақ халқының туысшылдығы соншалық, баласы жоққа өз баласын беру, ұлы не қызы жоққа өзіндегі екінің бірін беру, ал алған жақ балаға жан-жақты қамқорлық жасағаны, есейгенде туғандарына қызғануы, не керісінше, туған ұясына қосуы ата-әкелеріміздің екеуінің бірі басынан кешірген жай. Әрине, талаған салт-дәстүрлердің өзіндік оңды және теріс жақтары болғаны белгілі, сондықтан бірі осы күнге дейін ерекшеленітін қазақ қауымының қамқоршысынан айырылған балаға ата-аналық жылулық сезінетіндей жағдайлар жасап отырған [2, 23].

Отбасы әлеуметтенудің алғашқы сатысы болғандықтан мұнда балалар өсіп, олардың пікірлері, көзқарастары, құндылықтары мен мінез-құлықтары қалыптаса бастайды. Олардың бәріне нақты болатын нәрсе-қарым-қатынас.

Отбасы — болашақ азаматтың әлеуметтену жолындағы алғашқы қадамдарын жасайтын бастапқы қадам. Отбасы тәрбиесінің қоғамдық және мемлекеттік тәрбиеге қарағанда артықшылығы басым. Отбасының жетекшілік маңызы онда тәрбиеленіп жатқан баланың дене және рухани дамуына әсер етуші ықпалдар мәні мен мағынасының тереңдігіне тәуелді келеді. Бала үшін отбасы бір жағынан тіршілік қоршауы болса, екінші тараптан тәрбиелік орта. Баланың алғашқы өмірі жағдайындағы отбасы ықпалы басқа жағдайлар мен кейінгі жас кезеңдерде болатын ықпалдардан басымдау келеді. Зерттеу дерек-

теріне сүйенсек, *отбасы* — бұл мектеп те, ақпарат көзі де, қоғамдық ұйымдар да да, дос-жарандары да, *отбасы* — бұл әдеп пен өнер кілті де. Осыдан, педагогтар нақты да дәл тұжырымға келіп отыр: тұлғаның қалыптасу нәтижелілігі ең алдымен отбасына тәуелді. Негұрлым отбасы жақсы болып, оның тәрбиелік ықпалы ұнамды келсе, тұлғаның тән-дене, рухани-адамгершілік, еңбек тәрбиесінің өнімі де жоғары. Аса бір кездейсоқтық болмаса, әр уақыт тұлғаның кемелденуі келесі заңдылыққа тәуелді: отбасы қандай болса, онда өсіп, ер жеткен адам да сондай. Ата-ана арасындағы, ата-ана мен бала арасындағы, балалардың арасындағы өзара қатынас педагогикалық процестің тәрбиелік механизмдері болып табылады. Олар жеке тұлғалық мән беріп, көзқарастардың дамуына, балалардың мінез-құлығына, олардың адамдарға деген қатынасына әсер етеді. Отбасындағы өзара қатынас сипаты әдет-ғұрыптармен, ата-ананың өзінің бұрынғы отбасынан алған тәрбие-нұсқауларымен, темперамент ерекшеліктерімен, ерлі-зайыптылардың эмоцианалдық деңгейімен, олардың адамгершілік және педагогикалық мәдениетімен анықталады. Осының бәрі ата-ананың балаға деген қатынасында орын алады.

Бұл балаға жетімдік қиянатын тарттырмаудың бір жолы. Қазіргі кезде жетім баланың жарым көңіліне қуаныш сыйлап, баланы өз қамқорлығына алып, оларға ата — аналық махаббатын сыйлаған жандар баршылық. Сондай алтын жүректі жандарға үкіметіміз қолдау көрсетуде. Мысалы, соңғы жылдары баланы жаңа отбасына бейімдеудің тағы бір түрі — **патранаттық тәрбие** жолға қойылды. Патронаттық тәрбиеның жетімдіктің алдын алуға және баланың үлкендермен айналасындағы адамдардың тұрақты түрде қарым — қатынас жасап отыруына және олардың психикасының дұрыс дамуына әсері мол. Мемлекет қарамағындағы жетім балаларға отбасылық тәрбие беру тәжірибесі жүйелі жолға қойылуда. Солардың бірі — жетім және ата-ана қамқорлығынсыз қалған балаларды патронаттық тәрбиеге алу. Бұл ретте елімізде көптеген отбасылар жетімін жылатпаған ел екенімізді дәлелдеп, мектеп-интернаттардан бауырларына бала басуға құлышынып отырғандары да баршылық.

**Патронаттық тәрбие** — ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, соның ішінде тәрбиелеу, емдеу немесе осы тәрізді басқа да мекемелердегі кәмелетке толмаған балаларға берілетін қорғаншылық және қамқоршылық тәсілдерінің бірі.

Ал, **патронат отбасы** дегеніміз — жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған баланы уәкілетті орган мен баланы тәрбиелеуге алуға тілек білдірген адам арасындағы жасалатын шарт бойынша отбасына тәрбиелеуге берген кезеңдегі нысан. Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар — ата-ана құқықтарының шектелуіне немес олардан айырылуына, ата-анасы хабар-ошарсыз кетті деп танылуына, олар өлді деп жариялануы на, әрекетке қабілетсіз деп танылуына, ата-анасының бас бостандығынан айыруы орындарында жазасын өтеуіне, ата-анасының баласын тәрбиелеуден немесе оның құқықтары мен мүдделерін қорғаудан жалтаруына, оның ішінде ата-анасының өз баласын тәрбиелеу немесе емдеу мекемелерінен алудан бас тартуына байланысты, сондай-ақ ата-анасы қамқорлық жасамаған өзге де жағдайларда жалғыз асты ата-анасының немесе екеуінің де қамқорлығынсыз қалған 18 жасқа дейінгі тұлға [3, 89].

Патронаттық тәрбие беру жүйесінде әлеуметтік бейімдеу ерекшелігі бала мен отбасын сүйемелдеу қызметінің қатысуымен бала мен отбасының өзара әсерін ескере отырып,баланы жаңа отбасына бейімдеудің факторлары мен шарттарын анықтаудан тұруы тиіс. Жасалынған жағдай бірінші кезекте бейімдеу механизмін қамтамассыз етуге бала мен патронат тәрбиешілер арасында жаңадан жақсы көру сезімін қалыптастыру мен қабылдау қатынастарын орнатуға бағытталу тиіс. Бала өмірінің алғашқы жылдарында үй ішіндегі қарым — қатынас оның ойлау жүйесі мен сөйлеу тілінің дамуына зор үлес қосады. Баланың үлкендермен және айналасындағы адамдармен тұрақты түрде қарым — қатынас жасап отыру қажеттігінің өмірлік мәні бар және оның психикасының дұрыс дамуына да тікелей байланысты болмақ. Ата — аналардың балаға деген оң қатынасыда маңызды рөл атқарады. Эмоционалдық тұрғыдан сәтсіз балаларда интеллектуалдық және танымдық белсенділіктері төмен болады, ішкі қуаттың бәрі алаңдаушылықпен күреске, өзінде жетіспейтін эмоционалдық жылылықты іздеумен бейімделумен кетеді.

Сонымен, әдебиеттерге жасаған талдаудан, шетел, кеңес, отандық ғалымдар мен педагог, психологтардың жетім балалар мен ата-анасынан айырылған балалар жайында зерттеген зерттеулеріне тоқталып, қазіргі таңда өзекті болып отырған патронаттық отбасында бала тәрбилеу, паторнаттық тәрбиеге алу қоғамның басты мәселелерінің бірі екеніне көз жеткіздік.

Патронат ата-ана қамқорлығына алған баласының жанының терең түкпіріне үңіле білсе, баланы тыңдай білсе, өзін де тыңдата алса, бала құқығына қол сұқпай тәрбие ісіне басшылық жасаса, дұрыс нәтижеге жетеді. Патронат ата-ананың өзінің де дүниетанымы кең болып, баланы дүниені танып білуге, байқампаз болуға, білімге қызығушылығын арттыруға күш салып, бүгінгі шешуі қиын деген мәселенің ертең түкке тұрғысыз жеңіл болып қалатынына сендіре білуі керек. Балалармен арадағы қатынас адамгершілік негіздеріне сүйенсе ғана нәтижелі болады. Бала көңілі сезгіш, оның өмір жолын таңдауға өз құқы бар. Сондықтан біз оларға үлкен өмірдің таңдауын жасарда көмек қолын созсақ, сәттілік әкеледі. Бала жаны әрқашан жылу мен мейірімді қажет ететінін естен шығаруға болмайды. Біздің өзіміздің адамгершілігіміз, өз жұмысымызға берілуіміз, баланы сыйлап қадірлеуіміз, әділ шешім шығару арқылы қатаң да дұрыс талап қоя білуіміз маңызды.

«Балалы үй- базар, баласыз үй- қумазар «. Қазақ бауыр етін қастерлеп — әлпештейтін перiште жандардың қазіргі тағдыры алаңдатып барады. Ата-ана қамқорлығынсыз қалған балалар мәселесі — қашан және қай уақытта бол-

масын әрбір мемлекеттің ең өзекті мәселелерінің бірі болып саналады. Сөз жоқ, бұл балаларға еліміздің тарапынан қаншалықты жағдай жасалып жатқанымен де, ата-ананың аялы алақаны мен мейірімі жеткіліксіз. Ата-ананың махаббатын көрмеген баладан қандай болашақ күтеміз? Сондықтан да, ата-ананың қамқорлығынсыз қалған балаларды асырап алып, отбасындағы жылы қарым-қатынасты көріп, ата-ана жылуын сезінуіне көмектессек игі еді. Сондықтан жүрегі кең, тұрмысы тәуір азаматтар балалар үйінен қамқоршылыққа, патронатқа бала алып жатса, елімізде жетім балалар саны азаяр еді. «Жетім дегеніміз — балалық шағында тәрбие көрмеген адам» — деген екен бір ғұлама. Ендеше, жетім балалардың жауапкершілігі жоқ ата-ананың құрбаны екендін ұмытпайық.

Әдебиет:

1. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан жолы — 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы. — Егемен Қазақстан. — 2014. — 18 қаңтар.
2. Патронаттық тәрбие қызметін дамыту. Қызылорда облысының Балалар құқықтарын қорғау департаментінің көмекші құралы.
3. Жарықбаев Қ.Б., Қалиев С.Қ. Қазақ тәлім-тәрбиесі. — А., Санат, 1995. — 15–17 бб.
4. Алтынсарин Ы. Таңдамалы педагогикалық мұралары. — А., Рауан, 1991.

## Жасөспірімдер бойындағы девиантты мінез-құлықтың көріну себептері

Омирбекова Сандугаш Багдатовна, студент
Ғылыми жетекшісі: Есенова Роза Кадырбаевна, аға оқытушы, магистр;
Абдукадырова Женис Абилкасымовна
«Болашақ» университеті (Қызылорда қаласы, Қазақстан)

Қоғамдық жаңарту кезеңінде Қазақстандағы әлеуметтік саяси-экономикалық қатынастардың сипатының өзгеруі өз кезегінде қоғамдық білім, тәрбие институттарының да жұмыс бағыты мен мазмұнына жаңа талаптар қойып отыр. Бұл жағдай қоғамдағы мектеп, отбасы рөлі және оның басты міндеті — бала тәрбиесінде болған көзқарасты өзгертіп, жаңа тұрғыдан тану мәселесін туындатты.

Қазақстан Республикасы өз тәуелсіздігін алғаннан бастап, мемлекеттік саясатта келер ұрпақтың денсаулығы, тәрбиесі басты назарда болып келеді. Қазақстан Республикасы Ата заңының 27 бап [1], 2-тармағында «Балаларына қамқорлық жасау және оларды тәрбиелеу ата-ананың табиғи құқығы, әрі парызы» [2] деп атап көрсетілген.

Әрбір ата-ана өз перзентінің әдепті, саналы, иманды да ибалы, Отанының сүйікті және кішіпейіл азаматы болып жетілуіне қоғам алдында өз жауаптылығын түсінуі керек. Ягни, басты мақсаты психологиялық, физиологиялық денсаулығын қалыптастыру болу керек. Өйткені Қазақстанның болашағы келер ұрпақта болғандықтан жастардың психологиялық, физиологиялық денсаулығы халықтың өсімі мен сапасын анықтайды. Осы тұста келер ұрпақ тәрбиесінің салауаттылығын қамтамасыз ету ең алдымен отбасы, мектеп тәрбиесі жайын да қолға алынуы тиіс.

Қазақстан Республикасының Конституциясында, «Адам мен адамзат» заңында, «Білім туралы» заңында тәлім-тәрбие тұжырымдамасында да салауатты өмір сүруге ерекше басымдық беріледі [3].

Қазіргі кезде жеткіншек тәрбиесін қадағалау педагогикалық мәселе болып отыр. Отбасында өз баласын қандай етіп тәрбиелеуді өздері алдын-ала белгілейді. Отбасы тәрбиесінде қолданатын әдістер де өзгеше екені белгілі. Онда жеткіншектің аз да болса өзіндік өмірлік тәжірибесі, әдет-дағдылары, құмарлығы мен қызығулары қалыптасады. Ақпарат алмасудың әлемдік ауқымда дамуы, қоғамдық мәдениеттің жаңа деңгейге көтерілуі, өмір салтының өзгеруі де отбасы тәрбиесіне, оның қарым-қатынасының сипатына әсерін тигізіп отыр.

Жеткіншек шақ — балалық шақтағы ең қиын және ең күрделі кезең. Бұл кезеңді өтпелі кезең деп те атайды. Жеткіншектер балалық шақтан ересек шаққа өтеді. Бұл кезде бала бойында көптеген өзгерістер, атап айтқанда: анатомиялық, физиологиялық, интелектуалдық, адамгершілік дамуындағы және оның әрекет түрлеріндегі өзгерістер.

Өтпелі кезеңде балалардың оқу үлгерімі өзгереді, жақсы оқып жүрген балалар сабағы нашарлайды. Балаларда өзімдік «Мен» сезімі пайда болады. Олар еркіндікке құмар келеді, тым еліктегіш болады. Жасөспірімдік шақта балалардың өзін-өзі тануға құштарлығы арта түседі. Олардың өз көзқарастары мен пікірлері, әрекеттері барысында айқын байқалады. Сонымен қатар бұл кезеңде балалар отбасынан, мектептен оқшауланып, өз құрбыларының ықпалында болады. Жасөспірімдер, әсіресе өздерін еркін сезінетін ортаға орналасуға бейім болып келеді. Олар спорт секциялары, техникалық үйірмелер болуы мүмкін, немесе жастар көп жина-

латын сауық орындары болуы мүмкін. Бұл кезеңде балаларды ересектермен, әсіресе ата-аналармен көбірек ерегіске барып, ортақ тіл табыса алмайды. Балалар ата-аналарының тең құрдастай қарым — қатынас жасауын қалайды. Бұл кезде балалар көбірек өз бетінше өмір сүруге тырысады. Олар өзіне кумир (пір) сайлап алады да, соған еліктейді. Басқа балалардан ерекшеленуге тырысады.

Отбасындағы жақсы қарым-қатынасты жоғалту, мектептегі сәтсіздік, келеңсіз топтағы құрбыларымен жақындық әр түрлі жолдарға итермелейді. Ендеше осы үш элемент: отбасы, мектеп, құрбы-құрдастар тобы — барлық жеткіншектердің нағыз табиғи ортасы. Олар кәмелеттік жасқа толмағандардың ең маңызды қоғамдық факторы болып табылады. Демек, жас баланың мінез-құлқының қалыптасуына отбасы ерекше әсер етеді, солай болғандықтан оның көп қырлы, жан-жақты болуы отбасына байланысты. Ал педагогикалық әлеуметтік жағынан жіберілетін әлсіздік оқу жүйесіндегі сәтсіздіктің, аномалді мінез-құлықтың негізі болып табылады.

Жеткіншектің мінез-құлығындағы ауытқулар көбіне туа пайда болмайды, олар физиологиялық ауытқулардан емес, отбасындағы және мектептегі дұрыс тәрбие бермеуден пайда болады. Осы аталып көрсетілген ауытқу девиантты мінез-құлық деп аталады [4].

И.А. Невский: Девиантты (ауытқулы) мінез—құлық деп, қазіргі қоғамда белгіленген ережеге сәйкес келмейтін, әлеуметтік мінез-құлықты айтады.

Танымал социолог И.С. Кон анықтамасында: Девиантты мінез-құлық ол психикалық саулық, құқық, мәдениет және адамгершіліктің әрекет жүйесі ретінде, жалпы бекітілген ережеден ауытқуы, — деп қарастырды.

Бейімделген мінез-құлық тұжырымдамасына сәйкес ауытқу процесі кез-келген бейімделуді бұзады (психикалық, әлеуметтік, әлеуметтік- психологиялық орта)

Әлеуметтік ауытқуды С.А.Беличева «девиантты мінез-құлық» деп төмендегідей топтастырды:

— пайдақор бағытта: құқық бұзу, материалды, ақшалай, мүліктен пайда табу (ұрлық, алдау, жымқыру, сату, т.б.)

— агрессивті бағытта: жеке бас дамуына кері бағытталған қимыл (бұзықтық, соққы, тіл тигізу, өлтіру, зорлау)

— әлеуметтік-енжар түрі: әлеуметтік және жеке мәселелерді шешуде (жұмыс, оқу, нашақорлық, ішімдік және суицид, белсенді өмір сүруден қашу, азаматтық жауапкершілік- тен жалтару) [5].

Девиантты мінезді оқушылар өздеріне ұрысқанды ұната бермейді. Сондықтан мектеп мұғалімдері олармен қарым-қатынаста педагогикалық этиканы ұстануы қажет. Қиын оқушыларды әртүрлі қоғамдық жұмыстарға тарту арқылы оларды табысқа жетелеуге ұмтылуға бағыттау арқылы жағымсыз әдеттерден игі әрекеттерге көшуге жағдай жасаған жөн.

Осы аталған жағдайлардың бәрін ескере отырып тәрбиеленуі қиындардың әрқайсысына әр түрлі қатынас жасау,оларды жеке-жеке бақыланып, әрқайсысына арнап жасалған жүйелі тәрбие жұмысын жүргізу қажет. Жасөспірімдерді тәрбиелеу — терең педагогикалық-психологиялық білімді қажет етеді. Оны іс жүзіне асыру ата-анаға, педагогтер мен психологтарға жүктеледі. Біздің ойымызша, қиын бала тәрбиені ұйымдастыруға икемі жоқ отбасылардан шығады. Сондықтан мектеп және мектептен тыс тәрбие мекемелерінде жасөспірімдерді сабақтан тыс уақытта қызығушылықтары бойынша түрлі үйірмелерге тарту, белсенділіктерін қалыптастыратын қоғамдық шараларға баулу әрбір педагог-психологтың міндеті.

Әдебиет:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы.
2. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан-2030. Барлық Қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. — Алматы: Білім,1997. — 176 б.
3. Аязбекова Г. Қиын баланы тәрбиелеу жолдары // Білімдегі жаңалықтар.
4. Личко А.Е. Психопатии и акцентуация характера у подростков. — М., 1982. — С. 16.
5. Иванова Л.Ю. Агрессивность,жестокость и отношения старшеклассников к их проявлениям. / Сб: Проблемы личности, профилактика отклонений в ее развитии, 1993. — С. 107.

# ФИЛОЛОГИЯ

## Септік жалғауларының ерекшелігі

Алиева Алтынай Маратовна, студент;
Кожанова Майра Жаксылыковна, №235 мектеп мұғалімі
Ғылыми жетекшісі: Байдаулетова Аякөз Өтеуқызы, филология ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы
«Болашақ университеті» (Қызылорда қаласы, Қазақстан)

Қазақ тіліндегі септік жалғаулары морфологиялық, синтаксистік және мағыналық тұрғыдан зерттелініп келеді. Қазіргі таңда тілдің дамуы барысында септік жалғаулары көнелене отырып, өзінің жалғастырушылық қызметінен, грамматикалық мағынасынан қол үзіп, түбірмен кірігіп кеткенін кей сөздердің құрамынан байқаймыз. Мұндай оқшауланған септік тұлғалы сөздер (сөз таптары) сөйлем ішіндегі байланыстыру қызметінен де алшақтап, синтаксистік тұрғыдан етістікпен байланысы артқан. Көнеленген септік жалғаулы лексикалық тұлғалардыңлексикалық және грамматикалық мағыналары өзгеріп жаңа мағынаны иеленеді, бұл туынды сөздің синтаксистік қызметіне де өз әсерін тигізеді. Септік жалғаулы сөздердің көнеленуі негізінде жаңа лексикалық тұлғаға ауысу процесі синтаксистік деңгейде өтеді.

Сөз түбіріне кіріккен тәуелдік жалғауларын зерттеген ғалым А.А.Раманова кірігу құбылысының бүгінге дейін қазақ тіл білімінде екі мағыналы сөздің бір-біріне бірігіп, өзара жымдасып кетуінің негізінде бір мағынаға ие болған сөздерге байланысты ғана қолданылып келгенін, ал түбір мен қосымшаның бір-біріне сіңісуінің нәтижесінде жаңа мағынаға ие болу жағдайын белгілі терминмен атау қалыптаспағанын тілге тиек етіп, автор «қосымшалардың түбірге кірігу әрекеті» деген атау ұсынады. Сонымен бірге төмендегіше белгілерін анықтайды:

— түбірге жалғанған қосымша бастапқы мағынасы мен қызметінен бүтіндей не жартылай айырылады;

— түбірге жалғанған қосымша көнелену әрекетіне ұшырайды;

— бастапқы түбірмен бірігіп келіп, жаңа лексикалық мағынаны білдіреді;

— тілде түбір ретінде саналып, өзге туынды сөздердің жасалуына негіз болады;

— сөз таптарын қалыптастыруда негізгі тәсілдердің бірі саналады [1, 44 б.].

Бұл белгілер септік жалғауларының да көнеру әрекетін анықтайды. Бұл белгілер көнеленген септік жалғауларының мағыналық, сөзжасамдық және морфологиялық тұрғыдан айқындап тұр. Септіктердің көнеленуі барысында олардың синтаксистік сипаты да өзгеріске түседі. Септік жалғауларының түбірге кірігу, көнеру әрекеті тілімізде жиі кездесіп отырады. Бұл жағдайда септік жалғауларын бастапқы мағынасы мен қызметінен айырылып, көнеленіп, өзі жалғанған түбірге кірігіп кетеді. Соның негізінде ол сөзжасамдық қасиет атқарып, сол сөзді туынды түбірге айналдырады. Бұл сөздер тілімізде түбір мен жалғауға ажыратылмай, бір бүтін бірлік ретінде қолданылады.

Қазақ тіліндегі көнеленген септік жалғауларының өзіндік ерекшеліктері бар. Көнелену арқылы септік жалғаулары өз қызметтерінен алшақтап, жаңа семантикалық-грамматикалық қызметке ие болады. Өзі жалғанған түбірмен бірігіп, бір бүтін лексикалық мағына құрайды, сөйтіп сөздіктердің реестріне енеді. Бұл ерекшелік көнерген септік жалғауларына тән. Қазақ тіліндегі сөйлем ішінде грамматикалық қатынасты білдіретін әдеттегі септік жалғаулары мен көнеленген септік жалғауларының өзіндік ерекшеліктері болады.

1. Сөйлемдегі септік жалғаулары сөзге грамматикалық мағына үстейтін қосымша ретінде есептелсе, көнеленген септік жалғаулары жаңа лексикалық бірлік тудырып, сөзжасамдық қызмет атқарады.

2. Әдеттегі септік жалғауларының білдіретін грамматикалық мағыналары әртүрлі: бағыттық, мекендік, мезгілдік.

3. Септік жалғаулары сөйлем ішінде меңгеру байланысу формасында жұмсалса, көнеленген септік жалғаулары арқылы жасалған сөздер қабысу байланысу формасында қолданылады, сонымен бірге сөйлем мүшелерімен байланысқа түспей, оқшау тұрып та жұмсалады.

4. Септік жалғаулы сөз әдетте сөйлем ішінде жанама толықтауыш қызметін атқаратын болса, түбірге кіріккен септік жалғауы арқылы қалыптасқан сөздер екінші сөз табына ауысуына байланысты сөйлемде тұрлаусыз мүшенің (пысықтауыштың) қызметін атқарады.

5. Көнеленген септік жалғаулары бір сөз табынан екінші сөз табына ауыстыру арқылы конверсия құбылысына да

қатысады, ал әдеттегі көлемдік септік жалғауларына бұл қасиет тән емес.

6. Көнеленген септік жалғаулары арқылы жасалған сөздерді сөзжасамда туынды сөздер деп атайды. Себебі көнеленген септік жалғаулары сөзжасамдық қызмет атқарып, жаңа туынды мағына жасауға қатысады. Мысалы, *лажсыздан, байқаусызда, бетімен, бірде, бірбірден, күніне* үстеу сөздері көнеленген септік арқылы туынды мағынаны иеленген, сонымен бірге септік жалғауларының түбірге кірігіп, көнеру процесінде қыстырма ретінде жұмсалатын сөздер де қалыптасатынын зерттеу еңбектерден көре аламыз [2].

7. Көнеленген септік жалғаулары арқылы қалыптасқан сөздер сөздіктерде реестр сөз қатарында беріледі. Бұған дәлел ретінде қарап шыққан «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі» (Алматы, 1974—1986, 1—10 т.), «Қазақ тілінің орфоэпиялық сөздігі» (Алматы, 2007), «Қазақ тілінің сөздігі» (Алматы, 1999), «Қазақ тілінің орфографиялық сөздігі» (Алматы, 1978, 2002) еңбектерінде көнеленген септік жалғауы арқылы жасалған сөздердің еш өзгеріссіз сол қалпында берілуі. Жоғарыдағы сөздіктерде септік жалғауларының көнеленуі арқылы жасалған үш жүз елуден астам сөздер анықталды. Бұл көнеленген қосымша арқылы жасалған сөздердің сөздіктерде біртұтас сөз ретінде берілуі сол сөздер құрамында септік жалғауларының жеке морфема емес, түбірге кірігіп, бір тұтас лексемаға айналғанын көрсетеді.

Сонымен, көнеленген септік жалғаулы лексикалық тұлғалардыңқазақ тілінде бар құбылыс екенін жоғарыдағы ерекшеліктер анықтайды. Осы аталған белгілер септік жалғауларының түбірге кірігу, көнеру әрекетінің тілде бар құбылыс екендігін толығынан айқындап береді.

Тілдің дамуы барысында болып жататын түрлі құбылыстар, соның ішінде септік жалғауларыныңтүбірге кірігіп, көнеріп, өзінің сөздің грамматикалық тұлғасын түрлендіру қызметінен айырылып, мағынасының өзгеруін, соған орай синтаксистік қызметінің ауысуын туғызатын дәрежеге жетуі тілде жиі кездесетін құбылыстарға айналған. Осындай септік жалғаулары түбірге кірігуі, көнеруі нәтижесінде пайда болған сөздер лексикалық бірліктер ретінде танылып, сөздіктерде реестр сөз ретінде беріліп, дербес лексемалар ретінде танылып жүр. Бұл сөздерді септік жалғауларыныңтүбірге көнеруі арқылы жасалған туынды сөздер деп санаймыз.

Қазақ тіліндегі көнеленген септік жалғаулы лексикалық тұлғалардыңәрқайсысында болған өзгерістер түрліше сипат алған.

Тілімізде септік жалғауларының көнеленуі арқылы жасалған туынды сөздер мағынасы жағынан алшақ емес. Септік жалғауларының түбір сөзге кірігуі арқылы көбіне үстеу сөздер жасалатыны барлық морфологиялық еңбектерде үстеу сөз табының құрылымына байланысты айтылып келеді. Дегенмен көнеленген септік жалғаулы лексикалық тұлғалардыңтүрлі мағыналық ерекшеліктерін көруге, кездестіруге болады. Көнеленген септік жалғаулы лексикалық тұлғалар тілімізде тек үстеу сөздері ғана жасалмайды, сонымен бірге басқа да тілдік бірліктер жасалады. Септік тұлғалары тілдің дамуы барысында, тілдік қажеттіліктерден көнелене отырып, өзі жалғанған есім сөздерді екінші семантикалық-грамматикалық категорияларға ауыстырады.

Көнеленген септік жалғаулары арқылы қалыптасқан лексикалық тұлғалардың қалыптасу сызбасын төмендегіше көрсетуге болады:




Сонымен, көнеленген септік жалғаулы лексикалық тұлғалар — өз мағыналарын толық ашу үшін белгілі бір лексика-синтаксистік мәтінді талап ететін, тұлға жағынан тұрақталған, атауыштық қызмет пен модальдік қызмет атқаратын, семантикалық жағынан біртұтас бірлік.

Әдебиет:

1. Раманова А.А. Қазіргі қазақ тіліндегі сөз түбіріне кіріккен тәуелдік жалғаулары: филол. ғыл. канд. ... дисс. — Алматы, 2004. — 144 б.
2. Томанов М., Сайрамбаев Т. Қазіргі қазақ тіліндегі қыстырмалар. — Алматы, 1983. — 47 б.

# Қазақ тіліндегі анималистік фразеологизмдердің танымдық сипаты

Умирсериков Куаныш Акбарович, магистрант
Ғылыми жетекшісі: Нұрсұлтанқызы Жазира, филология ғылымдарының кандидаты, доцент
«Болашақ» университеті (Қызылорда қаласы, Қазақстан)

Қазақ халқының ұлттық ерекшелігі мен болмысын танытатын қазақ тілінің сүбелі қабаттарының бірі — төрт түлік мал атауларына қатысты фразеологизмдер деуге болады.

Қазіргі таңда тіл білімінде жаңа бағыт дамып келеді. Антропоцентристік парадигма өз шеңберінде бірнеше жаңа салалардың ғылыми негізін зерделеп-тануға ықпал етті. Соның бірі — когнитивтік лингвистика. Когнитивтік лингвистика тіл мен адам санасын, тіл мен танымдық жүйені біртұтас жүйе тұрғысынан қарастырады. Концепт — когнитивтік лингвистиканың категориясы болып табылады. Жалпы «концепт» термині когнитивтік лингвистика ғылымының қажеттілігінен туындай отырып, адамның таным әрекетімен, мәдени ақпаратымен ұштасады. Қ. Қайрбаева «Қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың символдық мәні» атты ғылыми еңбегінде тілдегі қалыптасқан символдық жүйемен ғаламның тілдік бейнесін өзара ұштастыра келіп, концепт жөнінде: «Концепт — әлем туралы жүйелі білімнің жеке тұлға тарапынан шындықтағы нысана туралы білетін, елестететін, ойлайтын фрагменті» — деп, ой түйеді [1, 50]. Қазақ тіліндегі поэтикалық мәтіндегі концептілердің ерекшелігін зерттеген А.Әмірбекованың пікірінше: «Концепт дүние құндылықтарын танытады; санадағы ұғымды бейнелейді, тіл арқылы объективтенеді; санада концептілік құрылымдар көмегімен репрезентацияланады; тұлғаның біліми деңгейін танытады; ұлттың мәдени болмысы мен менталитетін көрсетеді; әрбір ұлттың танымдық белгілерінің мазмұнын береді; тұлғаның танымдық стилін айқындайды» дегенді айтады [2, 101]. Зерттеуші С.Жапақов: «Концепт дегеніміз –индивидтің, тілдік ұжымның лингвистикалық қоғамдастықтың ақиқат туралы білім жүйесі болып табылады» [3, 47–48], — деп тұжырымдайды.

Қазақ тіл білімінде төрт түлік малға қатысты атаулар мәселесі Ш. Жанәбілов, Ә. Жақыпов, Т. В. Линко, С. Қ. Сәтенова, М. С. Бейсенова, Б. Тлепин, Р. З. Панзарбекова, Б. С. Тоқтағұл сияқты тілші-ғалымдардың диссертацияларында жүйелі сөз болады. Сондай-ақ, Х. Арғынбаев, Ж. Бабалықұлы, Е. Жанпейсов, О. Нақысбеков, Ә. Ермеков, С. Қасиманов, Қ. С. Ахметжанов, А. Тоқтабаев, Ж. Сейтқұлова т.б. ғалымдардың зерттеу мақалалары мен еңбектерінде төрт түлік мал атауларына қатысты мәселелер әртүрлі дәрежеде қарастырылды.

Тіліміздегі фразеологизмдердің мағыналық астарында халықтың ерте уақыттан бергі өмірінің бүкіл қыр-сыры жан-жақты сақталып суреттеледі. Халықтың күн-көріс, тұрмыс-тіршілік негізінде өрбіген түсінік пайымдаулары, соған байланысты қалыптасқан салт-дәстүр, әдет-ғұрыптар тілдік қолданыстағы тұрақты тіркестерден көрініс табады. Сондықтан тұрақты тіркестер халқымыздың ұлттық менталдық ерекшелігін бойына сіңірген басты мәдени байлығымыздың бірі болып есептеледі. Қазақ тіліндегі төрт түлік малға қатысты фразеологизмдер халықтың рухани-мәдениеті, әдет-ғұрыптары, салт-дәстүрлері, дүниетанымы, болмысы жөніндегі нақты ұғым-түсініктерді береді. Оларда тіл мен халықтың, тіл мен рухани мәдениеттің, тіл мн танымның өзара байланысы айқын көрініс тапқан. Қазақ тіліндегі фразеологизмдерді клгнитивтік тұрғыда зерделеу халық тарихын, әлеуметтік-экономикалық жағдайды, ұлттық-мәдени ерекшеліктерін, ойлау логикасын, ұлттың танымдық табиғатын егжей-тегжейлі танып-білуге мүмкіндік береді.

Негізгі өмірі мал шаруашылығымен тікелей байланысты болған қазақ халқы үшін төрт түлік малдың орны ерекше. Қазақта түйе, жылқы, қой, сиыр малын қосып төрт түлік деп атайды. Қазақ тіліндегі фразеологизмдер төрт түлік малдың сыртқы пішіні, мінез-құлқы, әдеттеріне сәйкес адамның ерекшеліктерімен бейнелі салыстыру, қатар қою негізінде пайда болған. Соның ішінде түйе малына қатысты фразеологизмдер адамның әртүрлі көңіл-күйін, мінезін, әлеуметтік және саяси қатынастарын және т.б. қасиеттерін білдіреді. Мысалы, уақытты, көлемді, салмақты, биіктікті т.б. анықтау негізінде туындаған тұрақты тіркестер: түйенің табаны түсер жер — Мекке қажылыққа барар өте алыс жер; адамның мінезіне, психологиясы мен іс-әрекеттеріне байланысты туындаған тұрақты тіркестер: түйе үстінен сирақ үйіту, түйе шешкендей ету, боз інгендей боздау т.б. Түйе ежелден киелі мал саналған, пірі — Ойсылқара делінеді.

Түйе, атан, бура, аруана, інген, тайлақ, бота, нарға байланысты қазақ тілінде фразеологизмдер көптеп кездеседі. Мысалы, нар атандай, нар еді, мұрнын тескен тайлақтай, елпеңдеу, қаңтардағы бурадай тісін қайрау, нар бурадай шабынды, жаңа аяқтанған ботадай, бота тірсек, шоқ басқан тайлақтай т.б. Боталаған нардай зарлады — еміренді, мейірімі түсіп егілді. Ботадай боздады — еңіреді, ағыл-тегіл көзінің жасын бұлады. Ботасын бауырына алған інгендей — жақсы көргеннен бойы еріп, барлық жан-дүниесі балқып еміренү. Бота тірсек бозбала — аяқты маймақ басып, былқ-сылқ еткен әлжуаз, қайратсыз жас. Бурадай бұрқылдады (зіркіреді, зіркілдеді, бұрқырады) — бұрқан-тарқан болып қатты ашуланды, қаһарланды. Жаман түйенің жабуындай — көбіне әбден тозығы жеткен, ескі, алба-жұлбасы шыққан сырт киім. Нарға жүгін салғысыз — өте күшті, өте ірі, қайратты деген мағынада. Нар бурадай шабынды — қатты айбат көрсетті, ашумен

шиыршық атты. Нар жігіттер (нар жандар) — нендей қиынға салса да нағыз біртума нар сияқты ауырсынбай көтере беретін, тапсырылған істі ойдағыдай етпейінше, тынбайтын, мықты, еңбекқор ер азаматтар. Түйе жолы жіңішке — жоғалған нәрсе, мал тез табылмады деген мағынада. Түйе кекірік — қатты тойып кеткенде еріксіз өрескел шығатын кекірік. Түйе қомында жүріп — күй таңдамайды деген мағынада. Түйенің мұрындық бер! салт. Ұзатылып келе жатқан қыздан бұйым сұрағанда айтылады. Баяғыда ұзатылып келе жатқан қыздың алдынан шығып қалған бір түйелі кісі, түйесінен түсе қап, мұрындықты бұйдасын керіп, «жол тосар түйемұрындығымды бер»-депті-міс, содан осы ырым-салт қалыпты.

Қазақ жылқыны «мал патшасы» деп қадір тұтқан. Жылқыға байланысты қолданылып келген фразеологизмдердің барлығы дерлік қазақ халқының ұлттық-мәдени ерекшеліктерінен хабар береді. Мысалы, жылқы түсар кез, бие сауымдай уақыт, ат арыды, тон тозды, ат арылтты (сабылтты), ат байлар (ұстар), ат байлады, ат басына күн туды, ат басына соқты (соғысты), ат басын бұрды, ат басындай, ат басын тартты, ат басын (тұмсығын) тіреді, ат бауырына алды, ат бойы, ат жақты, бес биенің сабасындай, бие бауындай жер, ат адым, құнан шаптырым, тай тұяқ алтын, ат басындай алтын т.б. Сонымен қатар жылқы малының дене мүшелеріне байланысты тұрақты тіркестер де тілімізде баршылық. Мысалы, Ат жалын тартып мінді — «адам болды, ер жетті, азамат болды». Ат құйрығына байлау — кінәлі адамның мойнына қыл арқан салып, аттың құйрығына байлап жіберу ертеден келе жатқан жазалау түрі. Ат кекілін (құйрығын) кесісті — «кетісті, араздасты, мүлде безді». Бұл фразеологизм қазақтардың ежелгі ат кекілін кесісіп, бәрінің көзінше (жұрт алдында) достық, туысқандық, бейбітшілік қарым-қатынастарды бұзу салты негізінде құрылған. Ат құйрығын түйісу — серттен қайтпаудың шартты белгісі.

Халқымыз көшпелі өмірінде күш көлігі ретінде ерте кезден пайдаланған төрт түліктің бірі — сиыр. Сиыр малы жайлы да тілімізде жеке атаулар мен тұрақты тіркестер, мақал-мәтелдер едәуір: өгіздей боп — үп-үлкен бола тұрып; өгіз сияқты — бас-көзге қарамай, киіп-жарып жүре беретін кісіге айтылады; өгіз қара күші бар — күшті, қарулы деген мағынады; өгіздей өкірді — үлкен кісінің қайғы-қусадан қатты жылауы; өгіз олжа, өгіз сыбаға — үлкен, мол сыбаға; өгізді өрге салсаң, қанатың салады — қинамау, қиынға салмау туралы т.б. Өгіз аяң — шабан жүріс, баяу қарқынды іс. Өгіз терісі талыс — үлкен, ауқымды. Әңгіме бұзау емгізер — құр, бос сөз зияға түсер. Бұзау тіс — ірі қылып өрген қамшының бір түрі (оны бұзау терісінен жалпақ етіп таспа тіліп, содан өреді). Бұқа — буға, азбан — дуға — құр кеуде, босқа тыраштану сөз болып отыр. Бұқа мойын — жуан мойын. Сиыр сәске — халықтық уақыт өлшемі, үлкен сәске, күн қызған шақ. Сиырдай мүйіздесті — өзара қырылысты, түртпектесті. Сиырдың бүйрегіндей бытырады — бет-бетіне, жан-жаққа тарап кетті, басы қосылмады, берекесі кетті. Сиырдың жапасы — сиырдың нәжісі. Сиырдың жорғасы секілденді (кекесін) — еп қуып, майда жүріске салды. Сиыр құйымшақтатты — аяқсыз қалдырып, берекесіз етті, соңы сұйылып кетті. Сиыр мінез — сүйкімсіз қылық. Сиыр тектес — жөн сөйлемейтін, қисық, қыңыр.

Қой-ешкіге байланысты фразеологизмдер де тілімізде өте көп. Мысалы, ақсабас айтты (шалды) — аруақтарды риза қылу мақсатымен құрбандыққа мал шалынған. Егер құрбандыққа қой шалынса, ол ақ түсті, басы сары немесе ақ болуы керек болатын. Әдетте малды сояр алдында қазақтар өздерінің батасында малдың түр-түсін «о аруақ, ай мүйіз, аша тұяқты» деп атап кетеді. Қозы құйрық қылды — діңкесін құту, шаршату. Қой ішіндегі марқа — өте жарамды, артық деген мағынада қолданады. Көктемде туған қозылар күзде жетіліп, қой кезіндегісі марқа делінеді. Бұл кезде марқа қозыларды союға болады. Марқаның еті тез піседі, әрі дәмді болады. Қазақ марқа деп барлық қозыларды емес, солардың ішіндегі ең қоңдысын айтады. Қонақ қойдан жуас — мейман барына ырза деген ұғымда. Қойға шапқан қасқырдай — қырып-жойып, тас-талқан қылу туралы айтылады. Қойдай шулады — қайғы-зарға батып, азан-қазан болды. Қозыдай көгендеді — шетінен тізді, танауынан тізді. Қой аузынан шөп алмайды — қой жуастық, момындықтың, бейбіт жағдайдың баламасы ретінде алынып, тілде осы мағыналардағы осындай тіркестер пайда болды. Қой баласын сүйеді қоңырым деп, еш нәрсені білмеген момыным деп. Осыдан келіп адамның жуасын, момынын қой аузынан шөп алмас, қойдан қоңыр деп айтады. Қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заман — бұл тіркес қазақтың ұғымында тыныштық, бейбіт заманды, әрі малға қолайлы кезеңді білдіреді.

Қорыта келгенде, төрт түлік малға қатысты көрініс тапқан тұрақты тіркестер өте көп. Әсіресе, төрт түлік малға қатысты тұрақты тіркестердің ішінен жылқы малына қатысты тұрақты тіркестер өте көп кездесетініне көзіміз жетті. Қазақ тіліндегі төрт түлік малға қатысты тұрақты тіркестерді когнитивтік тұрғыдан талдау — қазақы өркениеттегі ұлттық мәдениеттің табиғаты мен бітім-болмысын ашуда үлкен мүмкіндік береді.

Әдебиет:


1. Қайырбаева Қ. Қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың символдық мәні. Фил. ғыл. канд… дис: — Алматы: А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі иниституты, 2004. — 138 б.
2. Әмірбекова А. Концептілік құрылымдардың поэтикалық мәтіндегі вербалдану ерекшелігі (М.Мақатаев поэзиясы бойынша). Филол. ғыл. канд… дис: — Алматы: А.Байтұрсынұлы ат-ғы Тіл білімі иниституты, 2006. — 107 б.
3. Жапақов С. Эпикалық фразеологизмдердің когнитивтік негіздері. Филол. ғыл. канд… дис: — Алматы: А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, 2003. — 130 б.

# ФИЛОСОФИЯ

## Менеджмент пен маркетинг философиясы

Кенжебаев Жомарт Талгатович, студент
Ғылыми жетекшісі: Насимов Мурат Орленбаевич, саяси ғылымдарының кандидаты
«Болашақ» университеті (Қызылорда қаласы, Қазақстан)

Бүгінгі күнде ғылымның басқа салаларының қарқынды дамуы жаңа философиялық көзқарастардың пайда болуына әкелді. Бұл тұста экономикалық ғылымдардағы менеджмент пен маркетинг мәселелеріне соқпай кету мүмкін емес. Тұлғаның қоғамдық қажеттіліктер негізінде бейімделуі оның әлеуметтенуі құрылымындағы қажеттіліктерді зерттеу (маркетинг) мен басқаруды (менеджмент) меңгерумен байланысты.

Көптеген экономика саласының ғалымдары менеджмент пен маркетингті философия деп атап өткенімен, бұл ұғымдардың терең философиялық мағынасы мен дүниетанымдық тұжырымдамасын ашып көрсете алмады. Осы ғылыми мақалада танымның жалпы ғылыми әдістеріндегі пәнаралық тәсілдерді, жүйелі-құрылымдық, тарихи-философиялық, институционалды талдау әдістерін қолдану арқылы менеджмент пен маркетингтің философиясын тұлғаның әлеуметтенуі құрылымындағы мән-мағынасын айқындауға тырыстық.

XXI ғасырдың бас кезінде қоғамдық санада қоршаған ортада орын алып жатқан өзгерістерге байланысты сан түрлі үрейлер мен үміт отын тудыратын жағдайлар қалыптасты. Қазіргі Батыс, Шығыс және Қазақстан қоғамы өркениеттік, антропологиялық, жүйелік-экономикалық, экологиялық дағдарыстардың дәуіріндегі қатерлерге енді. Мұның орын алуындағы негізгі фактор социумның барлық процесінде адам рөлінің күшеюінде жатыр. Осы қарама-қайшылықты сипатқа ие процестер менеджмент пен маркетинг мәселелерін терең байыптылықпен бағалауды талап етті.

Бүгінгі күнде жаңа ақпараттық технологиялар кеңінен пайдаланылып жатқан қоғамның адамзаттық қызметінің барлық салаларындағы басқаруда түбірлі өзгерістер орын алып жатыр. Менеджменттің жоғары тиімділігін арттырудың негізі адам табиғатын тану болып табылады. Сондықтан басқару стратегиясының өзгерістері айқындалып, ақпараттық қоғам құрудағы адамзаттық өлшем туралы да айта кетуіміз қажет.

Бұл мәселені талдау менеджмент пен маркетингтің интеграцияланған концептуалды негіздерін өз деңгейінде зерттеумен байланысты және оның өзектілігін келесі себептермен көрсетеміз.

*Біріншіден,* ақпараттық қоғамның қазіргі дамуында жаһандық ақпараттық технологиялардың орны ерекше. Қазіргі ақпараттық технологиялар экономикалық мәселелерден бастап әлеуметтік-саяси мәселелерге қатысты ақпарат түрлерін сандық дәрежеде көрсетеді. Бұл адам бостандығына ықпал ететін басқару мен нарықтық зерттеулердің ерекше әдістері болмақ.

*Екіншіден,* әлемдік экономиканың жаһандану тенденциясы энергетикалық және экологиялық дағдарыстарға әкелді. Жүйелік әлем адамзат өмірін құрылымдық тәуелділікке әкеліп, адамның рухани әлемі электрондық байланыс құралдарымен байланыстырылды және шектелді.

*Үшіншіден,* қазіргі менеджмент пен маркетинг салаларында корпоративті соғыстар мен стратегиялық теориялар қалыптасу жолында. Бұл еліміздегі әлеуметтік, саяси, мәдени, этикалық мәселелер төңірегіндегі тың идеяларды қажет етеді.

*Төртіншіден,* постиндустриалдық қоғамның ақпараттық құрылымының негізгі тенденциялары қалыптасу үстінде. Бұл қоғамның негізгі ерекшелігі адамның тұлғалық, тәжірибелік потенциалын жоғарылатуға көмегін береді.

*Бесіншіден,* әлеуметтік процестерді басқаруда халық, мемлекет, үкіметтік емес ұйымдардың өзара тайталасу белгілері байқалды. Бұл басқару философиясының әдістемелік қимылын негіздейді.

Жалпы менеджмент философиясы — бұл адам мен қоғам табиғаты туралы, мінез-құлықтық негіздегі басқарудың міндеттері мен моральдық принциптеріне қатысты көзқарастар мен идеялардың жиынтығы. Егер жаңа заман басқарушысы менеджер өз ойындағыдай іс-әрекет жасай алмаса, ол нақты көрсеткіші бейнеленген философияның иесі емес. Сыпайылық белгі көрсететін кез келген тұлғаның терең мағыналы өзіндік философиясы болуы қажет. Іскер көшбасшылар басқарудың философиясын нақтылап алмай жетістікке жете алмайды.

Себебі, олардың қимылдарын тек басшы ғана емес, қоғам мүшелері де қабылдауы тиіс деп ойлаймыз.

Менеджмент теорияларының басқару ғылымы ретіндегі ертедегі көзқарастары бүгінгі күндегі қолданыс аясы онша көп емес. Соның өзінде оның көптеген идеялық бөліктері қазіргі басқару тәжірибесіне өз ықпалын тигізіп жатыр. Тұлғаның әлеуметтену құрылымын тереңінен ұғыну үшін оның даму сатыларына байланысты тарихи сараптама жүргізген абзал деп ойлаймыз.

Индивидтің еңбекке деген талпынысы ақшалай марапаттауға сүйенеді деген теорияның негізін қалаған Адам Смит еді. Ол қызметкерлердің алатын ақысынан басқа қажеттіліктеріне мән бермеді. Сондықтан бүгінгі күнде тұлғаны әлеуметтендіру жолында ынталандырудағы бір бағыттылық көзқарас түрлі деңгейдегі түсініспеушіліктерге әкелуі мүмкін. Тиімді қызмет атқару үшін қоғам мүшелерінің қажеттілігін толықтай қанағаттандырып отыруы қажет. Дегенмен, бүгінгі заманның адам санасында ақша барлық мәселені шешеді деген қате пікір қалыптасып отырғандығын қынжыла айта аламыз.

Фредерик Тейлор және оның замандастары Генри Гантт, Фрэнк және Лилиан Гилбрет *«ғылыми менеджмент»* аталатын танымал теорияны қалыптастырды. Бүгінгі күнде бұл теория қоғамдық өмірдің барлық сатыларында кеңінен қолданылады. Ф. Тейлор ғылыми позициядағы өндірістің тиімсіздігін сынай келе, азаматтарды келісім-шарт негізінде ақы төлеуге қарсылық білдірді. Бұл бұқаралық өндіріске көп салалы дағдының қалыптасуына ықпал етті. Сонда да Ф. Тейлор А. Смит секілді экономикалық ынталандыру бірінші болуы тиіс деп қорытып, ол саналы түрде менеджерлердің өз қызметкерлерінің қажеттілігін қанағаттандыруға мүдделі емес екендігін баса айтқан болатын.

Макс Вебер еңбек қызметін байланыстыруда ұйымдастырушылық құрылымды пайдаланудың үлкен тиімділігін таныды. Оның пікірінше, қоғамды, қоғамдық пікірді басқару үшін нақты биліктің иерархиялық бөлінісі қажет. М. Вебер және басқа да сол заманның теоретиктері менеджменттің әкімшілік-бюрократиялық мектебін қалыптастырды. Мұның негізі қатал ережелерге сүйенген және тәртіптікке бағытталған нормативтік бюрократияда жатыр.

Карл Маркс бұл теорияға қатысты бірінші рет топтар арасындағы таптар мен мәртебелердің айырмашылықтарын анықтады. Ол бөлінудің үш критериі ретінде экономика, билік және престижді ұсына отырып, оны бірліктеріне сәйкес тап, партия және мәртебелік топтар стратификациясын бөліп берді. Өзінің мәртебелік тобын қоғам арасында мойындау жағдайын қалыптастыруға ұмтылып отырған әр қауым мамандық ерекшеліктеріне сай өз стратасын құрады.

Қазіргі басқарудың технологияларындағы алға жылжу XX ғасырдың 20-жылдарында орын алды. Бұл жаңалықтар кез келген компанияда біріккен ресми емес топтардың көбеюіне байланысты менеджер әрқайсысының қажеттілігін түсінумен қатар пайда болды. Азаматтардың іс-әрекетін ынталандыруда ақшадан бөлек нормалар қажеттілігі айқындалып, менеджменттегі азаматтар қатынасының теориясының қалыптасуына өз әсерін тигізді.

Менеджмент теориясының жаңа ұғымы 40-шы жылдары пайда болып, оның өзі әлі күнге дейін өзектілігін жоғалтпады. Оның ішінде *«кездейсоқтық теориясы»* мен *«жүйелер теориясы»* секілді тұжырымдамалардың маңызы зор. Адам мінез-құлқын зерттеуші ғалымдар индивидтердің қажеттілігі және оларды сәтті мотивациялау жолдарындағы ізденістерін әлі күнге дейін жалғастыру үстінде. Осының нәтижесінде кез келген қоғамдық ұйымда ішкі құрылым мен саясатты жасақтап отыруға көмек беретін психологты жалдап отырғанын дұрыс санаймыз.

Менеджмент теорияларының ерте абсолютті түрлеріне қарама-қарсы «кездейсоқтық теориясы» қалыптасып, ол басқару тәжірибесіндегі оңтайландыруға жетуді мақсат етіп қояды. Оның негізі оқиғалық дағдыда жатыр. Бұл тұста менеджерлер өз әдістерін әр құрылымдардағы ішкі және сыртқы оқиғалық өзгерістерімен ұштастырып отырады. Себебі, бүгінгі нарықтық заманда бәсекелестік шарттары үнемі өзгеріп отырғандықтан, қоғам мүшелерінің іскерлік қажеттіліктері мен қасиеттері өзгеріп отыруы тиіс.

«Жүйелер теориясы» тұжырымдамасы бойынша менеджерлер ұйымның барлық бөлімшелерін біріктіруге ұмтылыс жасауы қажет. Бұл теорияның негізгі философиясы — мәселе де, мүмкіндік те тек себеп-салдарда емес. Осы себеп-салдардың тек біреуі негізінде шешім қабылдауға болмайды. Бұл әдісті өмірде пайдаланудың тиімді жағы ретінде қалыптасып қалған дәстүрлілікті жеңуге итермелейді.

Аталмыш теорияны қолдану барысында басқарудың тактикасына маркетинг тұжырымдамаларын енгізе аламыз. Елімізде нарықтық белсенділік ұзақ уақыт қарапайым түрде жүрді. Жарнама негізгі қаржы көзі болғандықтан барлығымыз жарнамаға көп көңіл бөле бастадық. Бұл тұста қажеттіліктерді қанағаттандыруға бағытталған маркетинг тұжырымдамалары кеңінен қолданылып жатқанын айта кетуіміз қажет.

Экономика ғылымдарының докторы А. Кендюховтың пікірі бойынша: «маркетинг философиясы — бұл бизнес өнімі емес. Оның негізінде Платон (идея болмыстың негізі ретінде), Шопенгауэр (өмір-талпыныс, талпыныс-мәңгілік азап), Ницше (билікке ұмтылыс адам тіленішін қанағаттандырудың көзі ретінде, мәңгілік қайталау адам сұранысының қалауы ретінде), Ле Бон (бұқаралық санаға ықпал ету үздіксіз бекіту мен қайталауда жатыр), Вельдер (агрессивтілік және оның біліну формалары) еңбектері жатыр [1].

Жалпы маркетинг философиясының негізгі категориясы ретінде адамзат қалауы болып табылады. Тұтынушы, айырбас немесе нарықтық қатынас маркетингтің қозғаушы күші деген пікір үлкен қателік туғызады. Адамзат қалауы, қажеттілігі маркетингтің негізгі философиялық бастауы. Кез келген ой-пікір

адамзат рухын жаулап алатын қару. Маркетингтік философия қоғамдық өмір қажеттіліктерінің мақсатын трансформациялайтын құбылыс.

Қоғам өкілдерінің көпшілігі маркетингті тереңінен қабылдамайтындығы жасырын емес. Мұндай пікірді ұстанушылардың негізгі ойы адамзат қызметінің саясатына қатал коммерциялық нарық кезеңіндегі экономикалық факторлар әсер етпеуі тиіс екендігінде жатыр. Олар үшін өнімдік материал жинақтайтын, әсемдейтін және сатылатын тауар емес. Дегенмен, жетістікке жеткен менеджерлер тәжірибесі бойынша олар нарықтық заманның талабына сай жасалған жоспарларын негізге ала отырып, халық сұранысы негізінде нәтижелі қызмет атқарып отырғандар да баршылық. Бұл тиімді басқару жүргізудегі маркетингтік қызметтің жетістікке жетудің басымдықтары екендігін тәжірибе көрсетіп отыр.

Осы тұста маркетинг мәніне қатысты Джек Трауттың «Маркетингтік соғыстар» еңбегіндегі мәселелер турасында айта кетуіміз қажет. Оның пікірінше: «адамзаттың барлық қажеттіліктері айқындалып болды және барлығы тауар немесе қызмет түрлерімен қанағаттандырылды. Анықталмаған қажеттіліктер жоқ. Маркетингтің мәні — бәсекелесуші компаниялардың тұтынушы үшін күресі. Жаулар бар — бұл бәсекелес фирмалар, әскери трофей бар — бұл тұтынушы, шайқас жүргізетін алаң бар — бұл тұтынушылар санасы» [1].

Қорыта келе, менеджмент пен маркетинг бүгінгі күнде қоғамның барлық құрылымын, өмірдің барлық салаларын қамтитын стихиялық философия. Бұл тұлғаның әлеуметтенуі құрылымына ықпал ететін саясатта, бизнесте, бұқаралық ақпарат құралдарында, дінде, мәдениетте, спортта, армияда және т.б. маңызды қоғамдық салаларында қолданылатын қатал тәжірибелік философия. Философиялық зердемен экономикалық процестерді байланыстырғанда ғана постмодерндік идеялар туындайды. Осы тұрғыда басқару саясатымыз қандай ғылым саласы болсын өз жемісін береді. Әлемдік жаһандану заманында, дағдарыс уақытында кеңістіктегі жаңа идеяларды туындатып жатқан адам санасы. Ендігі жерде бұл санадан шыққан әрбір ой, әрбір әрекет әлеуметтік ортаға, халыққа тигізер пайдасы болмаса, онда ғасырлардан сақталып өз мұрасын байытқан философиялық құндылығымыз жойылады. Сондықтан осы жаһандану заманында менеджмент пен маркетингтің философиясын тереңінен игермей, тұлғаның әлеуметтенуі құрылымындағы дамудың жаңа сатыларына жету қиынға соғатыны ақиқат.

Әдебиет:

1. Кендюхов А. Философия маркетинга и общества потребления: начало новой цивилизации или начало конца? // Остров. — 2009. — 18 сентября.

## ИНФОРМАЦИЯ ОБ УНИВЕРСИТЕТЕ «БОЛАШАК»

Реализуя инициативы Главы государства Н.А. Назарбаева, университет «Болашак», имеющий 19-летний опыт подготовки кадров в области образования, бизнеса, инженерии, сельского хозяйства и других специальностей, стремится к удовлетворению потребностей работодателей в специалистах, обладающих логическим мышлением, способных адаптироваться к изменяющимся условиям мирового рынка в условиях глобализации. Прием в Университет осуществляется по государственным образовательным грантам и на договорной основе. Подготовка специалистов осуществляется по 42 специальностям бакалавриата и 6 специальностям магистратуры. Университет включает 3 факультета, 10 кафедр, 2 колледжа.

Как учебное заведение Университет видит свою миссию не только в передаче имеющихся знаний, но и наработке новых знаний на основе достижений науки. При таком подходе в научный поиск вовлечены не только преподаватели, но и большинство студентов, а также магистранты университета. Сегодня Университет «Болашак» является исследовательским университетом инновационного типа.

Университетом проводится работа по созданию и внедрению совместных образовательных программ с зарубежными вузами. Так, с целью творческого сотрудничества университет подписал договора о сотрудничестве с Аэрокосмическим институтом, институтом Аэронавигации Национального авиационного университета Украины, Федеральным государственным бюджетным образовательным учреждением высшего профессионального образования «Московским государственным университетом экономики, статистики и информатики (МЭСИ)», университетом Экономики и предпринимательства (Кыргызстан), научно-издательским центром «Социосфера» (Чехия), издательством «Молодой ученый» (Россия), центром социально-политических исследований «Премьер» (Россия), ORT Publishing (Германия), Cibunet Publishing (США) и т.д. В договорах рассматриваются конкретные мероприятия по развитию сотрудничества в области учебно-методической и научно-исследовательской деятельности; повышению квалификации и организации стажировок профессорско-преподавательского состава; а также по реализации совместных образовательных программ бакалавриата и магистратуры.

Увеличивается количество зарубежных публикаций ППС, в том числе в научных изданиях с высоким импакт-фактором. За 2013 год за рубежом опубликовано свыше 38 научных статей ППС университета. Основные результаты исследования опубликовались в России, Чехии, Польше, Болгарии, Германии, США, Пакистане, Южной Корее, Испании, а также в рецензируемых журналах, которые имеют SJR (Scopus, Elsevier и т.д.).

## INFORMATION ABOUT «BOLASHAK» UNIVERSITY

Realizing initiatives of the Head of state N.A. Nazarbayev, the «Bolashak» University having 17 years' experience of training in the field of education, business, engineering, agriculture and other specialties for Kyzylorda area, achieves for satisfaction of needs of employees in the experts of possessing logical thinking, capable to adapt for changing conditions of the world market in the conditions of globalization. The university train 42 specialties of a bachelor degree, 6 specialties of a master. It includes 3 faculties, 10 departments and 2 colleges.

The university predict its mission not just having the knowledge as an institution, but also having the new achievements in sciences. In research not only the teachers are involved, but also students and masters of university. As a result, today «Bolashak» University is one of the innovation types of research work.

The presence of the international joint educational programs by university is conducted work on creation and introducing the joint educational programs with foreign high schools. For example, university has signed the agreement on cooperation with Aerospace institute and institute to Aeronavigations National aircraft university of the Ukraine, has signed the agreement on strategic partnership with Federal state budgetary educational institution of the high vocational training «Moscow state university of the economy, statistics and informatics (MESI)» and Erevan branch of the federal state budgetary educational institution of the high vocational training «Moscow state university of the economy, statistics and informatics (MESI)», one more agreement is signed in this year about cooperation between university «Bolashak» and university of the Economy and enterprise (Kyrgyzstan), with press «Young scientist» (Russia), with center of social-political researches «Premier» (Russia), ORT Publishing (Germany), Cibunet Publishing (USA). Permanent cooperation is provided in agreement between university in the field of scholastic-methodical, research and cultural activity; in increasing of the qualifications and organizations of the periods of trial professorial-teaching composition; in realization of the joint educational programs bachelors and the masters.

The quantity of foreign press of teaching staff is improving. 38 articles of teaching staff are published in foreign countries like Russia, Czechia, Poland, Bulgaria, Germany, Pakistan, the South Korea, Spain in 2013.

There are many articles which are published in reviewed journals like SJR (Scopus, Elsevier etc). The results of scientific research work of professor-training staff is actively being developed and implemented in the educational process.

# Молодой ученый

Ежемесячный научный журнал

№ 2.1 (61.1) / 2014



Редакционная коллегия:

**Главный редактор:**
Ахметова Г. Д.
**Члены редакционной коллегии:**
Ахметова М.Н.
Иванова Ю.В.
Лактионов К.С.
Комогорцев М.Г.
Ахметова В.В.
Брезгин В.С.
Дядюн К. В.
Котляров А.В.
Яхина А.С.
Насимов М.О.
**Ответственный редактор:**
Кайнова Г.А.
**Международный редакционный совет:**
Айрян З. Г. (*Армения*)
Арошидзе П. Л. (*Грузия*)
Атаев З. В. (*Россия*)
Велковска Г. Ц. (*Болгария*)
Гайич Т. (*Сербия*)
Данатаров А. (*Туркменистан*)
Досманбетова З. Р. (*Казахстан*)
Ешиев А. М. (*Кыргызстан*)
Игисинов Н. С. (*Казахстан*)
Лю Цзюань (*Китай*)
Нагервадзе М. А. (*Грузия*)
Прокопьев Н. Я. (*Россия*)
Прокофьева М. А. (*Казахстан*)
Ребезов М. Б. (*Россия*)
Хоналиев Н. Х. (*Таджикистан*)
Хоссейни А. (*Иран*)

**Художник:**
Шишков Е. А.
**Верстка:**
Бурьянов П.Я.



Статьи, поступающие в редакцию, рецензируются.
За достоверность сведений, изложенных в статьях, ответственность несут авторы.
Мнение редакции может не совпадать с мнением авторов материалов.
При перепечатке ссылка на журнал обязательна.

Материалы публикуются в авторской редакции.



Адрес редакции:

420126, г. Казань, ул. Амирхана, 10а, а/я 231.
E-mail: info@moluch.ru
http://www.moluch.ru/

**Учредитель и издатель:**
ООО «Издательство Молодой ученый»

ISSN 2072-0297

Тираж 1000 экз.

Отпечатано в типографии «Ваш полиграфический партнер», 127238, Москва, Ильменский пр-д, д. 1, стр. 6